

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША
«МӘҢГІЛІК ЕЛ ТАҒЫЛЫМЫ»
ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ХРЕСТОМАТИЯ ПО ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ ТАҒЫЛЫМЫ»

Астана
2017

Пікір берушілер:

Байназарова Т.Б., п.ғ.к.

Ерназарова З.Ш., меңгеруші

Есмағанбетова Л.А., әдіскер

Көркем әдебиет бойынша «Мәңгілік Ел тағылымы» хрестоматиясы.
— Астана, 2017. — 196 бет

Бұл жинақта мектепке дейінгі жастағы балаларға әңгімелеуге, оқып беруге, мазмұндауға, жаттауға ыңғайлы көркем әдебиет шығармаларының түрлі жанлары қамтылған. Мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндерді ізгілікке, мейірімділікке, қайырымдылыққа, рухани адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған.

Хрестоматия мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қауымға, ЖОО мен колледждердің студенттеріне арналған.

Көркем әдебиет бойынша «Мәңгілік Ел тағылымы» хрестоматиясы ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2017 ж. 05 тамыз №6 хаттама).

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2017

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Ұлттық идея бүгінгі күні мемлекетіміз үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болу керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлттық мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы», — деген болатын.

«Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деп Елбасымыз атап көрсеткендей, тәуелсіздіктің тұрақтылығы мен мәңгілігі қазіргі ұрпақтың оны түйсініп, түсінуінде. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне сіңіру бүгінгі педагог қауымына жүктелер жауапты міндет болып табылады.

Қазақ халқы ерте заманнан бастап, бала тәрбиесіне өте ерекше көңіл бөлген. Ата-бабаларымыздың осындай жауапкершілігі жоғары ізгі істерін сабақтастықпен жалғастыруды бүгінгі күні мемлекетте алдымызға қойып отырғанын «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы негіздерінің білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі болып саралануынан аңғаруға болады. Ал Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласының жариялануы рухани жаңғырудың жолдарын тізбектеп, бағыттарын аша отырып, аталған мәселенің салмағын айшықтай түсті.

«Тәрбие тал бесіктен» деген екен дана халқымыз, сондықтан балалармыздың бойында халқымыздың тағылымы мол тарихы мен салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды, мейірімділік пен қайырымдылық, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерін дарыта білсек еліміздің ертеңі болашақ ұрпақты тәрбиелеуде бүгінгі қоғамның алдымызға қойған міндеттерін шешіп, еліміздің болашағына қосқан үлесіміз ұшан теңіз болары сөзсіз.

Халқымыздың ғасырлар бойы сұрыпталған рухани ұлттық құндылықтары мен биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан жалпыадамзаттық құндылықтарды мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру процесіне енгізуде педагогтар мен ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Мәңгілік Ел тағылымы» хрестоматиясы әзірленді.

Әдістемелік құралдың мақсаты — «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде білім беру процесін қолдау және қажетті әдеби шығармалармен байыту.

Міндеттері:

- балаларда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру;
- мектеп жасына дейінгі балаларға шығармаларды іріктеу;

- педагогтар мен ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру процесіне өтпелі тақырыптар енгізілген, ал аталған хрестоматиядағы көркем әдебиет шығармалары осы өтпелі тақырыптар негізінде және мектеп жасына дейінгі балалардың жастарына сәйкес жинақталған.

Хрестоматияда халық ауыз әдебиетінің алтын қорындағы бесік жырынан бастап, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, санамақтар және қазақ балалар әдебиетінің негізін салған Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған әңгімелерінен бастап қазақ балалар әдебиетінің өркендеп дамуына сүбелі үлестерін қосқан М. Әлімбаев, Ө. Тұрманжановтың, Қ. Мырза Әлі, Т. Молдағалиевтің және т.б. тақпақтары, өлеңдері мен әңгімелері балалардың сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын байыту, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында молынан берілген.

Хрестоматияда берілген материалдар өтпелі тақырыптарға сәйкес бірнеше шағын тақырыптар бойынша шығармаларды қамтиды. Мысалы, «Балабақша» өтпелі тақырыбына сәйкес жалпы балабақша, тәрбиеші, ойыншықтар, достар, жиһаздар туралы материал берілген болса, ал «Салт-дәстүрлер және фольклор» өтпелі тақырыбына сәйкес салт-дәстүрлер, ертегілер, театр әлемі тақырыптары жан-жақты қамтылған.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың негізінде балаларды тәрбиелеу бүгінгі жас ұрпақты ұлттың тұнып тұрған асыл мұрасымен сусындатып, оларды отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін мақтан тұтатын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеуге ықпал етеді.

БАЛАБАҚША

1. Менің балабақшам
2. Менің достарым
3. Менің сүйікті ойыншықтарым
4. Жұһаздар

Біздің балабақшада

Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай өсіріп,
Мәпелейді бақшамыз.

Бұл – екінші үйіміз,
Бір туғанбыз бәріміз.
Біз – осы үйдің гүліміз,
Біз – осы үйдің сәніміз.

М Әлімбаев

Балабақша – үйіміз

Балабақша – үйіміз,
Ағалардан сыйымыз.
Серуендеп шығамыз,
Таза ауаға жиі біз.

Ауласында ойнаймыз,
Ойнап қана қоймаймыз.
Жаңа қоныс – жаңа үйді
Әнге бөлеп тоймаймыз.

Ғ.Өтеев

Балабақша

Тамаша ғой бақшамыз,
Саяхатқа шығамыз.
Алға басып келеміз,
Бәрін, бәрін білеміз.

Е.Өтетілеуұлы

Балабақша

Ойыншықты жинаймыз,
Бөбектерге сыйлаймыз.
Үлкен болып өссек те,
Бақшамызды қимаймыз.

А.Меңжанова

Балабақша

Балабақша базарлы үй,
Ауылдағы ажарлы үй.
Шаттығы бар шуақты,
Өз үйіміз сияқты.

Ә.Қонарбаев

Мен бақшаға барамын

Мен бақшаға барамын,
Ойнаймын, ән саламын.
Тәрбиеші апайлар,
Досы барлық баланың.

Араздықты білмейміз,
Тамақты да бір жейміз.
Жаман бала секілді,
Жұлқысып біз жүрмейміз.

Ф.Оңғарсынова

«Балабақша»

Мамаңа еріп келдің сен,
Папаңа еріп келдің сен.
Қаладағы ең жақсы үй,
Балабақша мен білсем.

Себебі ме, себебі,
Себебі ме, себебі.
Барлық мама келеді,
Барлық папа келеді.

Е. Ашықбаев

«Менің бақшам»

Бәрі де бар бақшада
Ойын бөлме,
Асхана,
Орындық та,
Тақта да.
Заттар да көп бақшада
Жүрем кейде қапа боп
Мазалайды көп сұрақ
Кілең татей
Ата жоқ
Әжелер де жоқ бірақ.

Ө. Ақылбеков

Балабақта

Бағында бұл балалар
Іні,
Әпке,
Аға бар.
Ойыншықтар мол онда:
Машина,
Арпа,
Шана бар.
Жазатұғын тақта бар,
Кісінейтін ат та бар,
Үйретеді тақпақ та,
Жаңылыспай, жаттап ал.
Айтып ертеқ, әңгіме,
Үйретеді әнді де
Беріп кәмпит,
Тамақ та,
Оқытады сабақта.

С.Оспанов

Біздің балабақшада

Есік ашық, бақсаңыз,
Әсем балабақшамыз.
Аспанында күн кешкен,
Ауласында гүл де өскен.
Ағаштары саялы,
Жапырағын жаяды.
Айналаның сәнімен,

Балабақша

Балдырғанды мәпелер,
Бақшада бар тәтелер,
Қолымыздан жетектеп
Бізді сонда әкелер.
Өз үйіміз анамыз,
Күнде – күнде барамыз.
Достарменен табысып,
Қуанысып қаламыз.

С.Мұғамедиев

Қайырлы таң, балалар!

Арайланып таң атты,
Алтын шапақ таратты,
Қайырлы таң, балалар!

Жер бетінде тыныштық
Болған әрбір күн ыстық!
Қайырлы таң, балалар!

Жарқырады қаламыз,
Жайнай түсті даламыз,
Қайырлы таң, балалар!

Аман Отан – панамыз,
Аман ата-анамыз,
Қайырлы таң, балалар!

Ә.Табылды

Тәрбиеші апай

Көңілді көкке өсіріп,
Қалмады ешкім тосылып.
Бір әуенді шырқадық,
Бүкіл бала қосылып.
Сүйіп, сүйсіне қараңыз,
Сәбилерге бәрі аңыз.
Қағаз, қалам ұсынса,

Танысамыз бәрімен.

Тақпақ жаттап сан қилы,
Үйренеміз ән-күйді.
Батыр болсаң, дайындал.
Ойналады ойындар.

Тәрбиеші апайға:
«Рақмет!»-деп айтамыз.
Кешке қарай қалай да
Қөнілденіп қайтамыз.

Б. Жақып

Ойыншықтар

Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар тындайды,
Ақыл айтсақ, бұйырсақ.

М.Әлімбаев

Қуыршақ

Жуын, жуын, жуынсақ
Қандай жақсы қуыршақ!
Әйтпегенде, бөпешім
Кірлеп кеткен екенсің
Қазір аппақ боласың
Қуанады анашың

М.Жаманбалинов

Қуыршақ

Жібек көйлек киінген,
Қуыршағым құлпырып.
Келбетіне сүйсінем,
Қолыма алып ынтығып.
Күні бойы қасымда,
Қызығына тоймаймын.
Бантик тағып шашына
Еркелетіп ойнаймын.

Ә.Қасымбеков

Ойыншықтар

«Сәндеп» берген сәлемін,
Ойыншықпен ойнаудан
Жалықпайды Жәнелім.

Қырдың көркі киікті,

Қиялдап сурет саламыз.

Өнегелі із көрдік,
Өзімізше іздендік.
Тәрбиеші апайдың
Тәртібіне біз көндік.

Н. Мұқатов

Ат

Ойыншығы- тұлпары
Қанатты аты- сұңқарын
Болат күтіп-баптайды,
Бір құшпай оны , жатпайды.

Е.Өтетілеуұлы

Доп

Добым менің домалақ,
Тоқтамайсың домалап.
Үстел үстін бүлдірдің,
Ыдыстарды сындырдың.
Тентек болып кеттің деп,
Тұрмыз сені тепкілеп.

Ұ.Есдәулетов

Сылдырмақ

Сылдырмақ сылдырап,
Бесікте тұрады.
Бөпешім былдырап,
Сылдырмақ ұрады.
Бас салып, қолға алып,
Ауызға салады.
Сол кезде сылдырмақ
Сөйлемей қалады.

Ж.Смақов

«Қуыршақ»

Жетелесем – жүрмейді,
Қуыршағым жалқау,
Ешбір тілді білмейді,
Аузын ашқан аңқау.

Аққу, қазын сүйікті
Маңайына жиыпты.
Түзде жортқан тағылар,
Аю, қасқыр, арыстан,
Түлкі, қоян бәрі бар.
Арғымағы арқырап,
Қоссаң егер бәйгеге,
Шапқан жерін шаң қылад.
Бастауы ол бәрінің,
Ойыншықтар баланың
Кеңейтеді танымын.

Ж. Әбдіреев

Жуынбайды жуынсақ,
Бұл не деген қуыршақ?
Тығылмайды тығылсақ,
Бұл не деген қуыршақ?
Бір,
Екі,
Үш,
Төрт,
Бес,
Қуыршақтың тұсауын кес!
Қуыршағым қаз – қаз
Қыдырайық аз-мәз.

Ұ. Есдәулет

Әр бояудың мәні бар

Жоқ санамда ой бөтен,
Бояуларды сөйлетем.
Қалай сурет салуды
Бауырыма үйретем.

Әр бояудың мәні бар,
Жарасымды сәні бар.
Кемпірқосақ келбетін,
Бояулардан танып ал.

А. Шаяхмет

Сурет салу оңай ма?

Сурет салу оңай ма?
Жұртқа өнерің ұнай ма?
Мұның бәрі түк емес
Талаптыға алайда.

А. Шаяхмет

Бояулар

Алуан түсті ажырата білемін,
Сан бояумен сурет салып жүремін.
Жасыл түспен боялыпты атырап,
Жасыл шалғын, жасыл барлық жапырақ.
Аппақ қарды балаймын ақ мақтаға,
Екі көзім қарақаттай қап-қара.
Жердің жүзі жадыраса көктем кеп,
Аспан мен жер болады екен көкпеңбек.
Қызыл гүлдер қалада да өсе ме,
Қызыл көйлек киіп шықтым көшеге.

А. Шаяхмет

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң

бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?

Ауру айтты дейді:

- Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

Ы. Алтынсарин

Адал дос

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын.

Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді.

Абыз:

— Аблан, қаш, әне ит келіп қалды! — деп қатты қорқып, айғайлап жіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды.

Абыз Абланның жанына келіп:

— Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенінде шалбарыңды ит жыртып тастамас еді, — деді.

— Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, — деді Аблан.

— Дос деген осындай болар, — деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.

М. Төрежанов

Атасының ақылы

— Төкенмен келісе алмай қалушы едің, қазір араларыңнан қыл өтпейтін болыпты ғой, Еркінім?! - деді бірде атасы.

— «Қыл өтпейді» дегенді түсінбедім, ата? - деп таңырқады немересі.

— «Тату-тәтті дос болыпсың» дегенім ғой.

— Кездескен сайын кәмпит берсе, онымен кім дос болмайды!

— Мен ешкіммен тамақ үшін дос болып көргенім жоқ, балам. Достықтың тамыры тереңде. Адал, ақылды балалармен дос бол! Адамға жақсылық жасаудың өзің бақыт санайтын адамдармен ғана дос бол! - деді атасы сонда.

С. Сейтенов

Қуыршақ

Сәлия өзінің құрбысы Әлиямен бірге көл жағасына келді. Сәлия құмға саз балшық араластырып қуыршақ жасады. Онысы әп-әдемі болып шықты. Шыбықтан аяқ-қолын орнатты.

— Мына қуыршақ қалай, Әлия? Адамға ұқсай ма? — деді Сәлия құрбысына.

— Өзің шеберсің ғой. Әдемі екен. Маған да бір қуыршақ жасап берші!

Сәлия қуыршағын кептіріп қойды да, Әлияға арнап қуыршақ жасауға кірісті. Бұл қуыршақты да жасап бола бергенде, кенет дауыл тұрып, көл бетінде толқындар ойнай бастады. Отырған тұстарына толқын келіп қалған соң, екі қыз жағадан әрірек барып тұрды.

Жел саябырлап, көл сабасына түсті. Сәлия орнына келіп, қуыршағын қарап еді, толқын тып-типыл етіп жуып кетті.

Сәлия жылап жіберді.

Сен неге жылайсың? Оған сенің нең шықты? Менің әкем дүкеннен сатып әперген қуыршағымды да толқын алып кетті. Мен жыламай-ақ тұрмын ғой, - деді Әлия оны жұбатып.

— Мен еңбегімнің еш болғанына жыламаймын.

— Жыламашы. Ренжімеші. Ана қолыңдағы маған деген қуыршақты өзің ал, маған бермей-ақ қой!

— Жоқ. Мен екі айтпаймын. Мұны сен ал! - деп, Сәлия жылауын қойып, қуыршақты Әлияның қолына ұстата берді.

Мәдіхат Төрежанов

Санжардың ойыншықтары

Санжар бес жасқа толғанда, әкесінің достары Санжардан он есе келетін ақ аю әкеліп, сыйға тартты. Түрнекші маймыл, кісінеген тұлпар, зырылдаған мәшине, ұшақ, тікұшақ... Ойыншықтардың түрі көп. Әсіресе әкесі мен анасының сыйға тартқан пойызы Санжарға қатты ұнады.

Санжардың Әскербек көкесі теміржолды құрастырып, тепловозға вагондарды тіркеп, іске қосып еді, пойыз музыкалатып, жарығын жарқыратып, жолға түсті. Санжар қауна ойнап, шаршады да кеш жатып, ұйықтап қалды.

Ертесінде Санжар балабақшаға кетті. Оның бөлмесіне кіріп келген әкесі «апатқа ұшырап» жатқан пойызды ойран-топыр шашылып жатқан ойыншықтарды көріп, Санжар мен оның көкесіне кейіп, ойыншықтарды қоймаға жинап тастады.

Санжар балабақшадан келіп:

— Әке, менің ойыншықтарым қайда кеткен? — деп, таңырқай сұрады.

— Ойыншықтарың «бізді қорлады, шашып тастады» — деп, өкпелеп, қашып кетті, деп әкесі қабағын түйді.

— Мен енді ойыншықтарды өкпелетпеймін, оларды орналастырып, жинап қоямын, — деп, Санжар жыламсырады.

Санжардың әкесі оған ойыншықтарын алып келді де:
— Ойыншықтар ойнау үшін, ойлау үшін беріледі. Бұларды шашпа. Жинақы бол. Әрбір ойыншықты өз орнына қойып, рет-ретімен ойна, —деп, қатаң талап қойды.

Енді Санжар әкесінің қойған талаптарын орындап, ойыншықтарын шашпай, ретімен ойнап жүр.

Әдібай Табылды

Ыдыс-аяқ және басқа үй жабдықтары туралы жұмбақтар

Иінінде құлағы, Ішінде бұлағы, Көмейіне от салсаң Ызындап тұрады.(Самаурын)	Отқа қойсаң елпілдеп, Быж-быж етіп тұншығар, Тақиясы селкілдеп, Танауынан бу шығар. (Шәйнек)
От басады табаны, Тек қана су тамағы.(Құман)	Сыртын отқа қақтайды, Одан басқа жақпайды.(Қазан)
Аузы төбесінде, Тұтқасы денесінде, (Құман)	Басы құдық, Сабы сырық.(Ожау)
Сабы бар, Басы шатыр, Табысын өлшеп әкеп, Құдыққа тасып жатыр.(Қасық)	Өткір жүзді келеді, Өте қажет құрал ол Тұтас затты бөледі, Ұсақтап та тұрар ол.(Пышақ)
Ағайынды төрт батыр, Көтергені бір шатыр. (Үстел)	

Тұрмыстық заттар туралы жұмбақтар

Жай да үнсіз тұрады, Біреу келсе тез жат деп, Қоңырауын ұрады, Дабыл қағып безектеп.(Телефон)	Тоққа тисе мұрты ұзын, Табанымен жазық Киімдердің қыртысын, Береді тез жазып.(Үтік)
Іші салқын,мұзы бар, Күнкей қашқан қой сынды, Жылыда тез бұзылар, Барша тағам тығылар. (Тоңазытқыш)	Кір-қоқысты сүймейді, Сыртқа қуып сүйрейді. (Сыпырғыш)

Азық -түлік туралы жұмбақтар

Күрең қызыл түсі бар,
Тағамдардың асылы,
Қуат берер күші бар. (Таба нан)

Өзі ащы,
Бірақ,
Дәмді етер асты. (Тұз)

Ұрмай-соқпай жылатады,
Әркім бірақ ұнатады.(Пияз)

Аспан түстес сұйық,
Әркім ішер құйып. (Су)

Бір жансыздың қаны бар,
Тіл үйірген дәмі бар.
Шөлдесең іш,қанып ал.

(Кесе мен шәй)

Сұйық еді аппақ,
Бауырдай боп қатыпты,
Ішсең дәмі тәтті-ақ. (Айран)

Түсі аппақ,
Тысы қатты-ақ,
Екі түрлі уызы,
Жесең тәтті-ақ. (Жұмыртқа)

Аппақ ас, сызы бар,
Балалар қызығар.(Балмұздақ)

МЕНИҢ ОТБАСЫМ

1. Менің отбасым, ата-аналар еңбегі
2. Біздің көше
3. Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік
4. Алтын күз

Ата ақылы

Кім үлкенді тыңдаса
Кім үлкенді сыйласа
Үлкен болған кезінде
Сыйлы болмақ өзіде

Әкетай

Әкем менің сыпайы
Әкем менің құрметті
Жақсылыққа жетелеп
Бәрін,бәрін үйретті

Әжем

Әжем өрнек тереді
Сырмақ сырып оюлап.
Басы ауыра береді
Шай ішпесе қоюлап.

Т.Бейсенбеков

Әжеме

Мен әжемді сүйемін
Киімді өзім киемін
Ақылына көнемін
Өлең айтып беремін

Б.Тікебаева

Анашым

Мен анамды сүйемін,
Сөзін ойға түйемін
Анашымды ардақтап
Басымды оған иемін

Отбасы

Отбасы – жылы ұямыз
Тірегі ата-анамыз
Уыз сүт еміп осында
Уылжып біздер өсеміз

Мен

Атам не айтса көнетін
Апам көңіл бөлетін
Мен осы үйдің кенжесі
Бәрі жақсы көретін

С Мауленов

Ең жақсы сөз

Ең жақсы сөз – Ана,
Ең жақсы сөз – Бала.
Өсіп жатса бала,
Ана оған пана.
Аман болсын Ана,
Аман болсын Бала.

Н.Жанаев

Құттықтау

Қуанышы баланың –
Қуанышы ананың.
Қуанышы ананың –
Қуанышы баланың.

Бізді өсірген анатай,
Еңбегің де зор екен.
Құтты болсын, анатай,
Құтты болсын мерекен!

Қ.Мырза Әлі

Анашым

Айналайын анашым-
Әлемдегі жан асыл.
Болса маған не керек,

Ана

Келбетінде ұлылық
Даладан кең пейілі
Ана деген- жылылық
Ана деген- мейірім.

Т.Бейсенбеков

Менің әжем

Менің әжем, ақ әжем,
Ұл мен қыздың бағы әжем.
Ертегі айтып бер десең,
Айтып берер тағы әжем.

Қ.Мырза Әлі

Менің атам

Аппақ күміс сақалды,
Жақсы көрем атамды.
Шахматтан ол бүгін
Менен тағы «мат» алды.

Ұ.Есдәулетов

Ана әлдиі

Төбедей боп құзар шың,
Айға да ертең ұшарсың.
Күндей ыстық көңілмен,
Мені келіп құшарсың.
Әлди, әлди, әлди-ай.

К. Ыбрайұлы

Нешеуміз?

Бір үйде біз нешеуміз?
Кел, санайық екеуміз.
Бас бармағым –әкем
Балалы үйрек-анам.
Ортан терек –ағам
Шылдыр шүмек –мен,
Кішкене бөбек –сен
Бір үйде біз нешеуміз?
Бір үйде біз бесеуміз.

І.Шұғаев

Туысқан

Аға деген,
Іні деген,
Барлығы бір туысқан.

Бәрін іздеп табасың.

Айналайын анашым –
Асқар таудай панасың.
Күн көзіндей күлімдеп,
Құшағыңа аласың.

А. Асылбеков

Апам неге жылады?

Көзім түсті апамның,
Көзіндегі жасына.
Белгісі ме қапаның? –
Деп келдім мен қасына.

Сұрамақпын,білмекпін,
Жанына не батқанын.
Байқамаппын,көрмеппін,
Пияз турап жатқанын.

Қ.Мырза Әлі

Менің әжем

Ертегі айтып беретін,
Еркелеткен кім бізді?
Жамандардан жирентіп,
Ақыл берген кім бізге?

Тәрбиелеп өсірген,
Жақын адам кім біздің?
Дәмді тамақ пісіріп,
Тойдыратын кім бізді?

Таппадың ғой таппадың,
Шұлық тоқып беретін,
Әжеміз ғой ол біздің.

М.Пернебай

Анашым

Айналайын анашым,
Үлкейдім мен, қарашы.
Маңдайымнан иіскеп ап,
Шаштарымды тарашы.

Ұйықтап алшы анам-ау,
Шаршап келдің жұмыстан!

Аға деген –

Іні деген –

Жаралғандай құрыштан
Аға, іні – туысқан.

О.Әубәкіров

Ақ әжем

Әжем менің ақ әжем,
Ақыл беріп үйреткен.
Аппақ әжем,пәк әжем,
Мейіріммен үйреткен

Әжем менің асыл жан,
Жақсылыққа үйретіп.
Жамандықтан шектейді,
Әжеме ешкім жетпейді.

Д. Сарсенова

Әже мен немере

Жақсы көріп ол мені,
Әуеніме шөлдеді.
Әй-әй бөпем әнімен,
Бесігімді тербеді.

Мен әжемнің тұлпары
Мен әжемнің сұңқары.
Жаурап қалып жүрме – деп,
Көрпемді қымтады.

Н. Мұқатов

Ана

Ана – менің тірегім,
Кеудемдегі жүрегім.
Жан анамның айтқанын
Білгі тыңдап жүремін.

Жан ана

Ана деген ардақты,

Қайтып адам болайын,
Тәрбиенді ұмытсам.

Ақ сүт бердің тәп-тәтті,
Әлдіңмен уаттың.
Кей-кездері тентек боп,
Мен өзінді мұңайттым.

Апарсам да Меккеге,
Өтей алман қарызды.
Бір сен деп мен жасайын,
Амалдарды бар ізгі.

Бөбегіме

Құлдыр-құлдыр, бөбегім,
Қуанышқа бөледің.
Ал мін, бөпем, арқама,
Атың болып желемін.

«Шабандозбын» деп сен де,
Мен «шапқанда» сескенбе...
Бірақ әке мойнына
Мініп алма өскенде.

Еңбек еттік құлшынып.
Өрік, алма,
Алмұрт, алуа
Жеміс салды құлпырып.

Ә. Табылды

Көшеден өту

Машинаның бәрі
Жаяуларда әрі:
Жасы, мейлі, кәрі –
Қызыл, жасыл, сары –
Үш көзі бар шамды –
Жанып, сөніп тұрар
Бағдаршамды аңдып,
Бұйырған тез ұғар.
Бүгін де, кеше де
Дәл біздің көшеде
Көрдік бір ағаның,
Жүрісті реттеп,
Тұрғанын күзетте.
Таяғын: «Жүр! Кідір!» -

Үйге барын арнапты.
Ұл-қызы үшін аянбай,
Еңбек етер жан-жақты.

Ә. Әлішова

Әжем

Таусылмайды өлеңі,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа,
Кәмпит алып келеді.
Әжем мені, өйткені,
Өте жақсы көреді.

С.Оспанов

Сыйлаңдар

Үлкендерді сыйлаңдар,
Алдын кесе қимаңдар.
Өнегелі болыңдар,
Өнегеліде иман бар.

Е. Әбікенұлы

Реттеуші

Бақылап жол тәртібін,
Өткізетін әр күнін.
Реттеушіні көрдім мен.
Қиылыстан дәл бүгін.

Қ.Шағыр

Жолдан өткенде

Дастан деген баламын,
Мектепке енді барамын.
Жүруді де үйрендім,
Көшесінде қаланың.

Жол шетіне келгенде,
Тоқтай қалып мен демде,
Көз саламын арнайы
Белгісі бар жерлерге.

Қауіпті ғой көше тым,
Қумай жолдың төтесін,
Жолақтарды іздеймін

Деп нұсқап, сермейді,
Машина бірде бір
Оныңсыз жүрмейді.

Е.Өтетілеуұлы

Жаяу адам өтетін.

Асықпаймын аптығып,
Алдым мұны жақсы ұғып.
Пианино тіліндей,
Қатар-қатар ақ сызық.

Ортасында тұра қап,
Оңға, солға бір қарап,
Жолдың арғы шетіне
Жетіп алам жылдам-ақ.

Қ.Шағыр

КӨЛІККЕ МІНГЕНДЕ

Қаламызда қырандай
Самғар көлік табылар.
Троллейбус пен трамвай,
Автобустар тағы бар.

Автобуска асығып,
Жолды кесіп өтпеймін.
Доп тепкендей асырып,
Бос қалбырды теппеймін.

Жол шетіне трамвай
Келе алмайды күтсең де.
Болу керек тым абай
Мінгенде не түскенде.

Өзім барар бағыттың
Нөмірін де білемін.
Ережеге қанықпын,
Артқы есіктен кіремін.

Жұрт аяғын баспаймын,

ТӘРТІП САҚТАП ЖҮРЕМІН

Үйренуден тынбаймын,
Білімімді шыңдаймын.
Кішілерге қамқормын,
Үлкендерді тыңдаймын.

Велосипед теппе деп,
Айтпаса да, еп керек.
Жүгірмеймін доп қуып
Көліктерге бетпе-бет.

Көше жаққа бармаймын,
Таса жерде қалмаймын.
Ойнау үшін арнайы
Орындарды таңдаймын.

Өзенде де, тауда да,
Саябақта, аулада
Тәртіп сақтап жүреді
Шымыр, дені сау бала.

Қ.Шағыр

Бүлдірмеймін, шашпаймын.
Жолақысын «қоянша»,
Төлестен қашпаймын.

Шаршап кейде жүрсем де,
Орын берем үлкенге.
Қатты шулап тұрмаймын,
Құрбылармен күлсем де.

Аялдама аттарын,
Жаңылмастан жаттаймын.
Жолда жүру тәртібін,
Мен осылай сақтаймын.

Қ.Шағыр

Бағдаршам

Тағдыр деген, шырағым,
Қателікті кеше ме,
Күтіп қана тұрамын,
Қызыл жанса көшеде.

Зер саламын бар маңға,
Сабырлымын, саспаймын.
Ал сарысы жанғанда,
Дайындала бастаймын.

Жабықпаймын жасықтай,
Мектепке әлі жетемін.
Жасыл жанса асықпай,
Арғы бетке өтемін.

Зейін қойып бекемдеп,
Оқулықтан жаттағам...
Қағып кетпесе екен деп,
Мәшинеден сақтанам.

О. Байбақұлы

Жол қауіпті

Ойынқұмар десе де,
Сақтық керек, құптаймын.
Мәшинелі көшеге,
Велик мініп шықпаймын.

Бұған көңіл бөлмеген,
Ащы азабын тауыпты...
Өйткені үлкен жол деген,
Қауіпті ғой қауіпті.

О. Байбақұлы

Ойнамаймын отпенен

Ақылды үміт ақтайды,
Мақтамағын мақтағын,
Ойыншыққа жатпайды,
Сіріңке мен шақпағың,

Ойлағандар ұғады,
Сақтық жақсы деп келем,
Өрт ұшқыннан шығады,
Ойнамаймын отпенен.

О. Байбақұлы

Бағдаршам

Жолды кесіп өтуге мен қамдансам,
Қиылыста қарсы алады бағдаршам.
Менікіндей екеу емес, үш көзді,
Әр көзінің түсі бөлек, аңғарсаң.

Қозғалысты қалт жібермей қырағы,
Бір көз жанса, қалғаны өшіп тұрады.

Қызыл, сары, жасыл түсті көздердің
Бас әрпінен үш түрлі ұғым шығады:
Қ – Қызыл түс – қимылдама, баспа алға,
Қиылыста қарап тұрма аспанға.
С – Сары түс – сәл сабыр ет, дайындал,
Ж – Жасыл түс, жүре бергін, жасқанба.

Қ.Шағыр

Күз

Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық-ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау!

Қ.Ыдырысов

Күз келді

Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Айнала жым-жырт,
Көк аспан сұрғылт.
Жер жыртқан таңда,
Трактор қырда.

Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.

М.Әлімбаев

Күз

Шаттандырып біздерді,
Шат-шадыман күз келді.
Шатыр тікті сары алтын,
Шартараптың бәрі алтын.

Ә.Табылдиев

Күзде

Сап-сары ала теректер,
Сап-сары ала атырап.
Сәл тербесе самал жел,
Түсіп жатыр жапырақ.

О.Асқар

Күз

Қарашы, күз келді, күз келді,
Сары алтын жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен түзеді,
Көңілсіз неліктен күз енді.

Қара бұлт қабағын түйеді,
Бұталар боз қырау киеді.
Осы ма, осы ма күз деген,
Мектепке баратын бізбенен.

Н.Жанаев

Жемістер мен көкөністер туралы жұмбақтар

Көктемде
Ақ гүлге оранады,
Күзде
Қолға доп болып оралады. (Алма)

Желілері жайылып,
Жол-жол болып жатады,
Күн нұрына бой ұрып,
Жердің нәрін татады,
Жасыл шатыр астында,
Кететіндей үзіліп,
Түр көп маржан тасындай,
Мойыл моншақ тізіліп. (Жүзім)

Іші аумаған жүгері,
Түрі-түсі алмадай,
Ойымның жоқ бүгері,
Жесең бал деп қалмағай. (Анар)

Бұйра тұлымы,
Желмен ойнайды,
Қызыл мұрыны,
Жерге бойлайды. (Сәбіз)

Тігіп алып көк шатыр,
Қызылкүрең доп жатыр. (Қызылша)

Аласа тал,
Тамаша тал,
Самсап тұр алмасы,
Ол - алқызыл,
Ол - қанқызыл,
Боялғанша алмашы. (Қызанақ)

Көрсен өскен желісін,
Жапырағы қазтабан.
Мөлдір қара жемісі,
Қыста емес, жаз табам. (Қарақат)

Күн нұрымен піседі,
Уылжып қолға түседі. (Жеміс)

Ортасында қазығы,
Бұтағында азығы (Алма)

Тіл үйірген дәмі бар,
Сары алтын-түс сәні бар,
Шақсаң егер кептіріп,
Сүйегінің дәні бар,
Баққа тұрар сән беріп,
Алқа етіп тізіп ал. (Өрік)

Шертсен көк жолақ сыртынан,
Піссе үн шықпас ұртына.
Шикі болса, сампылдап,
«Тиме» дейді-таңқылдап. (Қарбыз)

Бақшадан жер қазып,
Жиып алдым жез қазып. (Сәбіз)

Түбі толған құмалақ. (Картоп)

Доптар жатыр желісі бар,
Қабат-қабат терісі бар.
(Қырық қабат)

Күнді андып шалқалап,
Гүлмен жапқан қалқалап,
Бақшада өскен теректің
Дәндерінен май тамар,
Шағып жеген нәр табар. (Күнбағыс)

Бұтаға ілген үлпершек,
Іші нәрлі қызыл сөл,
Теріп алып үлгерсек. (Бүлдірген)

Қар астында қыстады,
Ақпен бөркін тыстады. (Бәйшешек)

ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ

1. Өзім туралы
2. Дұрыс тамақтану. Дәрумендер
3. Өзіңе және өзгелерге көмектес
4. Біз күштіміз, ептіміз

Тазалықтың досы

Сылдырлайды мөлдір су,
Мөлдір суға қолың жу.
Жуынсаң сен әрдайым,
Аппақ бетің, маңдайың.
Тазалықтың досы -
Су дегенің осы.

А.Меңжанова

Бай! Бай!
-Бұл бала
Қай бала?
Қарашы
Үстіне,
Өзіне -
Не түсті
Көзіңе?
Бет-ауыз
Кір айғыз.

Еріншек

-Жүр, Бақытжан, моншаға...
-Кір емеспін соншама...
-Жүр, түсейік бұлаққа...
-Не бар шаршап жырақта?
-Бұл не тұрыс сазарып,
Керек қой бір тазалық.
Құлағың кір, мойның кір,
Жуынуды қойдың бір.
«Жүр» дегенге көнбесең,
Үйде жуын онда сен.
Түр Бақытжан есінеп,
«Жуынамын несін?» деп.

С.Әлімқұлов

«Өс, ұлан!»

Сау болсын десең,
Он екі мүшең!
Ерте тұр!
Құлақ тұр!
Тыңда сыр,
Жапырақтар сыбырлар.
Күн нұрын күт!
Таза ауа жұт!
Бойыңа күт!
Жүгір, желмен жарысып,
Нұрға сылан,
Болып қыран
Өс ұлан!

Ө. Тұрманжанов

Әкем менің күшті

Әкем менің тәтті
Шапалағы қатты.

Тентек бала

Беті-қолын жумайтын
Бір жыласа қоймайтын.

Бұзық болған ағам
Оның дәмін татты...

Әкем менің биік
Сембі талды иіп.
Садақ жасап береді
Бұтақтарын қиып.

Әкем менің әйбәт
Бойында бар қайрат.
Отын алып келеді,
Балта жібін сайлап.

Әкем менің күшті,
Еңбек етіп пісті.
Тындырады қайтсе
Мойнына алған істі.

Әкем менің сондай!
Болу үшін ондай
Шынығуым керек
Күндіз түні тынбай!

Е. Әбікенұлы

Сондай бала бола ма?

Күнде бетін жумайды,
«Жу» десең-ақ жылайды.
Өз-өзіне өкпелеп,
Жатып алып тұрмайды.
Дейді жылап: «Жолама»
Сондай бала бола ма?
Беті қандай кір еді,
Айниды адам жүрегі.
Көрсен осы кескінін,
Күледі-ау жұрт, күледі.
Сондай бала бола ма?
Сендер оған жолама.

А.Шамкенов

«Менің ойыншықтарым»

Жүрмейсің бе абайлап
Болмасаншы ұрыншақ
Асыр салып көп ойнап
Ақсап қапсын, құлыншақ.

Тәліп деген бала бар
Күшігімен ойнайтын.

Өзі тағы қоймайды,
Қатырады «ойбайды».
Он мәнтіні жесе де,
Құрсағы бір тоймайды.

Зар қақтырып талайды
Шулатады маңайды.
Күштімін деп ойлайды
Өзін батыр санайды.

Кетік-кетік тістері
Көрінгенді тістеді.
Итеріп ем сәл қатты
Жалпасынан түскені...

Кеше көрдім Тәліпті
Жұп-жуас боп қалыпты.
Сөйтсем, биыл мектепке,
Оқушы боп барыпты.

Е. Әбікенұлы

Балмұздақ

Үйде жалғыз қап
Жеп ем балмұздақ.
Қалдым ауырып,
Укол салғызбақ.
Сүттей балмұздақ
Бейне қар- мұздақ
Тағы жеп едім,
Тісім тұр мұздап.

Н.Қалқа

Біз осылай өсеміз

Суда жүзіп өсеміз,
Қырда жүріп өсеміз.
Күнде қызып өсеміз,
Құмда шыжып өсеміз.

Ашытпайды көзіңді
Шомыла қой, балақай.
Қарашы енді өзіңе
Аппақ болдың алақай.
Түймең қалды үзіліп
Неге қадап алмайсың
Тұр ғой әне ине –жіп
Неге ұқыпты болмайсың

М.Әлімбаев

Таулар көріп өсеміз,
Баулар егіп өсеміз.
Жеміс теріп өсеміз,
Жеңіскер боп өсеміз.
Талаптанып өсеміз,
Қанаттанып өсеміз,
Талаптанып, қанаттанып өсеміз!

М.Әлімбаев

Шынықтыр сен денені

Теңізші боп егерде,
Жүзем десең тереңде.
Белден басып мұз-қарды,
Кезем десең шыңдарды,

Түлеп ұшар жас қанат
Болам десең космонавт,
Шарлау үшін әуені,
Қуат керек әуелі.

Жігер керек, от керек.
Ерлік керек, еп керек.
Ол үшін ең керегі –
Шынықтыр сен денені.

Д. Қанатбаев

Футбол

Күтеді алдан ауыр сын
Кездесіп пе ек бұл жолда.
Волейболға тәуірсің,
Қалай едің футболға?

Дәріс алғың кеп менен,
Көктем таңнан оятты.
Теңбіл допты теппеген,
Мақтау қиын аяқты.

Кел қасыма кідірме,
Үнемдейік уақытты.
Доппен бірге жүгірген,
Бала неткен бақытты.

Ал тілімді, қарағым,

Балама айтар бір ақыл

Волейбол да ойнағын,
Керек аздап аптығыс.
Суда да жүз, тайға мін,
Тақымыңды қатты қыс.

Көлге барсақ біз бір күн,
Құш толқынын ұрғылап.
Күнге арқанды қыздырғын,
Берер саған күн-қуат.

Қимыл жаса тұра қап,
Жалқаулықты жуытпа.
Көлеңкеңді қуалап,
Жүгіруді ұмытпа.

Сергек жүрсең сен енді

Аялдама, түр, жүгір.
Футбол тепкіш баланың,
Сандары да жұп-жұмыр.

Жоламайды суық бір.
Суық сумен денеңді,
Ертең-ерте шынықтыр.

Топқа қалай кіресің,
Өз күшіңе сенбесең.
Құстай ұшып жүресің,
Аспанда емес, жерде сен.

Еткін, балам тәуекел,
Бәріне де жет ептеп.
Бақшаға да су әкел,
Арықпенен жетектеп.

Ұмтыласың күнде алға
Тартпай бойың керенау.
Футболшыға, футболға,
Ел құрметі бөлек-ау.

Еңбектің біл бағасын,
Көктем шыға жерді өңде.
Сонда алғыс аласың.
Атаңнан да, елден де.

Т. Молдағалиев

Т. Молдағалиев

Тіл алмаудың кесірі

Көктемнің алғашқы күндері. Түн суық. Күндіз күн көзі ашық болса, ауа жылынады. Бірақ түнгі ызғар түске дейін қайтпайды. Сәскеде ойнап келу үшін үйден шығып бара жатқан Жақанға анасы:

— Балам байқа көшеге жылы киініп шық, - деді.

— Күн ашық қой, апа, тоңбаймын,- деп, Жақан бетін тыржитып, иығын қиқаң еткізіп, үйден шығып кетті.

Ол көшеге шыққанда ызғырық жел соғып тұр екен. Достарымен доп ойнап, терлеп-тепшіген Жақан, жел өтінде көп отырып қалып, өкпесіне суық тигенін ет қызумен байқамай қалды.

Кешінде оның қызуы қатты көтерілді. Түні бойы ұйықтай алмады. Келесі күні ол ауруханаға түсті. Алма беті қызарып алауы басылар емес.

— Саған кеше жылы киініп жүр деп едім гой,- деп, асыл ана оны аянышпен аймалап, көзіне жас алды.

— Апатай! Бұдан былай тіліңізді алып жүремін,- деп Жақан кешірім сұрады.

— «Кешігіп кешірім сұраудың не пайдасы бар? Тіл алмаудың кесірінен ауырып қалдым» - деп ойлап, Жақан іштей өкініп жатыр.

Әдібай Табылды

Адамның дене мүшелері туралы жұмбақтар

Жағасы құрақ,
Мөлдір суат. (Көз)

Сөз ұққыш,
Қос тұтқыш. (Құлақ)

Құрамалы сырық
Берсең ырық

Таппайтын тағат,
Тығулы сағат. (Жүрек)

Кетесің тұрып,
Барасың жүріп,
Қаласың,
Отырасың бүгіп. (Аяқ)

Белдеуде бес ат,
Бесеуі де қасқа ат. (Саусақ)

МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ

1. Тарихқа саяхат
2. Туған өлкем
3. Астана – Отанымыздың жүрегі
4. Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)

Туған өлкем

Кеңсің дала,
Туған ана.
Көйлегің кең, көк ала,
Жан беретін
Тән беретін
Мейірімді ана сен ғана.

С. Сейфуллин

Отан

Отан - жерім,
Отан – суым,
Отан қуат, нәр береді.
Отан –ұран,
Отан – туым,
Отан мәңгі гүлденеді.

М.Хакімжанова

Отан

Отан туған үйіміз,
Отан туған жеріміз.
Отан ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз.

Е. Өтетілеуұлы

Астана

Астана – арман қала,
Бағы бір жанған қала.
Тұрады ол жап-жас болып,
Мен үлкен болғанда да.

Т.Молдағалиев

Астана

Болашаққа бастаған
Шарықтайды асқақ ән.
Елордасы Отанның –
Мақтанышым Астанам!

Е. Өтетілеуұлы

Қазақстан байрағы

Көк байрақтың бетінде
Қыран бүркіт қанатты
Сол қырандай еркіндеп,
Бала өседі талапты.

М.Әлімбаев

Астана – арман қала

Сарыарқа төсінде,
Сән беріп Есілге.
Жас қала – Бас қала,
Астана өсуде.

Күн болып қарайды,

Туған елдің ұлымын

Аспанымдай мөлдірмін,
Жайлауымдай жазықпын
Өзенімдей өршілмін,
Гүлдерімдей нәзікпін.
Қуат алған өзіңнен,
Туған елдің ұлымын.

Шуақ боп тарайды.
Әлемге нұр шашқан,
Астанам арайлы.

Туғандай қиялдан,
Үйлері бір арман.
Аспандап барады,
Аяулы ұлы ордам.

М. Әміреұлы

Елтаңбам

Нұр шашқан күн- Шаңырақ,
Жұлдыз- Темірқазықтай.
Қанатты қос арғымақ-
Бастан кешкен тарихтай.
Көмкеріліп өрнекпен
«Қазақстан» тұр аты.
Көп күреспен қол жеткен.
Елтаңбам-ел мұраты.

Оразақын Асқар

Отан

Отан-халық жүрегі
Әр кеудеде тұр ұрып.
Анаң болып күледі
Келе жатсаң жүгіріп.
Әлдейлейді әлпештеп
Жеткеніңше мұратқа
Бесік жырдай қалды есте
Отан үні құлақта.

Б.Қозыкеев

Қазақстан

Ен даласын
Егін жапқан,
Бар баласы
Бақыт тапқан.
Менің жерім,
Туған жерім,
Туған елім –
Күн сәулелі Қазақстан!

Ж.Молдағалиева

Бақытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін.

А.Сәрсеков

Отан

Отан деген-атамекен,
Отан деген-туған жер.
Отан-ана
Отан-үлкен.

Қазақстан – туған ел.

Е.Өтетілеуұлы

Көк туым

Аспанымдай көк туым,
Тудан нұрын төкті күн.
Қанат қақтық қырандай
Тәуелсіз ел боп бүгін.
Туда ұлттық өрнегім-
Өнерім ғой ол менің
Қандай бақыт көгімнен
Өз туымды көргенім.

Оразақын Асқар

Туған жерім

Туған жерім, кең далам
Сенен қуат нәр алам.
Мақтан етем белдеріңді,
Мөлдіреген көлдеріңді.
Еркелеймін құшағыңда,
Гүл теремін бақтарыңда.
Көркейе бер, туған елім,
Гүлдене бер әрқашан.

Б.Қозыкеев

Туған жер

Сүйем сені, туған жер,
Байлық, бақыт тұнған жер
Қамбасына Отанның
Тау – тау астық құйған жер.
Сүйем сені, туған жер,
Өнер, білім қуған жер.
Ұшу үшін ғарышқа
Тоқтар аға бел буған жер.

Оразақын Асқар

Менің Отаным

Отан менің ата – анам,
Отан досым, бауырым.
Отан өлкем, астанам,
Отан туған ауылым.
Бақыт елі – бұл Отан,
Бәріне мен иемін.
Біздің Отан – ұлы Отан
Ұлы Отанды сүйеміз.

Б.Ысқақов

Отаным

Отаным – тірегім,
Отаным – жүрегім,
Отаным – жігерім,
Отаным – білерім.
Отаным – күндерім,
Отаным – үндерім,
Отаным – гүлдерім,
Кеудемде жүр менің

А.Қалманбетов

Менің Отаным

Гүлге толы кең жазық,
Күйге толы жота құм.
Жан тербеген жел нәзік
Осы менің Отаным.

Жасыл көктем шағындай,
Өмірімнің асқары.
Көңілдердің ағындай
Біздің ауыл аспаны.

Алтын шашқан сияқты,
Жер бетіне нұр таңым.
Бар адамға шуақты
Осы менің Отаным.

Б. Ысқақ

Алматы

Гүлзар баққа оранған,
Күннен киген бөрікті.
Аққудайын таранған
Алматы – әсем, көрікті.

Т. Молдағалиев

Жаңа жыл келді

Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап.
Жаңа жылда келеді,
Бізге қарай жылыстап.

Өлең де әзір, ән де әзір,
Ойын да әзір, бәрі де әзір.
Кел, Жаңа жыл біздерге,
Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!

Қазақ жері

Шұғылалы таңымыз,
Қазақ жері- бағымыз.
Қойнауынан мөп-мөлдір,
Сусындайды жанымыз.

Қазақ жері –сәніміз,
Мәуесі мол бағымыз,
Саясында жетілер,
Балдай бала шағымыз.

Р.Тышқанбаев

Қазақ тілі

Қазақ тілі – ата-анаң,
Қуат алар Отан да одан.
Дүниенің бар асылы
Тең келмейді ешбір оған.

Ө. Ақыпбеков

Шырша

Жасыл шырша төрдегі
Дейді: «Бәрің көр мені!»
Кеткен әсем құлпырып,
Ойыншықтар тұр тұнып.
Түрлі түсті шамдары –
Түнде ғажап жанғаны.
Көргендерді елітеді
Керемет бір ертегі.

Е. Ерботин

ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ

1. Айналамыздағы өсімдіктер
2. Жануарлар әлемі
3. Құстар – біздің досымыз
4. Ғажайып қыс

Көбейсін жасыл көшелер

Үйеңкі, терек, қарағай
Бойлай өсті күн сүйіп.
Көшеміз де жағалай,
Жасыл шапан тұр киіп.
Көкке қарай бойласын,
Терең тартып тамырын.
Көк желекке орансын,
Менің туған ауылым

М.Зайтов

Қарағай

Көкке бойын созады,
Көпке қолын созады.
Кең құшағын ашады,
Көлеңкесін тосады.
Көк қарағай, қарағай,
Мейірбанды анадай.

М.Әлімбаев

Ақ қайың

Алатауды бөктерлей,
Өседі ылғи ақ қайың.
Жапырағы көкпенбек,
Жайқалады жаз сайын.

Н.Әлімқұлов

Ботақан

Мен – Ботақан, Ботамын,
Ойсыл қара – Атамның
Ұрпағына жатамын.
Ойнақтаймын баладай,
Жалғаз қалсам далада-ай,
Боздап дауыс қатамын.

Е.Өтетілеуұлы

Төрт-түлік

Түйе – малдың үлкені,
Жылқы – малдың үркегі.
Сиыр – малдың сүттісі,
Қой – түліктің құттысы.

С.Қасиманов

Құлыншақ

-Мен - Құлыншақ,
Құлыншақ,
Әрбір жерге ұрыншақ.
Желбіретіп тұлымшақ,
Шапқылаймын күнұзақ.
Өсіп, тұлпар боламын,
Бас бәйгені аламын!

Е.Өтетілеуұлы

Қошақан

Мен – Қошақан,
Қошақан,
Момақанның өзімін.
Қойдан бөлек лақпаймын,
Секірмеймін лақтайын –
Жетеді оған төзімім!

Е.Өтетілеуұлы

Танысу

Түйе:

- Ал, балалар,
таныдың ба?
Жүрер жерім
Қарақұмда.
Шопандардың
жүгін артып,
Құм ішімен
кетем тартып.
Боташым бар,
тайлағым бар,
Сонда болам қайда
құм бар.
Жантақ жеуді
сүйемін ғой,
Мен кәдімгі
түйемін ғой.

Жылқы:

- Білемісің жайын
малдың,
Өзім қыстай
жайыламын.
Қызығыңдар,
қызығыңдар,
Қымыз десең
қымызым бар.
Желмен бірге
жарысамын,
Өздеріңмен
танысамын.
Бағын ашқан
кең даланың,
Жылқы деген мен
боламын.

Сиыр:

- Саусаң селдей,
Сүтім көлдей.
Балдан тәтті
қаймағым бар,
Қай түлікпін,
ойланыңдар.

Қошақан

Кіп-кішкене момақан
Қошақанды ұнатам.
Сүйеді апам «қозым» деп,
«Қошақаным- өзін» деп!

Ботақаным-бөбегім

Қара көзің мөлдіреп,
Қызықтырмай қоймайды.
Жібек жүнің үлбіреп,
Қарасам көз тоймайды.

І.Жансүгіров

Құлын

Құр-у, құр-у, құлыным,
Құрығыма түсе ғой.
Тазасын жеп сұлының,
Мөлдір судан іше ғой.

Ұ.Есдәулетов

Ақ лақ

Ал лақ-ау, ақ лақ,
Неге тұрсың маңырап?
Сүтке тоймай қалдың ба?
Сабыр етші азырақ,
Тойдырайын қазір-ақ.

А.Шаяхметов

Құлыншағым - құндызым

Құлыншағым – құндызым,
Құлдырайды шабады.
Жылтылдаған жұлдызым,
Құстай қанат қағады.

І.Жансүгіров

Бұзауқан

Сүтке қарның тойынса-ақ,
Ойнақтайсың ойын сап.
Шап, құмарың тарқасын,
Түрулі ғой мойыншақ.

Шапқыламай жүрмейсің,
Ойлы-қырға бірдейсің.
Шөпті иіскейсің тұра қап,

Жақсылыққа
үйірмін ғой,
Мен кәдімгі
сиырмын ғой.

Қой:

-Баға білсең
мың боламын,
Киіз болам,
жүн боламын.
Етім де бар,
сүтім де бар,
Білсеңдер айт,
кім боламын?
- Қуанышы айналаның,
Мен кәдімгі қой боламын.

А. Сопыбеков

Мысығым бар сүйкімді

Кес кестейтін жолымды,
Тістелейтін қолымды.
Мысығым бар сүйкімді
Қуып ойнар добымды.

К. Ыбрайұлы

Керік

Ұзын бойы тұрғандай,
Көкпен бірге таласып,
Сирақ, мойыны, япырмай,
Өзіне қалған жарасып.

Қонжық

Қорбаң, қорбаң етеді,
Тәттіні жақсы көреді.
Қазір де ол бүлдірген
Іздеп жүр ме, кім білген?

Тиін

Арша, шырша, қарағай –
Жаңғағы мол ағашты
Тиіндер ғой, балақай,
Ін ғып тескен қарашы.

А. Байғобылова

Ал жайыла білмейсің.

Әлі-ақ өсіп толасың,
Дәу тайынша боласың.
Сүт емуді қоясың,
Балаусаға тоясың.

Н. Айтөв

Ботақан

Мен – Ботақан, Ботамын,
Ойсыл қара –Атамның
Ұрпағына жатамын.
Ойнақтаймын баладай,
Жалғыз қалсам далада-ай,
Боздап дауыс қатамын.

Е. Өтетілеуұлы

Ақ қоян

Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Арғымаққаша шап қоян.
Озып келсең мен саған,
«Жеңімпаз» деп ат қоям.
Құлақтары тік қоян,
Аяқтары ұп қоян.
Мұнша желіп жортасың,
Сендей жүйрік жоқ қоян.
Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Жүнің мамық, пәк қоян.
Жылы үйіңде алаңсыз,
Ұйықтап шықшы сақ қоян.

Л. Қыраубайқызы

Сұр қоян

Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сылдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына
Қиығын сап көзінің,
Келе жатқан томпаңдап,
Көжегі екен өзінің.

Т. Бердияров

Қазым, қазым қаңқылда!

Қазым, қазым қаңқылда!
Көлде жүзіп салқында.
Жем шашайын жейсің бе?
Кәмпит берші дейсің бе?
-Жоқ, жоқ,
Кәмпит тәтті, болмайды ас,
Арпа менен бидай шаш.

С. Бегалин

Шұбар тауық

Шұбар тауық мүлдем
Жолатпайды барса.
Ұясында жүрген
Балапаны қанша?

Балапанын тауық
Қызғанады жаман.
Қанатымен жауып,
Санатпайды маған.

Ұ.Есдәулетов

Сайра құсым

Таудамысың, сайдамсың,
Таңғы ауада сайра, құсым.
Көптен бергі арманымсың,
Көктем болып сайра, құсым.
Толтыр әнге бақтар ішін,
Сандуғашым, сайра, құсым.

С.Жиенбаев

Үйрек

Мен –үйректің, үйректің,
Бұлтындаған бүйректің.
Көп үйлерге керектің,
Құрқылдаймын, қимаймын
Тамаққа бір тоймаймын.

Қораз

Мен-Қоразбын, Қоразбын
Жалқаулармен аразбын.
Таңды бұрын қарсы алып,
Елді оятам жар салып.

Шөжелерім

Шөп-шөп, шөп-шөп, шөжелерім,
Сары алтындай балапаным.
Тез жетіңдер жем беремін,
Дәнге толы алақаным.

А.Торғаев

Тауық пен тары

Тауық тары жинапты,
Оны ешкімге қимапты.
Бөтегесін толтырып,
Қамбасына құймапты.
Қыста тауық қақылдап,
Тары іздеп жүр тақылдап.

Ә.Табылдиев

Торғай

Торғай, тоғай, торғайсың,
Таяу келіп қонғайсың.
Жем шашайын танып ал,
Сонда аязға тоңбайсың.

Х.Талғаров

Түйеқұс

Қарашы, әне бір тұсқа,
Жануар, әлде ол құс па?
Қанаты бар, ұшпайды,
Көкқұтанға ұқсайды.

Бірқазан

Қапшыққа ұқсас тұмсығы –
Бейне бір оның қалтасы.
Балық салып алған ба,
Болғандықтан түскі асы?
Бірқазан деген осы құс,
Қанатты біздің досымыз.

Қаз

Мен – Қазбын, Қазбын,
Жаз келсе мәзбін.
Балаша аңқылдаймын,
Қуанып қаңқылдаймын.

Е.Өтетілеуұлы

Мысық пен Торғай

Үстінде үйдің
Тұр еді мысық,
Қасына келді,
Бір торғай ұшып.
Бас салмақ болып
Ыршыды мысық,
Жәнелді торғай
Пыр етіп ұшып.
Биіктен жерге
Топ ете түсіп.
Мысықтың қалды
Жамбасы ісіп.

Б. Соқпақбаев

Торғай

Торғай, торғай, торғайсың,
Таяу келіп қонғайсың.
Жем шашайын, тойып ал,
Сонда аязға тоңбайсың.

Х.Талғаров

Дән

Жерде жатқан дәнді,
Атам жәймен алды.
Беті ашық тұрған,
Бос жәшікке салды.
Дәнді қалай білген,
Азық іздеп жүрген.
Қағып алды кептер,
Ұшып келіп бірден.

«Өмір заңы қатаң,
Мейірімді бол ботам.
Аяла, ақ құсты», -
Дейді бізге атам.

Ж. Әбдіреев

Тауыс

Әсем тәж киген басына,
Патшасы дерсің құстардың.
Жақындап барып құсына,
Орманда оны ұстадым.

А.Байғобылова

Шағала

Шаңқылдаған шағала
Шарқ ұрады жағада.
Ол теңіздің түлегі
Талмай ұшып жүреді.

К.Ыбрайұлы

Құстар

Қоныңдар,
Құстар,
Қоныңдар,
Бәріңе төрден орын бар,
Қанатты барлық достарға,
Балалар,
Қамқор болыңдар!

Р.Өтегенов

Құстар біздің досымыз

Біз қамқоршы баламыз,
Құстарға ұя саламыз.
Жем-су беріп қыс бойы,
Балапанын бағамыз.

А.Бақтыгереева

Шұбар тауық

Шұбар тауық мүлдем,
Жолатпайды барса.
Ұясында жүрген,
Балапаны қанша
Балапанын тауық,
Қызғанады жаман.
Қанатымен жауып,
Санатпайды маған.

Ұ.Есдәулет

Қоразға

Оятпа, қораз, сен бізді,
Өзім де сездім - таң атты.
Сенсіз-ақ білем мезгілді,
Танимын енді сағатты.

А.Сопыбеков

Бақша ағаштары

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

- Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы.

- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса өсіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,- деді атасы.

- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, - деді баласы.

- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің,- деді.

Ыбырай Алтынсарин

Асыл шөп

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесине бір-бір жәшік жеміс көтеріп қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха ахлап-ухлеп шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады.

Сонда Злиха айтты:

- Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбеңдегі жәшіктің ауырлығыда менің басымдағыдан кем емес, өзінде менен күшті емессің?

- Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым деді Бәтима.

- Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, менде ауырымды жеңілдетейін деді

Злиха

- Ол шөп сенің қолыңа түспейме деп қорқамын аты: сабыр деген деді.

Ыбырай Алтынсарин

Түлкі мен құмыра

Бір әйел далаға егін ора келіп, құмыраны сүтімен шөптің арасына тығып қояды. Бұны түлкі көрді де, жасырынып келіп, құмыраның ішіне басын тығып, сүтті ішіп қояды. Енді түлкі құмырадан басын шығара алмай әлек болады.

Түлкі:

- Әу, құмыра! Біраз ойнадың, жетер, жібер менің басымды?- дейді. Қалай жұлқынса да басын шығара алмайды. Түлкі ашуланып:

- Қап, бәлем, тұра тұр, жақсылықпен қаламасаң, сені суға батырармын, – деп жүгіріп келіп, өзенге қойып кетіпті. Сөйтіп, құмырамен бірге өзі де батып кетсе керек.

Ы. Алтынсарин

Бір уыс мақта

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:

- Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,- деп. Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:

- Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас,- деп.

Шешесі:

- Балам, сол да жерде қалмайды,- деді.

Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті. Қыз әжесінен:

- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? – деп сұрады.

Әжесі айтты:

- Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді,- деді.

Ыбырай Алтынсарин

Әтеш пен тоты құс

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде, аң мен құстардың ең әдемісі, сымбаттысы әтеш болыпты. Сондықтан ол өте такаппар екен. Жүріп-тұрса да маңғазданып, сылаңдай басады екен. Қоқыраяды да жүреді. Бірде-бір аңмен, не құспен сөйлеспейді. Жалғыз серігі тоты құс болыпты.

Тоты байғұстың үстінде жібі түзу, жөнді киімі де жоқ. Мына түріммен қалай барамын. Мен сенің досың деп білетін ел мазақтайды ғой. Маған үстіндегі әдемі киімінді бере тұршы, - деп қиыла жалыныпты.

Әтеш досының сөзіне сеніп, үстіндегі әдемі киімдерінің бәрін шешіп беріпті. Сөйтіп, тоты құс жасанып тұрып киініп алады. Қай мезгілде келетінін айтады.

Егер мен кешіксем, дауыстап шақыр. Келмей жатсам, тағы да шақыр, дауысыңды естиін, - дейді.

Сөйтіп, тоты құс әсем киініп, тойға кетеді. Бірақ ол қайтып оралмайды. Әтеш ол естісін деп үсті-үстіне шақырады. Ешқандай хабар болмайды.

Содан күні бүгінге дейін әтеш тоты құс пен әдемі киімін іздеп, таң қылаң бергеннен, күн батқанға дейін айқайлап шақыра береді екен.

Ыбырай Алтынсарин

Қоян зары

Екі қоян кездесіп, мұңдасыпты:

- Бізден сорлы дүниеде жан бар ма? Адам да, аң да, ит те, құс та - бәрі де бізге мықты. Бәрінен де қорқамыз. Тиінше ағашқа шыға алмаймыз, тышқанша ін қаза алмаймыз. Тісіміз өткір, тістеуге бата алмаймыз. Көбіне жым болатынымыз осы қорқақтығымыз. Мұнан былай осы қорқақтықты қояйықшы, - десіпті.

- Солай десіп тұрғанда, қамыс сылдыр ете қалады. Қорқуды қоямыз деп тұрған батырлар тырағайлап екеуі екі жаққа қаша жөнеледі.

Ахмет Байтұрсынов

Құстың ұясы

Балалар ойнап жүріп, ағаштың ішінен бір құстың ұясын көрді. Бұл ұяның ішінде екі балапан отыр екен. Балалар балапанды алып үйіне әкелді. Әкесі баласына айтты: «Бұл балапанды ұядан неге алдың,- деп. - Шешесіз балапандар тұра алмайды: балаларынсыз шешесі қайғырады, далада құр өліп қалады ғой»,- деді.

Балалар балапанды аяп, ұясына апарып қойды.

Спандияр Көбеев

Торғай мен қарлығаш

Торғай жыланның жұмыртқасын тауып алып, ұясына салып басып жүріпті. Бұлай істеп жүргенін Қарлығаш көріп, Торғайға айтыпты:

- Мұның не бейшара? Ақылың алмасқан ба? Мұнан не қайыр, не жақсылық күтіп жүрсің? Өскен соң жамандығы ең әуелі өзіңе тиеді. Айтпады деме! Басыңа тигенде білерсің.

Торғай Қарлығаш сөзін тыңдамай, жылан жұмыртқасын баса беріпті. Күні толған соң жұмыртқадан жылан баласы шығыпты. Өсіп үлкейіп, жылан болып алып, әуел бастан Торғайдың өзің шағып өлтіріпті. Сонда Қарлығаш көріп айтыпты:

- Айтқаным келмей қалмас, кербаққан тілімді алмас.

Ахмет Байтұрсынов

Бозша торғай

Ерте тұрған Омар атай үй сыртындағы бақшаны аралап келе жатты. Түні бойы жаңбыр жауған. Жер саз. Омар атай бір топ жусанның ығында бүрісіп отырған кішкентай құсты көрді. Ұшуға жарап қалған бозторғайдың балапаны. Тұмсығының жиектері сап-сары. Өзіне әбден жаңбыр өткен. Екі қанаты салбырап, дір-дір етеді.

Балапан Омар атайға жасқана қарады. Қорқып кетті. Салбыраған қанатын жиюға шамасы келмей, сүйреткен бойы бір түп жусанды сырт айнала берді. Бірақ жүгіріп кете алмады. Жығылып қалды. Омар атай

Бозша торғайды жерден көтеріп алды. Алақанына қойып аз ғана уақыт қызықтай қарады. Әрі тоңған, әрі қорыққан кішкене құс қалшылдап тұр.

Омар атай бозша торғайды үйіне әкеліп, күн сәулесі түсіп тұрған терезе жақтауына отырғызды. Алдына ыдысқа салып жем әкеп қойды. Бозша торғай жем жемеді. Омар атайға жалт-жалт қарай берді. Омар атай оның сырын сезіп, жымыып қана күлді де, тысқа шығып кетті. Сәлден кейін терезеден сығалап қарап еді, кішкене құс жемді теріп жеп жатыр екен. Үсті де құрғап кеуіпті. Бозша торғай ыдыстың ернеуіне ұшып қонды.

- Ә, әлденіп алдың ба? Өзіңе дос екенімді білген шығарсың? - деп қойды атай. Омар атай ептеп келіп терезені ашты.

Бозша торғай ыдыстың ернеуіне қонды. Көтеріліп барды да, әуеде қалықтап тұрып әндете бастады.

Нымгет Ғабдуллин

Өкпелеген үлесінен құр қалады

Қоян-ата көжектеріне көп сәбіз әкеп, бір-бірден бөліп берді. Ең кенжесі – сұр көжек:

- Маған қотыр сәбіз бердің, жемеймін, - деп ұртын бұртитты. Жуантық түп жағында бұршақтың үлкендігіндей ғана екі-үш бұртігі бар сәбізді басқа бір көжек қағып алды да, бір-ақ асады. Сұр көжек аш қалды.

Атасы оған:

- Солай балам... «Өкпелеген үлесінен құр қалады», - деді.

М. Әлімбаев

Бұғының мүйізі

Көктем кезінде әкесі он жасар Айдана мен жеті жасар Арманды хайуанаттар паркіне алып барған.

Айдана үлкендігі сиырдай бір қоңыр аңды қолымен көрсетіп:

- Міне мынау – бұғы, - деді інісіне.

- Жо-оқ, бұл бұғы емес. Көрмейсің бе, мүйізі ұқсамайды ғой?

Бұғының мүйізі деген үлкен болады, - деді Арман таласып.

Айдана қайта назар аударып, өзі де ойланып қалды. «Расында мынаның мүйізі бір түрлі екен. Қып-қысқа, құлақтан да оза қоймаған. Ұшы тоқал. Сырты түкті. Тіпті қатты да емес секілді. Өткен күзде көрген бұғының мүйізі мұндай емес, арбиған, аша сияқты еді».

- Көке, мынау қандай аң, бұғы ма? – деді ол қасына келген әкесіне қарап.

- Иә, бұғының дәл өзі.

- Мүйізі ұқсамайды ғой? – деді Арман.

- Е-е, мынау жаңа шығып келе жатқан жас мүйізі ғой. Кейін бұл сала-сала болып, шаңырақтай дәу мүйізге айналады. Ол қыста немесе көктемге қарай түседі де, оның орнына мынадай жаңасы шыға бастайды.

- Сонда ол жыл сайын түсе ме?

- Иә, жыл сайын көне мүйіз түсіп, жаңа мүйіз шығып отырады.
- Қызық екен? – деп таңғалды да, балалар одан әрі қарай бақты аралап кетті.

Т. Жексенбай

Күшік пен мысық

Ауылдағы көршілес екі үйдің бірінің қара күшігі, бірінің ала мысығы болды.

Бір күні қара күшік көршінің бағынан кіріп, сонда жүрген ала мысықты тұра қуды.

Мысық қашып барып, алма ағашқа шығып кетті.

Күшік ағаш түбіне келіп:

- Әу-әу-әу, әу-әу-әу! – деп, мысыққа қарап шабаланып тұрып алды.

Мысық та оған құйрығын қыбырлатып, белін күжірейтіп, ырылдап айбат шекті.

Сол сәтте жұдырықтай бір қызыл алма сабағынан үзіліп, күшіктің басына келіп топ ете түсті. Күшік қаңқ ете қалды да, «мысық ұрды екен» деп қаша жөнелді. Ол енді өз ауласына барып, тағы да мысық жаққа шәуілдеп тұрған.

Сол кезде мысық ағаштан жерге қарғып түсіп еді, ол «және де ұрады екен» деп ойлап, күшік жүгіріп барып үйшігіне кіріп кетті.

Содан бастап қара күшік ала мысықты қумайтын болды.

Т. Жексенбай

Әділ шешім

Орман төресі айбарлы Арыстанға Қоңыр аюдың үстінен арыз жазылды. Арызда бітік өскен Таңқурайлы сайды мекендеп, қорып, оған түскен Шошқаның торайын таспен ұрып көзін шығарып, Ешкінің лағының сирағын сындырған, бұзаулы Сиырдың мүйізін қағып түскені мәлімделді. Ормандағы бар жауналар жиналып Қоңыр аюдың мәселесін қарады.

- Аюеке сенің мінезің момақан еді, не себепті Шошқа, Ешкі, Сиырларға қиянат жасадың? – деді айбарланған Арыстан.

- Уа, тақсыр менен бір білместік өтті. Оларға жазықсыз қастандық жасаған жоқпын. Бар кінә өздерінде.

- Неліктен?

- Шошқа торайын ертіп алып, қорс-қорс етіп пісіп тұрған таңқурайдың түбін қопарды. Бір күндік емес келешектің жемісі емес пе? Таңқурайжы аядым. Шошқаны үркітейін деп тас лақтырып едім, торайына тиіп, көзін шығардым. Ол үшін әрине кінәлімін. Қоңыр аю иіліп келіп еңкейді. Айбарланған Арыстан Қоңыр аюдан мұны күтпеген еді, оған іші жылып қалды.

- Дұрыс айтасың, келешек өнімді қорғау бәріміздің ортақ борыш. Шошқа таңқурайды қопарғаның рас па?

- Рас, еді тақсыр.

- Ендеше қоңыр аю емес өзің кінәлісің.

- Ешкі не істеді, Аюеке?

- Лағын ертіп алып таңқурайдың піскен жемісін төгіп, сабағын шорт-шорт үзді.

- Ешкі де айыпты, ал сиыр не істеді?

- Бұзауымен ары-бері жүріп таңқурайды таптады.

- Сиыр да кінәлі. Таңқурайдың тағдырын ойлаған Қорңыр аюда еш жазық жоқ. Арыз жазғандар жауапқа тартылсын. Айбарланған арыстан әділ шешім шығарды. Жала жапқандардан құтылған Қоңыр аю Таңқурайлы сайға қарай томпаңдап ақырын аяндай берді.

Ескермес Сәрсенбаев

Тәртіпсіз лақ

Кеш. Аулада, терек саясында кітап оқып отырғанмын. Кенет тарс – түрс дыбыс шығып, басымды көтердім.

Қарасам, көршімнің біріншіде оқитын баласы кішкентай ақжағал лақты қуалап жүр.

Бір кезде жетті-ау лаққа. Мүйізінен ұстап алып, басқа төпелеп жатыр. Үйден әжесі шығып, оның қылығын көрді де:

- Әй, Тәлтай! Ұрма лақты!

Айқайға аландаймын деп, Тәлтай лақтан айырылып қалды. Төніп келген әжесінен қашпай тымыраяды.

- Неге ұрасың ой, тәртіпсіз?!

- Лақ тәртіпті ме? Неге еккен ағашымды құлатады?

Қараймын, әлгінде ғана терезе алдына еккен өрімталы қисайып жатыр. Оны көрген әжесі:

- Жә, екеуің де оңып тұрған жоқсындар, - деп қолын бір сілтеп, жөніне кетті.

- Маған ұрсады, лаққа ұрыспайды, - деп бұртаңдаған Тәлтай құлаған талын тұрғызып жатты.

Н. Сералиев

Құлын, қозы, лақ

Жаз. Өрісте лақ, құлын, қозы кездесе кетті. Іші пысқан олар бірігіп ойнамақ болды. Әуелі нендей ойын ойнайтынын талқыға салды. Сөзді ақ лақ бастады.

- Ойынның қызығы тауға шығу. Тастан-тасқа секіріп ойнау. Әрі қан тарайды, әрі миың тынығады.

Қошақан лақтың сөзін жаратпады.

- Секіріп шошандап ойнау ойын емес. Ойынның қызығы қошқарша сүзсіп ойнау. Әрі күшің толады. Әрі ойының қанады.

- Сендердің ойындарың көңілге қонбайды. Ойнаған соң шапқылап жарысайық. Тұра қалып тебісейік,- деді құлын.

Мәдіхат Төрежанов

Тәтті алма

- Саяжай деген сиқырлы бақ - аптап ыстықтан паналайтын қорғаның. Атасы солай деген. Қала шетіне келіп, көкірегін кере дем алып тұр. Алтай да айналаға жіті көз салды. Учаске үлкен емес, алайда жұмыс көп.

Былтырдан қалған қурайларды жинап өртеу, жер тырмалау, қопсыту, көң төгу, одан басқа шаруа жеткілікті. Соның бәрін атасы ала таңнан күн батқанша істей береді. Бүгіннен қалған жұмыс ертесіне жалғасады, аптадан-айға, айдан - жылға ұласып жатады. Кенет, Алтай айқайлап жіберді.

- Ата, кірпіні қара! Мың сан инесі қылаңытып, жер қыртысына кіріп барады.

- Бәсе, биыл алмам неге ғана көктемге жетпей қалды десем, түбіне жеткен осылар болар ма?

Алтай алманың сөлімен үш ай алаңсыз қоректенген кірпі жайлы оқығандарын айтқанда, атасы да күлімсірей берді.

- Шіркін, алма! Сені кім жек көреді екен?!

Нұрлан Құмар

Бір тал шөп

Көрші елдің патшасы залым болады да, ол елден біреу мейірімді патшасы бар келесі елге қашып өтеді. Өткен жерден ұсталып, мейірімді патшаның алдына әкелінеді. Болған жайды білген мейірімді патша әлгі қашқынды бүгінше зынданға салып, ертесі басын алуды бұйырады. "Мейірімді" деп келген патшасынан мұндай сұмдықты күтпеген ол өлтірмеуін сұрап, патшаға жалбарынады. Патша оған ертеңге дейін бір тал шөп өсіріп әкелуін бұйырып, егер соны әкеле алса ғана өлімнен құтылатынын айтады.

Содан «біттім» деген ол, енді өзіне Аллаһтан басқа жәрдемші жоғын біліп, таңға дейін бір тал шөп беруін одан жылап сұрап, әбден діңкесі құрып, ұйықтап кетеді. Ертең ерте түрме күзетінің түртіп оятуымен басын көтерген ол, өзі жатқан тас еденде бір тал шөптің өсіп тұрғанын көріп, Аллаһқа мың шүкір, сан мадақ айтады. Сөйтеді де, әлгі шөпті өзімен бірге алып жүреді. Патша уәде бойынша оған өлтіру бұйрығын береді. Сонда ол патшаға әлгі шөпті көрсетеді. Патша одан ол шөпті қайдан, қалай алғанын сұрайды. Ол зынданға түсіп, ертеңгі өлімді күтуден басқа еш шарасы қалмағанда, Аллаһтан бар пейілімен бір тал шөп сұрап, жалбарынып жатып ұйықтап кеткенін, тұрса алдындағы тас еденде осы шөптің Аллаһтың әмірімен өсіп тұрғанын көргенін айтады. Патша оның өліміне жиналып, болған істі ет құлақтарымен естіп тұрған көптің алдында: "Ендеше, сен де еліңнің патшасын залым көрсең, оны тастап қашпай, оның

мейірімді патша болуын Аллаһтан тіле. Аллаһ құлы не тілесе соны беретінін міне өзін дәлелдедің", - деп оны еліне қайтарады.

Құл-Керім Елемес

Үй хайуандары

«Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй хайуандары деп аталады. Үй хайуандары адамға көп пайда келтіреді. Жылқыға мінеді, оны арба мен шанаға жегеді, сүтінен қымыз ашытады. Семіздерін қысты күні соғымға сояды, терісін сатып, ақша қылады. Түйеге жүк артады, жабағысы күпіге жақсы болады, сатса жүні пұл болады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен асырайды. Ит қасқыр мен ұрыдан сақтап, қора күзетеді. Осылардың бәрі тегін қызмет етпейді. Олардың қызметі үшін адам оларды асырайды, бағады, қысты күні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды, ұры, бөріден сақтау үшін бақташы қояды».

М. Дулатов

Жақсы мен жаман

Дихан атызға бір түп гүл әкеліп отырғызды. Құнарлы жерге отырғызылған ол күнен күнге тамыр жайып, гүлдене өсе береді. Гүл бірінші – күннің нұрын, екінші – мөп-мөлдір суды, үшінші – таза ауаны сүйетін. Ол осынау тіршілік иесі болғанына, өзін әкеліп отырғызған адамға өте риза болды. Бір күні:

- Әй, сен көп асқақтама! Өмірге келгеніңе өкінетін боласың, — деген шіңкілдек дауысқа жалт қараса, дәл төменде түрі ұсқынсыз бір шөп басын қылтитып тұр екен. Гүл ештеңе дей алған жоқ. Көздері жасаурап кетті, қасындағы біршама үлкендігі бар екінші гүлге басын сүйеді.

- Жабырқама, сабыр ет! Адамдар оны «арам шөп» деп атайды. Бір басынан басқаны ойламайтын жауыз шөп. Одан әлі – ақ құтыламыз. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой.

Жас гүлдің көңілі біраз көтеріліп қалды. Әлгі гүлдің айтқаны рас болып шықты. Ертесіне он жастағы бір бала келді де, арам шөпті жұлып тастады. Гүл қайта құлпырды. Өмірде жақсылар да, жамандар да, бар екен.

Б. Әбділов

Қаладағы қыс

Қыстың аппақ қаламы
Ағартыпты қаланы.
Аялап жүр аяз кеп,
Ауладағы баланы.
Соғып үлкен ақ қала,
Соған мәз боп, шаттана,
Асыр сап жүр аланда
Қар атысып топ бала.

Алғашқы қар

Жалықтырып мал-жанды,
Тынған кезі жауынның.
Жапалақтап қар жауды,
Көбігіндей сабынның.
Жаз өткесін қайырлы,
Алмақ болып тынығып,
Көпіртіп ақ сабынды,

Автобус тұр аялдап,
Адамдар жүр аяңдап.
Ақ мақтадай үлбірек
Парк, бульвар, сая бақ.

Тәтті қыс

Ау, балалар, балалар!
Айналаға қарандар!
Биыл тәтті қыс болды,
Бұл бір сәтті іс болды.
Ақ бұлт бүркеп аспанды,
Шекер жауа бастады.
Сүтке салсақ, сәл мұздап,
Болды қардан балмұздақ.
Қамсыз қалмай бекерге,
Қарық болып шекерге,
Балмұздақты жинаңдар,
Достарыңды сыйлаңдар!
Көлдің беті – мармелад,
Әкел жинап, арбалап...
Ақ қанттай жарқырап,
Арайланған атырап.
Көкжиектен күлімдеп,
«Тыныш болсын күнің!» – деп
Күн қарап тұр анаша:
Бұл қыс қандай тамаша!

Ә. Табылды

Жатыр дала жуынып.

Қ. Баянбай

Қыс

Қыс келді, қыс иықтап,
Қалды аюлар ұйықтап.
Қыс келді, қыс мұз-қарлы,
Қыраулы да, ызғарлы.

Қ. Мырзағалиев

Төрт түлік пен жануарлар туралы жұмбақтар

Қаймықпайды күшті аңнан,
Қорқады ол тышқаннан. (Піл)

Қара ала тоны бар,
Аңдардың ол қраны.
Оны сенде танып ал,
Серейіп кеп тұрады. (Жираф)

Иір мүйіз,
Сүйір мүйіз,
Ай қабақты,
Май бұғақты,
Тұла бойы
Бұқа мойын,
Бұл қандай түлік,

Түрі жылқы бейнесі,
Жолақ-жолақ жейдесі. (Зебр)

Иір-иір денесі,
Сахараның кемесі,
Ащы шөптер тамағы
Шөлге шыдап бағады. (Түйе)

Шырша саясы - күркесі,
Өзі орманның еркесі
Қарғып жүрер жан-жаққа,
Өте құмар жаңғаққа. (Тиін)

Сайқымазақ қулығы бар,
Барған жерде ұрлығы бар,

Сенде оны біліп ал. (Қошқар)	Бұл қандай аң? Ұғып ал. (Түлкі)
Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Қоян)	Қалдырмай баласын бір елі, Қалтаға сап-ап жүреді. (Кенгуру)
Еріншекті, Еміншекті, Аямайды шағады, Мұны кім табады? (Ара)	Топырақпен көң астын, Қопарып ем. Жыбырлаған кен аштым. (Жауынқұрт)
Шөп ішінде жүреді, Шақса уын жаяды, Зиянын қойлар біледі, Күйсетіп жеп қояды. (Қарақұрт)	Тастан салған үйі бар, Қөшіп жүрер асықпай, Қыста ұйықтап бұйығар, Тамақ іздеп , ашықпай. (Тасбақа)
Сұм жүзді, Құралай көзді, Киікше секірген, Бура санды, Жолбарыс тонды. (Құрбақа)	Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты, Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. (Шыбын)
Еріксе, Құйрығымен ойнайды, Зеріксе, Ұйқыға бір тоймайды. (Мысық)	Мұртын сипап күн бойы, Бетін сусыз жуады, Тысырды аңдып түн бойы, Тышқанды кеп қуады. (Мысық)
Сұрғылт тартқан түсі бар Ақсиган көп итісі бар Тыным таппай жүгіріп, Сілекейі шұбырып, Қыстау маңын ториды, Ауылдың өш бар иті. (Қасқыр) Жер қопарған тісімен, Сескенесің түсінен. (Қабан)	Адамға серік, Күзетке берік. (Ит) Төрт түліктің рәкеті, Түзде жүрер күзетіп. (Қасқыр) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (Құмырсқа)
Үсті толы ине, Бірақ та, іс тігіп, Қадамайды түйме. (Кірпі)	Ешбір бұйым тікпеген, Үсті толған көк тебен. (Кірпі)
Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді,	Денесі бұлтық, Сыртты жасыл түе (Жұлдызқұрт)

Өнері де өнер-ақ,
Бірақ ісі бітпейді. (Өрмекші)

Иір-иір үйі бар,
Іші қапас әрі тар,
Құлақ тоссаң
Ызындаған үні бар,
Бұл не, біліп ал. (Ұлу)

Сабы жоқ қамшы,
Ешкімге ұсынба,
Уы бар бір тамшы,
Тілінің ұшында. (Жылан)

Үй ішін аралап,
Түнде көп жортады,
Қаптарды жарып ,
Мысықтан қорқады. (Тышқан)

Құстар туралы жұмбақтар

Жайнаған бақтың әншісі,
Тамсанған оған сан кісі. (Бұлбұл)

Сайрайды бір талмайды.
Әнші құс бал таңдайлы. (Бұлбұл)

Су бетін сызып,
Ақ құман жүр жүзіп. (Аққу)

Қауырсыны құлпырған,
Мың бояулы гүл тұнған
Сайрағанда дауысы,
Әнге бөлер тау ішін. (Тоты)

Имек тұмсық алғыр құс.(Қаршыға)

Қиянға қиын небір,
Салатын ұяны,
Өткір көзі шегір,
Бүргенін құртар тұяғы. (Бүркіт)
Көк жүзінде жылжып жай,
Керуен құрған тізіліп,
Ілгек-ілгек шынжырдай,
Қалмайды олар үзіліп. (Тырна)

Кеудесі қайқаңдап,
Жүреді байпаңдап. (Қаз)

Бұдыр-бұдыр балшықты,
Жинады да талшықты,
Ұқсатып қамытқа,
Үй салды жабыққа. (Қарлығаш)

Шуға бөлеп жағаны
Қанаттарын қағады,
Айдын судың түлегі,
Шабак іліп жүреді. (Шағала)

Ағашта болса егер мең,
Хабар беріп,морземен,
Тұмсығымен емдейді. (Тоқылдақ)

Шүнтиіп қос құлағы,
Түнде көрер қырағы.(Үкі)

Күн шықпай сап аттанды,
Қуырады апшыны,
Ұйқыда жатқанды,
Оятады ащы үні. (Қораз)

Шашы жоқ, тарағы бар,
Егіні жоқ, орағы бар. (Қораз)

Өзі кілем түріндей
Құдды қырдың гүліндей,
Гүлге қонса кетеді,
Айырмасы білінбей. (Көбелек)

Ала шапан кигені,
Сескенгіш болған соң.
Қыпылықтап жүргені. (Сауысқан)

Бірақ сөз біледі
Өз аты онысы
Соны айтып жүреді,
Және жоқ қонысы. (Көкек)

Талдың басында
Жемі бар қасында,
Там тұр саялы
Достарға аялы. (Құс ұясы)

БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ

1. Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)
2. Көліктер
3. Электроника әлемі
4. Мамандықтың бәрі жақсы

Су

Су - тіршілік, су - байлық,
Бекер төгіп – шашпаймыз.
Сусыз өмір болмасын,
Үйренгенбіз жастай біз.

Суды үнемдей білеміз,
Текке ағызбай жүреміз.
Табиғаттың сыйы бұл,
Басымызды иеміз.

Қ.Әбілдақызы

Боран

Үілдейді, гулейді,
Көзіңе түк ілмейді.
Ішін тартып, ышқынып,
«Мен күштімін, біл» дейді.

Бірді бірге соғады,
Адастырып жолыңнан.
Сотқар қыстың бораны,
Ермесін де соңынан.

Қ. Әбілдақызы

Самал

Жай еседі.
Жұрт деседі:
Жанға жайлы,
Сипап майда,
Тынысыңды ашады,
Күшіңе күш қосады.

Жел

Екпіні қатты самалдан,
Тұрғанда есіп жел алдан,
Ағаштар қозғап желегін,
Иеді басын көк егін.

Мамандық

Мен суретші боламын,
Бәріңді де саламын.
Марапатқа ие болып
Бірінші орын аламын.

Мен дәрігер боламын,
Бәрін емдеп жазамын
Адамдарды құрметтеп,
Бәріне ие боламын.

Ал мен ақын боламын,
Өлеңдерді жазамын.
Ақындыққа ие болып,
Бәрінен озып шығамын.

Боран

Екпіні қатты желден де,
Тағы да ұйытқып келген бе?
Жолындағыны ысырып,
Қаңбақтарды ұшырып,
Құлатқан кәрі ағашты,
Мінезі неткен оғаш-ты?

Дауыл

Екпіні қатты бораннан,
Сұр түсті тонға оранған.
Дауылда теңіз аһ ұрып,
Жатады суын сапырып.
Дөңбекшіп көзін ілмейді,
Болса да күндіз, түн мейлі.

Құйын

Үйіріп соғып өтеді,
Қаламас жаның.
Көтеріп алып кетеді,
Даланың шаңын.

Тұман

Тұман бұлттай тұтасқан,
Ызғырық есті жай ғана.
Көрінбей қалды көк аспан,
Күңгірт тартты айнала.

Көп тұрмады бірақ та,
Тұман жайлап сейілді.
Тау да,
Бау да,
Қырат та –
Бәрі де айқын көрінді.

Кемпірқосақ

Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Суретші екен табиғат,
Бояуларын дайындап,
Түр-түсіндәл тауыпты,
Кемпірқосақ салыпты.

Мен таңдайтын мамандық
Бір тамақты пісіріп,
Бір тамақты түсіріп,
Анам ылғи жүреді
«Дәмді емес» кім деді
Мен аспазшы боламын!

Н.Әлімқұлов

Машина

Машинам - көлікпін,
Мамандарға көніктім.
Үйренген соң білімді
Білерсіңдер тілімді.

Ә.Табылдиев

Мүсінші

Тасқа бедер саламын,
Егеп, қырнап, жонамын.
Шеберлігі шындалған
Мен мүсінші боламын.

Р.Қосбармақов

Дәрігер

Дәрігермін мен деймін,
Кәрі әжемді емдеймін.
Көп-көп ішіп дәріні
Кәрілікті жең деймін.

Ө.Тұрманжанов

Құрылысшы

Қолда темір қалағым,
Саздан сарай саламын.
Алматыдан аумайтын
Әсем қала саламын.

Ш.Садыханов

Ұшқыш

Кең аспанды шарлаған,
Ұшқыш деген мен болам.
Қыран құстай самғаған,
Ерен жүйрік мен болам.

А.Асылбеков

Мен ғарышкер боламын

Аспан, аспан, арайлым,

Бұршақ

Терезені біреу келіп,
Қатты-қатты қаққандай,
Бір топ жылқы тысырлатып,
Шауып бара жатқандай.

Сыртқа шықсам бұршақ екен,
Екпіні тау құлатар.
Кейбір жасық балаларды
Шертіп қалса жылатар.

Біраздан соң бұршақ жатты
Бытырадай шашылып.
Қара бұлт та таудан асты,
Әлденеге асығып.

Қырау

«Жапырақсыз жалаңаш
Дірдек қағып бақ тұр-ау» -
Деп ойласам, бар ағаш
Жамылыпты ақ қырау.

Қар

Ақ мақтадай ұлпа қар
Жамылыпты қырқалар.
Қалың-қалың тон киіп,
Маужырайды шыршалар.

Ш. Әлдибекұлы

Шекарашы

Кең дала, тау, көл, теңіз...
Ұлан-байтақ өлкеміз!
Өткізбейді жансызды
Шекарашы көкеміз.

Сыбдырлай ма ну қамыс?
Әр дыбыспен ол таныс
Ер жеткен соң жасаймыз
Ағаларға қолғабыс.

Шекарада солдат тұр,
Ел бақытын қорғап тұр.
Көңілденсін ағалар,
Амандық хат жолдап тұр.

Тоқаш Бердияров

Мен ғарышкер боламын

Аспан, аспан, арайлым,
Саған жиі қараймын.
Сені көзбен шоламын...
Мен ғарышкер боламын.

Ж. Смақов

Ұшқыш

Кең аспанды шарлаған,
Ұшқыш деген мен болам.
Қыран құстай самғаған,
Ерен жүйрік мен болам.

А. Асылбеков

Құрылысшы

Қолда темір қалағым,
Саздан сарай қаладым.
Алматыдан аумайтын
Әсем қала саламын.

Ш. Садыханов

Шахтер

Шахтерді ел біледі,
Оған сарай – жер асты.
Көмір қазып жүреді,
Сорғалатып тер ащы.
Бала оқитын зәулім үй
Қалмауы үшін суынып,
Үйіп көмір тауды ылғи,
Береді ол жылылық.

С. Мәуленов

Монтер ағай

Ағай епті қолымен
Жүреді ылғи от беріп.
Тарам-тарам жолымен
Жүгіреді тоқ келіп.
Көшеде, үйде, кеңседе
Жүреді ағай шам жағып.
Түн ішінде келсе де,
Ол жүрген жер жап-жарық.

Мұзафар Әлімбаев

Шофер

Жазда, қыста, көктемде,
Отырмайды жайланып.
Еңбек босқа кеткен бе,
Жүреді ылғи бәйге алып.

Тазаламай жатпайды,
Киімі болса май тамған.
Ауыл біткен мақтайды,
Шофер гой деп мақтанып.

Е. Ескендіров

Біздің отбасы

Әкем – менің қауыншы,
Апам – менің сауыншы,
Ағам – менің егінші,
Жеңгем – менің тігінші.
Атам болса, ол ұста,
Бәрі – бәрі жұмыста.
Отырмаймын мен текке.
Кеттім мен де мектепке.

А. Соныбеков

Жұмбақтар

Орақ болып туады,
Табак болып тынады. (Ай)

Әлемнің бар екі күзетшісі;
Бірі-күндіз тынығады,
Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай)

Бейнесі суда дірілдейді,
Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай)

Күндіз білінбейді,
Түнде күлімдейді. (Жұлдыз)

Тек өзі көрінбейді,
Адамды тоңдырады
Ызғары дірілдетіп,
Есіңнен тандырады. (Аяз)

Суда қалқиды,
Жылыда балқиды. (Мұз)

Күннің көзі түйілді,
Көкте бұлт үйірлді
Сұйық моншақ шашылып,
Жерге нәр боп құйылды. (Тамшы)

Шөміші жоқ,
Теңізді сапырады,
Кебісі жоқ,

Төрінде тұр нұр көзі,
Жердің биік күмбезі.(Аспан)

Үлкен алтын табактан,
Әлемге нұр таратқан.(Күн)

Алып кілем -
Гүлге толы
Үсті кілең. (Жер)

Қоймасын қыс ақтарып,
Жерді жапты ақ мамық. (Қар)

Қолы мен қаламы жоқ,
Бірақ сурет салады көп. (Аяз)

Еш тесікке тұрмайды,
Ол жоқта жер құрғайды.(Су)

Өртесең де ерімейді,
Не тот басып шірімейді,
Өн бойына су сіңбейді.
Ылғал тартып, ірімейді. (Тас)

Егінді жапырады. (Дауыл)

Бір атаның ұрпағы

Жер бетін теп-тегіс көмкеріп тастаған мамық Қар мақтанды.

- Мен ақпын, кіршіксіз тап-тазамын, - деп. Одан өзен-көлдерде айнадай жарқырап жатқан көгілдір Мұз да қалыспады:

- Мен мөп-мөлдірмін. Түп-тұнықпын.- Сыңғырлай ағып жатқан Су бағанадан бері бұлардың сөзін тыңдап тұрған. Сөзге ол араласты.

- Қар, Мұз текке мақтанасындар. Біз бір атаның ұрпағымыз, - деді.

- Қалайша?

- Жылы күнде менің үстімнен бу көтеріле ме?

- Иә, көтеріледі.

- Ендеше сол бу жаңбырға айналып жауған Қар сенсің. Ал, қыстың күні менің бетімде жалтырап Мұз қата ма?

- Қатады.

- Ол сенсің Мұз. Айналып келгенде бәріміз бір атаның ұрпағымыз. Осыны ұмытпайық, ағайын. Қар мен Мұз оған ұялып, тіл қата алмады.

Ескермес Сәрсенбаев

Үміт

Ақылды үнемі әкесінен нені болса, соны сұрайтын. Әкесі де оған «нені болса соны сұрайтының не?» деместен, оның сұрағандарына өте ыждағатпен жауап беретін.

Бірде ол әкесінен:

- Әке, неге осы ат жүргенде алдыңғы аяқтары басқан ізінен, артқы аяқтары басқан ізі асып түседі? – деп сұрады. Әкесі:

-- Балам ол солай. Алдыңғы аяқтары басқан ізден артқы аяқтары басқан ізі озып түсіп отыратын қасиет тек жүйрік, бәйге аттарында ғана болады. Оны сен аңғарған екенсің, демек сенен де бір ақылды адам шығар, Инша Аллах!? Ол тағы бұрын шыққан құлақтан кейін шыққан мүйіз озатынының да белгісі, - деді. Ақылды:

- Бұрын шыққан құлақтан, кейін шыққан мүйіз оза ма? Неге? – деп сұрады әкесінен. Әкесі:

- Иә, балам. Мәселен, құлақ ол туа бітті бар болады. Ал, мүйіз болса, бұзау алғаш туғанда болмайды. Кейін, үлкейе келе біртіндеп өсе келе құлақтан да озып, ұзарып кетеді. Өзің қарашы, ана ала тацыншаның туғанда қанша мүйізі бар еді? Жоқ болатын, Ал құлағы ше? Құлағы бар болатын. Бірер айдан кейін мүйіз шыға бастады. Енді міне, бір жылға таяп еді, мүйізі өсіп құлағымен бірдей болды. Құдай қаласа, келер жылы мүйізі құлағынан әлдеқайда ұзын болып озады.

Сен ақылдысың. Демек, Ақбақайдың артқы аяғы алдыңғы аяғынан озып түскеніндей, ала тайыншаның туғанда жоқ мүйізінің, туғанда бар құлағынан асып кеткеніндей, сен де үлкейгенде қатарыңнан озық болсаң екен, мен жетпеген биікке жетсең екен балам, - деді әкесі.

Ақылды шынымен-ақ ақылды бала гой, ойланып қалды.

Құл-Керім Елемес

Мамандық туралы жұмбақтар

Алатаяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. (Жол полиция қызметкері)	Айдында жүзеді, Тірі күміс сүзеді.(Балықшы)
Өнерге тән жаратқан, Көкірегі кең аспан Барша жұртты қаратқан, Бейнегер кім тым асқан? (Қылқалам шебері)	Мандайға жағып шырақты, Лавалардан тұрақты, Ағызып отын өзенін, Жылытқан кім өз елін? (Шахтер)
Адамның жүзін, Басы мен көзін. Айнытпай келбетін, Салатын кім суретін?(Суретші)	Жасыл желек көгалда, Бірде артқа, Бірде алға, Желаяқ көп бала, Таласып жүр бір шарға. (Футболшылар)
Жолының көп азабы, Сондадағы тынбайды. Жаңалықты жазады, Көпшілікті таңдайды. (Журналист)	Кең байтақ туған жеріме, Кетпесін деп жат із өтіп, Тыныштық тілеп еліме, Отанды кім тұр күзетіп. (Шекарашы)
Қалпағы ақ қарасаң, Дәрігер емес ,бірақ та, Дәм мәзірін қаласаң, Алға ұсынып тұрады ол. (Аспаз)	Өрнектеп сәндеп, Тігістерін бүгетін, Солпысын жөндеп, Кім көйлек тігетін? (Тігінші)
Күміс қанат сұңқары. Көкке еркін сүнгиді. Бұлттан да тым әрі, Кеткен жанды кім дейді. (Ұшқыш)	Өскен шашты жаратпайтын, Қайшысы бар жалақтайтын. (Шаштараз)
Оның тіккен бұйымы,	Дабылға тез жететін

Аяғыңды қаптайды,
Шыға қалса жұлымы,
Әдемілеп баптайды. (Етікші)

Жалынға сүңгіп кететін
Қақалса да түтінге,
Тайсалмайтын батыл кім
Жасқанбайтын батыр кім?
(Өрт сөндіруші)

САЛТТАР МЕН ФОЛЬКЛОР

1. Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері
2. Ертегілер Елінде. Театр әлемі
3. Өнер көзі халықта
4. Нұр төккен, гүл көктем

Бесік жыры

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем!
Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның жіпке
Жіпке тағып берейін.
Әй-әй бөпем, әй бөпем.
Ән айтайын бал бөпем.
Ән тыңдағың келсе егер
Және айтайын, жан көкем.

Бөпем менің ай ма екен?
Шекер ме екен, бал ма екен?
Ойнақтап бір бәйгеден
Озып келер тай ма екен ?
Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің?!
Таңдайларың тақылдап,
Сөзіңді жұрт мақұлдап,
Шешен болар ма екенсің?!

Бесік жыры

Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Ән айтайын, бал бөпем,
Ән тыңдағың келсе егер,
Және айтайын, жан көкем

Санамақ

Бір үйде біз нешеуміз
Кел санайық екеуміз
Бас бармағым – әкем,
Балан уйрек – анам,
Орған тірек – ағам,
Шылдыр шүмек – апам,
Кішкене бөбек – мен.

Сыбызғы

Сыбызғы - түтік,
Әр тұсынан тесілген,
Үрлесе шебер,
Үні кетпес есіңнен.

М.Әлімбаев

Сыбызғы

Кең далама, тауыма,
Сызылтып ән салайын.
Сыбызғыммен маңыма,
Достарымды жинаймын.

С.Әлімқұлов

Домбыра

Басып дұшпан желігін,
Жырла, көтер ел үнін.
Қара шанақ домбырам
Күмбірлей бер серігім.

Бөпем менің ай ма екен.
Шекер ме екен, бал ма екен.
Ойнақтап бір бәйгеден
Озып келер тай ма екен.
Тас бұлақтар тауда екен,
Жас құрақтар сайда екен.
Көлбең-көлбең ұшатын
Көбелектер қайда екен
Қара қарға қарда екен,
Жапалақтар жарда екен,
Балпаң-балпаң басатын
Балапандар қайда екен.
Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Ұйықтадың ба, бал бөпем...
Алдағанға көнетін
Аңқау бөпе қайда екен.

Сағи Жиенбаев

Тары

Көкем еккен ақ тары,
Күзде пісіп жетілді.
Кекілі бар сап-сары,
Сары бала секілді.

Талқан

Мынау тұрған қай талқан,
Жеңгем түйген май талқан.
Ауызға оны салғандар,
Қақалып тек қалмаңдар.

Сары май

Көп адамдар білмейді,
Ішсе шәйін үрлейді.
Ыстық шәйға май қосса,
Бірден ауыз күймейді.

Сүт

Май алады сүттен,
Құрт алады сүттен.
Сүт алады молырақ,
Малын баптап күткен.

Құрт

Қатты құртты жейміз,
«Дәмі қышқыл» дейміз.

Сылдырмақ

Өзінше бір жыр жырлап,
Отыр інім былдырлап.
Әрі ойыншық, әрі аспап
Қолында бар сылдырмақ.

К. Ыбрайұлы

Шұбат

Бұрын ішіп көрмесең,
Сусын әрі тамақ бұл
Ыстық қысып шөлдесең,
Сәл су құйып шалап қыл.
Дәмін бірден ұнаттым
Қымыз қосып кім татты?!
Бұрқырыған шұбаттың,
Көпіршігі тым тәтті.

Қазы –қарта, жал-жая

Дәмді тамақ қандай, ә!
О, қазағым, жарадың!
Қазы –қарта, жал-жая,
Сенің ұлттық тағамың.
Құпиясын біл қазір,
Бар ма қояр сұрағың?
Дайындалар бұл мәзір
Жылқы етінен шырағым!

Балқаймақ

Қойды өріске айдатып,
Болғаннан соң мал жайлап.
Түйе сүтін қайнатып,
Алар әжем балқаймақ.
Наурызда ауыл-аймақ,
Келер үйге көрісіп.

Салма артық күшінді,
Сындырасың тісіңді.

Ірімшік

Атамның да тісі жоқ,
Апамның да тісі жоқ.
Тәтті ірімшік жинаймын,
Екеуіне сыйлаймын.

Қаймақ

Балдан тәтті қаймақ
Жегенім жоқ айлап.
Жүрген шығар сақтап,
Апам мені ойлап.

Құймақ

Жасап әжем құймақ,
Табаға әкеп құймақ.
Пісті жұмсақ құймақ,
Қойды алдына сыйлап.

Жент

Тарыны түйіп қатты,
Қауызынан айырап.
Ұлт тағамы ол тәтті,
Қант, мейіз, майы бар.

Шұжық

Дәмді тағам шұжық,
Түрі ұзыншақ қызық.
Ағам көрсе тоймайды,
Оңайға апам қоймайды.

Қазы

Ет төресі қазыны,
Апам тұздап баптайды.
Ұнға тығып жаз күні,
Күзге дейін сақтайды.

Қымыз

Жеңгем бие сауады,
Ағам саба піседі.
«Денсаулыққа дауалы»,
Деп үлкендер ішеді.

Тіл үйірет балқаймақ.
Қою шәймен көр ішіп.

К. Ыбрайұлы

Соғым

Тауды тұман жайлады,
Салқын тартты қыр түні.
Қораға атам байлады,
Қыста сояр жылқыны.

Бос жүргенім ұят-ты,
Қимылдасын екі қол.
Болатұғын сияқты
Біздің үйдің еті мол.

Тәй-тәй басып қалды інім,
Оны күнде ойнатам.
Көршілердің барлығын
Шақырамыз дейді атам.

Соғым сойып, бата алар
Қыс тезірек келсе екен.
Ет жеген соң аталар,
Ертегі айтып берсе екен.

А. Мұхибек

Шұбат

Іркіт түстес түрі,
Пайдалының бірі.
Бойға берер қуат,
Ішсем ем ғой шұбат.

Т. Еділбаев

Санамақтар

Екі ағам – Асқар, Мүсілім,
Бір әпкем және үш інім,
Әжемді қоршап аламыз.
Бір үйде қанша баламыз?

Қос шардан
Достарға
Бердім:
Бек,
Оспанға,
Айгүлге,
Асқанға,
Алтынға,
Асқарға...

Өз шарым
Аспанда,
Қанша шар қосқанда?
Әктеп, жинап үйімді,
Өтектедім киімді,
Еден шаңын сыпырдым.
Қанша жұмыс бітірдім?

Алдында үш балапан,
Артында үш балапан,
Ақ тауықты қосқанда
Саны қанша, балақан?

Бес жұмыртқа бес жерде,
Тағы бестен үш жерде.
Қанша болар барлығы
Бір қазанға түскенде?
Оң қолымда бес өрік,
Сол қолымда бес өрік,
Саған берем барлығын.

Топ, топ, добым

Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап?
«Бір, екі»,- деп, екі ұрдым,
Терезеге секірдің.
«Үш, төрт, бес»,- деп үлгердім,
Ішіне ендің гүлдердің.
«Алты, жеті,- дегенде,
Жаттың шоршып еденде.
«Сегіз, тоғыз, он»,- дедім,
Енді ырқыма көнбедің.
Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап?

Ғалым Океев

Санамақ

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он саусақ.
Оң аяқта бес бақай,
Сол аяқта бес бақай.
Қосып едім екеуін
Болып шықты он бақай

Беске дейін санау

Бірді бірге таяп қой.
Екеу болар қос таяқ,
Цифры оның тап мына
Ұқсайды бір аққуға.
Екі мен бір – болар үш,
Цифры оның – ұшқан құс.
Үш пен бірің төрт екен.

Алатының неше өрік?

Бір бұзау, қос құлыншақ,
Үш ақ лақ – қуыршақ.
Малын санап Есенім,
Білмей қойды есебін.
Есептейік, кәне, біз,
Есен досқа бәріміз
Көмектесіп көрейік,
Сан үйретіп берейік!

Төрт биенің емшегі,
Төрт түйенің емшегі
Қанша екенін айта ғой,
Білгіш дейін мен сені.

Машинаның бесеуін
Егінжайға жібердім,
Машинаның бесеуін
Еділбайға жібердім.
Жұмсадым мен нешеуін,
Айтшы маған есебін...

Бір-бірімен жарысқан
Төрт аю, бір арыстан,
Үш қоян, бір мәлін бар...
Бәрі нешеу? Табындар...

Ә. Табылды

Төртеу санның көркі екен.

Төрт аяқпен жануар,
Стол, төсек... тағы бар..
Төрт аяқпен нық тұрар,
Төрт бірлікті ұқтырар.
Бес дегеннің цифры,
Қарап тұрсаң оп-оңай.
Үштің басын қайырып,
Қоя салған жай бұрап.

Ә. Табылдиев

Қаз-қаз бас

Қаз-қаз, балам, қаз балам!
Қадам бассаң, мәз болам!
Күрмеу үшін шешейін,
Тұсауыңды кесейін!
Қаз-қаз, балам, қаз балам!
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық!
Қаз-қаз, балам, қаз балам!

Қадам бассаң, мәз болам!
Қаз-қаз, балам, жүре ғой!
Балағынды түре ғой,
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой!
Қаз бола ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер!

Халқымның қадір-қасиеті

Қатысушылар:

Шал

Кемпір

Ерден – қонақ бала

Немерелері:

Талант

Талғат

Самат

Сахнада қазақ үйінің бір бөлмесі жабдықталған. Дастархан басында шал мен кемпір және кіші немересі Самат. Әрқайсысы өз шаруасымен айналысып отыр.

Талғат *(жүгіріп кіреді)*: Сүйінші! Сүйінші! Қаладан Талант ағам досымен бірге келе жатыр.

Кемпір: Кане, қайда?

Талғат: Әне, жаңа ғана автобустан түсті. Үйге қарай келе жатыр.

Шал: Ой, айналайын, жеткен екен ғой. Өркенің өссін, Талғатжан. Сүйіншіңе қалағаныңды ал!

(Талғат қайта шығып кетеді).

Самат: Ата, сүйінші деген не?

Шал: «Сүйінші» деген, балам, қуанышты хабар. Жаңа Талғат ағасының келгеніне қуанып, сүйінші сұрап келді. Ондайда шын қуанған адам «қалағаныңды ал» дейді.

Кемпір: Құдайым қуаныштан айырмасын. Осыдан егер Талантжан келін әкелсе, құдалар келсе, нәрестелі болса, көл-көсір шашу шашамыз.

Самат: Шашу деген не ол? Оны неге шашасыз?

Кемпір: Үлкен бір тойларда, қуанышты күндерде тәттілермен, күміс тиындармен табақты толтырып, жиналған көпшіліктің ортасына уыстап шашады. Ол нағыз берекенің, ырыстың, ақжарқын көңілдің белгісі, айнама. *(Бір қолымен жер тіреп, бір қолын арқасына ұстап, орнынан көтеріледі)*. У-уһ. Қой, мен шай қамдайын. Әу, отағасы, ана балалардың қонақасына бір мал даярламайсың ба? Мен Талантжанның сыбағасын қазанға салуға даярлай берейін.

Самат: Ата, қонақасы деген не?

Шал: Балам, Талант ағаң жалғыз өзі емес, жанында досымен келе жатыр. Сондықтан, қазақ үйге келген қонақты қатты сыйлайды. Соның құрметіне арнайы мал сояды. Соны – қонақасы дейді. Ол – жомарттықтың, елдіктің үлкен белгісі.

Самат: Ал енді, жаңағы әжемнің сыбағасын даярлайын дегені не?

Шал: Ол – Талант ағаңның сыбағасы. Талант ағаң қыста соғым сойғанда үйде болған жоқ қой. Сол соғымның етінен Талантқа деп сақтап қойған ет, қазы -қарта, жал-жаяны – сыбаға деп атайды.

(Үйге дабырласып Талант пен оның досын ертіп Талғат кіреді. Жолдан келген жігіттердің сөмкелері бар. Қауқылдасып, сәлем бере кіреді).

Балалар: Ассалаумағалейкүм, ата! Армысыз!

Шал: Ағалейкүмассалам! Бармысыңдар, балаларым!

Кемпір: Дені-қарындарың сау ма? Келген жерлерінде ел-жұрт аман ба? Келіндер, төрге шығып, жайғасып отырыңдар. Жолдан шаршап келген шығарсыңдар. Мен қазір шай әкелейін *(шығып кетеді)*.

Балалар малдастарын құрып, дастарқан басына жайғасады.

Шал: Талғат, балам, ағаларыңның қолына су құя ғой.

Талғат сыртқа шығып, иығына сүлгі іліп, шылапшын мен құмған алып кіреді де атасына, сосын қонаққа, Талант ағасының қолдарына су құяды.

Су құю тәртібі: *шылапшынды жерге қойып, сол қолымен құмғанның шүмегінен, оң қолымен тұтқасынан ұстап, суды үзіп-үзіп құяды. Қол жуылып болған соң, құмғанды жерге қойып, сүлгі ұсынады. Осы мезгілде дастарқан да әзір болып кемпір шай құя бастайды.*

Шал: Ал қарақтарым, ат-көлік аман, шаршамай-шалдықпай жеттіндер ме?

Самат: Ата, олар атпен емес, автобуспен келді емес пе?

Шал: Ой, шырағым-ай, баламысың деген, аман-сәлемнің ретінің өзі осылай болады. Ал енді мына баланы танымадық?

Талант: Ата, бұл менің досым. Аты – Ерден. Академияда бірге оқимыз.

Шал: Жөн. Иә, Ерден балам, қай туған боласың? Қазақта «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» деген сөз бар. Жеті ата дегенді білесің бе, өзің?

Ерден: Ата, менің де сіздер сияқты ата-әжем бар. Өзім шыққан жүзімді, руымды, елімді-жұртымды, жеті атамды түгел білемін.

Шал: Әп, бәрекелді! Онда, жеті ата деп кімдерді білеміз, айта қойшы?

Ерден: Менің білуімде ата, жеті ата дегеніміз – ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене болып келеді. Одан әрі – туажат, жекжат, жұрағат, жамағат болып жалғаса береді.

Шал: Ой, пәлі! Көсегең көгерсін, қарағым! Олай болса, мен өзіңе бір бата берейін, балам.

(Дастарқан басындағылар қол жаяды).

Шал: А, құдайым оңдасын,

Сәтсіз күнің болмасын.

Бастарыңа бақ сыйлап,

Қыдыр бабаң қолдасын.

Тұғырдан таймас қыран бол,

Ел-жұртыңа ұран бол.

Ескендірдей бекем бол.

Атымтайдай жомарт бол,

Жеті атаңдай бек мәрт бол.

Айбаты асқан ұлан бол,

Халқың сүйер сұлтан бол.

А, құдай, жарылқа, Әумин!

(Барлығы беттерін сипайды).

Шал: Ал, енді үлкен тамақ келгенше емін-еркін әңгімелесіп отырайық.

Талант: Ата, онда біз мына Ерден екеуіміздің қаладан інілерімізге әкелген сый-сияпатымызды ұсынсақ *(Сәмкесінен бір-бір тақия алып Талғат пен Саматтың бастарына кигізеді).*

Шал: Ойпырмай-ә! Мұндайда балалардың жаңа киімі үшін халқымызда байғазы деген беріледі. *(Кемпіріне қаран)* Бәйбіше, мына немерелеріңнің байғазысына не бересің?

Кемпір: Айналайын, жарықтарым сол, жаңа бұйымдарың ыстық денелеріңде тозсын, көп жасандар, шырақтарым *(екі немересінің маңдайларынан иіскеп, қолдарына бір – бірден қамшы ұстатады)*. Аталарың байғазысын өзі даярлап қойып, маған айтып отырған ғой.

Шал: Иә, Алла, осылай қызық-қуаныштан айырмасын. Қазақта той көп қой – қыз ұзату, келін түсіру, баланы бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, сүндет той, тілашар деймісің, толып жатыр ғой. Жақында сол қызықшылықтың бірін өздерің де көресіндер.

Талант, Ерден *(қосарланып)*: Ол не қызық, ата?!

Кемпір: Мына Талғат бауырларың қалаға барып оқиын деп жатыр ғой. Алыс жолға алғаш шығайын деп отыр.

Шал: Ата салтымыз бойынша мұндайда арнаулы мал сойылып, кең дастарқан жасалады. Ойын-сауық өткізіліп, өлең-жыр айтылады. Бұл думан, алыс жолға алғаш шығарып салу дәстүрі – тоқымқағар деп аталады.

Балалар *(гүлдеген)*: О, тамаша, тойдың үстінен түсіппіз, жақсы болған!

Шал: Алла бұйыртса, көрер қызықтарың көп болсын, қарақтарым. Жорытқанда жолдарың болсын, жолдастарың Қыдыр болсын. Онда есік алдына шығып, бой жазып, дене сергітейік, әу-уп!

(Шымылдык).

Қанат Қайым

Ақсақ көжек

Қатысушылар:

Қоян

Түлкі

Көжек

Түлкішек

Қасқыр

Қодық

(Балалар костюмдер немесе маскаларын киіп аңдардың рөлдерін ойнайды)

Сахна. Шағын алаңқай. Бірлі-жарым ағаш. Өсіп тұрған шөп. Көжек пен Түлкішек (түлкінің күшігі) сахнаға шығады. Өздері көңілді сақ-сақ күледі. Бірі қашып бірі қуады. Алысып жұлысады. Кезекпе-кезек бірі жеңіп, бірі жеңіледі.

Түлкішек: Әй Көже, Көже, Көжек! Екеуміз жарысайық.

Көжек: Қалай?

Түлкішек *(Алысты нұсқан)*: А-на-ау дәу ағашты көрдің бе?

Көжек: Көрдім.

Түлкішек: Аяғымыздың астынан бастаймыз. Сол дәу ағашты айналып осы жерге кім бұрын келеді... Сол – жеңеді. Жарыстың тәртібі былай: Жеңілген жеңгенді сол ағашқа дейін арқалап барып қайтады.

Келістік пе?

Көжек: Жарайды келістім.

Түлкішек (*Екеуі қол алысады*). Ал кеттік!

(*Екеуі тұра жүгіріп, сахнадан кетеді. Сәлден кейін бірінші Көжек келеді. Оның артынан алқынып Түлкішек жетеді*) Көжек көңілді.

Түлкішек көңілсіз. Алқынып жата қалады.

Көжек (*Түлкішекті түртіп*): Әй батыр! Тұр! Арқала тез!

Түлкішек: Өй қоя тұршы!

Көжек: Уәде қайда?

Түлкішек: Шамалы дем алайыншы.

Көжек: Жоқ болмайды! (*Түлкішекті алдыңғы аяғынан тартып тұрғызады. Үстіне мінеді*). Шу! Шу! Жануар!

(*Түлкішекті мініп сахнадан кетеді. Сәлден соң, сол мінген күйінде «шу-шу- леп» сағнаға оралады. Түлкішек «Ой жан-ай!» деп құлай кетеді. Көжек көңілді. Өлең айтып, би билеп жүр*).

Түлкішек (*Орнынан тұрып*): енді секіріп жарысайық. Кім ұзаққа секіреді – сол жеңеді. Ойынның тәртібі – жаңағыдай. Анау ағашқа дейін арқалап барып қайту. (*Түлкішек жерді сызады*). Міне мына сызықтан бастап секіреміз.

Көжек: Ал, сен баста.

(*Түлкішек секіреді. Секіріп түскен жерін сызады. Көжек те секіреді. Секіріп түскен бойда, баж етіп, шыңғырып жібереді. Түлкішек келіп аяғын ұстаса, одан әрмән шыңғырады. Өстіп тұрғанда Қодық келеді*).

Қодық: Сендерге не болды?

Түлкішек: Көжек екеуміз жарыстық. Секірдік. Мынау аяғын ауырттып алды. (*Қодық көжектің аяғын сипап көреді*).

Қодық: Сынбаған. Шықпаған. Сіңірі созылған. (*Көжекке*). Кел арқама мін. Үйіңе жеткізіп салайын.

(*Түлкішек Көжекті сүйемелдеп Қодыққа мінгізеді. Үшеуі сахнадан шығып, қайтып оралады. Қасқыр келеді*).

Қасқыр: (*Күледі*) Ха-ха-ха. Бұйырған – кетпейді, жүгірген – жетпейді! Бәрі де жас! Ет-метімен, сүйек-мүйегімен қашыр-құшыр шайнайсың! Қайсыңнан бастасам екен, ә?

(*Үшеуі ботадай боздайды*).

Түлкішек: Қасқыр көке аяңыз. Сіздің де бөлтіріктеріңіз бар. Соларды жолбарыс жесе, жақсы бола ма? (*Көжекті нұсқап*). Мына Көжектің аяғы сынып қалды шешесіне әкеле жатыр едік...

Қасқыр: Неге сынады?!

Түлкішек: Секіріп сындырып алды.

Көжек: (*Жылап*). Ой аяғым-ай, аяғым-ай...

Түлкішек: Қасқыр көке! Түріміз – мынау. Бізді жегенше, үйде майы сорғалаған сары қаз бар еді...

Көжек: Біздің үйде көп сәбіз бар...

Түлкішек: Иә мұның үйінде көп сары қыз бар. Бізді жегенше, сары қаз бен сары қызды жеңіз.

Қасқыр: Шын ба?

Түлкішек: Рас айтамын.

Қасқыр: Кеттік онда!

(Көжек қодыққа мінеді. Сахнадан кетеді. Қайта оралады).

Түлкішек: Қасқыр көке! Үйге жақындап қалдық.

Қасқыр: *(Тұмсығын көтеріп)*. Мұрныма бір еттің иісі келеді...

Түлкішек: *(Тұмсығын көтеріп)*. Біздің сары қаздың иісі гой.

Қасқыр: Енді көзімді жұмып-ақ табам!

Түлкішек: Қойыңызшы қасқыр көке! Онда көзіңізді байлайық.

Қасқыр: Байла.

(Түлкішек қасқырдың көзін шүберекпен байлайды. Бәрі жүреді. Сахнадан кетіп, қайта оралады).

Түлкішек: *(Алдыңғы аяғын ұстап)*. Қасқыр көке былай жүріңіз. Орға түсіп кетесіз. *(Түлкішек қасқырды әдейі қақпанға түсіреді. Енді қасқыр зар қақсайды. Түлкішек көзіне байлаған шүберекті алады. Түлкі мен қоян келеді. Балаларын құшақтайды).*

Түлкі: Қайда жүрсіңдер?

Қоян: Амансыңдар ма?

Түлкішек: аманбыз.

Қасқыр *(зарлап)*. Ой, жаным-ай! Көмектесіңдер ағайындар.

(Бәрі жабылып қасқырды қақпаннан босатып алады).

Қасқыр: Ай айналыындар! Мың жасандар! Үбірлі-шүбірлі болындар!

(Қасқыр бәрімен төс қағыстырып құшақтасады).

Шымылдық

Әлсейіт Ақпанбетұлы

Наурыз батасы

Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс күнгі игілік
Жан-жақты болсын!

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын!
Қайда барсаң жол болсын,
Не тілесең сол болсын!

Төрт түлік соны кеңге өрсін,
Пәле-жала жерге енсін!
Наурыз күні қазан толып
Береке-бірлік елге келсін!

Наурыз

Қарды ерітіп жылғасы,
Наурыз келді – жыл басы.
Шуақ тәкті жарық күн,
Мейрамында халықтың.
Бата беріп атамыз,
Бата беріп апамыз.
Тәтті болып жасалған
Наурыз дәмін татамыз.

Б. Жақыпов

Көктем

Көктем қырға төрледі,
Төрт түлік мал төлдеді.
Бәйшешектер құлпырып,
Деп тұрғандай: «Көр мені!»

Жылы мезгіл жетіпті,
Тастадық біз етікті.
Қар көктемге жеткізбей,
Тауға шығып кетіпті!

К.Ыбырайұлы

Нұрлы жаңбыр

Жау, ақ мейір жаңбыр,
Жердің шөлін қандыр.
Тамырларды қуала,
Далам айтсын ән-жыр.

Жау, аяма, нөсерле,
Сенсіз бір түп өсер ме.
Құйып-құйып өтпесең,
Бұлт жөніне көшер ме?

Жау, жау, жаңбыр, аянба,
Бұлтқа бүйір таянба.
Сен нұрысың аспанның,
Нұрыңды төк, аяма.

Қ. Әбілдақызы

Жыл мезгілдері (ертегі)

Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде Ақ жайықтың жағасында еліне елеулі, халқына қалаулы, бір домалақ ана өмір сүріпті. Сол анадан тараған төрт қыз бар екен. Олардың ауыз десе аузы, күндей жарқыраған көзі бар. Дүниенің сұлулығын өздеріне дарытқан сұлу қыздары болыпты.

Анасы жақсы тәрбие беріпті, Үлкен қызының аты «Көктем». Ол ақ жарқын, мінезі нәзік. Екінші қыз «Жаз» жарқырап, жайдарлы, әр уақытта күлімдеп, нұрын шашып жүреді. Үшінші қызы «Күз» басқа қыздарға қарағанда жылауық, жаңбырлы болады, бірақ қолы ашық мырза екен. Ал кіші қызы «Қыс» басқа қыздарына қарағанда салқын, қаталдау.

Қыздары бой жетіп, саналы да салмақты қыз болып өсіпті. Осы қыздарын домалақ ана өздерінің құтты орындарына қондырыпты.

Үлкен қызы арыстай үш ұл туып, үшеуі де ел қорғаған батыр болыпты.

Екінші қызы үш қыз туып үшеуі де адамзатқа жан жылуын сыйлай білетін мейірімді қыздар атаныпты.

Үшінші қызы жаздай жайдарлы үш қызды дүниеге әкеліпті.

Төртінші қызы берекесі мен ырысы мол, қолдары ашық, келген қонақты қадір тұтатын, қонақжай үш қыз өсіріпті.

Осы төрт қыздан өрбіген ұрпақтары елге, халыққа пайдасын тигізіп, ел аузында аттары аңызға айналыпты. Олар жылдың төрт мезгілі мен он екі айы екен.

Сауысқан мен көкек (ертегі)

Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «ұя керек», «ұя керек», - деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне:

- Екеуіміз бірігіп бірік ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз, - дейді.

Көкек:

- Менің ұя салатын қуатым да, құралым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер, - деп келіспейді.

Сауысқан көкектің көмегін күтпей-ақ, ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен таспалап, берік етіп өрді. Оны шыммен, өсімдік тамырларымен мықтап байланыстырды. Іші – тысын саз балшықтармен сылады. Кішкентай бұтақтардан құрастырып, қақпалы есік жасады. Ұяның астына мамықтан төсек төседі. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай – қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол кейінгі

жылдарда «керек» дегендегі «р» - ды айта алмай, «керек» деудің орнына «көлек, көлек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін өзімдікі деген ұясы да жоқ екен.

Ат пен есек (халық ертегісі)

Бір кісі бір ат, бір есекке жүк артып, жолмен қалаға келе жатты. Есек жүгін ауырлап шаршап, атқа: «Жолдасым, менен біраз жүк алшы, мен көтере алмай, өлуге келемін», - деді. Ат жәрдем етпеді.

Жолшыбай есектің халі бітіп, жығылып өлді. Сонан соң иесі есектің барлық жүгін және терісін сыпырып алып, атқа артты. Сонда ат айтты: «Күнә менде, егер есектен біраз жүк алсам, бұл оқиға болмас еді. Енді, міне, сорлап, есектің барлық жүгін де, терісін де әкеле жатырмын».

Түлкі мен қоян (ертегі)

Бір күні болдырып келе жатқан Түлкі жортып жүрген Қоянды көрді. Өтірік ауырған болып ағаш жанына сұлай кетеді де, қасына шақырады.

- Қоянжан-ау, Қоянжан, неге сонша жортасың? Менен неге қорқасың? Бала жастан бірге өскен, тоғайдың дәмін бір жеген көрші емес пе едік. Мен ауырып жатырмын. Жақынырақ келсеңші, қоштасайық, - депті.

Сонда Қоян:

- Екі құлағым сөзінде тұр, екі көзім өзіңде тұр. Сіз етті жақсы көреді дейді жұрт. Сол рас па? – депті.

- Рас болғанда қандай? Тіпті, ет жемесем басым ауырады.

- Міне, осыңыз жаман ғой.

- Иә, соған өзім де қынжылып жатырмын. Кеше бір тауық жеп едім, оған жаным ашып, жылап та жібердім. Өйткені ол да тірі жүргісі келеді ғой. О, шіркін тіршілік! – депті.

Қоян:

- Сіз оны өлтірмей тұрып, ойланып көрдіңіз бе? – депті.

Сонда Түлкі:

- Мен дәл сол жерде ойлануды ұмытып кетіппін. Жаныма батып, ауырып жатқаным да соның өкініші, - дейді.

- Ұмытшақ болған жаман ғой. Мен де содан қорқамын, сондықтан да жортамын, - деп Қоян тұра жөнеліпті.

Арыстан күшігін асыраған мысық. (ертегі)

Бір мысық қаңғырып жүріп, анасы өліп қалған арыстанның күшігіне кез болады. Мысық күшікті бауырына басып, емізіп, асырайды. Арыстан

өсіп, азулы жыртқыш аң болып, өз азығын өзі табатын халге жетеді. Бір күні ашыққан арыстан өзін асыраған мысықты жемекші болады. Мысық оның бұл ойын сезіп, өрмелеп, ағашқа шығып кетеді. Сонда арыстан тұрып:

- О, менің ақ сүтін емізген асыраушым. Маған сен туған анамдай ыстықсың. Бүкіл қылықтарды үйреткенде, ағашқа өрмелеуді неге үйретпегенсің?-дейді.

Қысылғанда керек болар дегенім еді, - депті сонда мысық.

Не дәмді?

(ертегі)

Бір бас қосқанда құстар мен хайуаннаттар нендей тамақтың дәмді екенін талқылапты. Сонда тауық:

-Ең дәмді тамақ - тары, -депті қыт-қыттап.

-Тапқан екенсің, дәмді тамақты! Кеміріп жейтін сүйекке не жетсін!- дейді ит абалап.

-Бәрің де білмейсің. Күтірлетіп жейтін сәбізден артық ештеңе жоқ,- дейді қоян, екі құлағын тікірейтіп.

-Жас шыбықтың қабығынан дәмді не болушы еді!-деп ешкі маңырапты.

-Шіркін қою сүтті айтсаңдаршы!- деп мысық тамсанады.

Сөйтіп әрқайсысы өзі сүйетін тағамды мақтап, қызыл кеңірдек болысып, бәтуаға келе алмай, тарасыпты.

Жеті лақ

(орыс ертегісі)

Ертеде бір Ешкі жеті лағымен орманда тіршілік етіпті. Бірде Ешкі орманға жиналыпты.

- Есікті ешкімге ашпандар! Мен қайтып оралғанда есікті қағып: «Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашыңдар! Аналарың сендерге сүт әкелді! – деп ән саламын», - дейді.

Осы кезде Ешкі үйінің маңында Қасқыр жемтік іздеп жортып жүрген. Ол лақтарды алдамақ болды. Қасқыр Ешкінің кеткенін күтіп, лақтардың ешкімнің қарауынсыз қалған сәтін аңдыды.

Қасқыр ісмер адамға келіп, жіңішке дауыспен ән салу үшін тамағын қағып беруін сұрады. Ісмер таң-тамаша болды, бірақ тамағын қағып, оның дауысын жіңішкертті.

Қасқыр Ешкі үйіне жақындап келіп, есігін қақты. Сонан соң жіңішке, нәзік дауысымен:

- Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашыңдар! Аналарың сендерге сүт әкелді! – деп әндетті.

Лақтар есікті ашты. Жауыз Қасқырға керегі сол еді. Ол үйге баса көктей, кимелей кірді де, лақтарды бірінен соң бірін қылғытып алды.

Тек бір лақ қана тығылып үлгерген еді. Сұрқия Қасқыр жетінші лақты ұзақ іздеді, бірақ таба алмады. Ешкінің келетін уақыты болып қалған болатын. Сондықтан ол зыта жөнелді.

Ешкі үйіне келсе, есік айқара ашық жатыр. Үй ішінде ешкім көрінбейді. Пеш ішінен бір лағын тауып алды. Ешкі басына түскен қайғыдан көз жасын көл қылып, зарлы үнімен зарлап жылады:

- Лақтарым. шұнақтарым, көлге біткен құрақтарым ! Есікті ашып, Қасқырға жем болдыңдар!

Ешкі Қасқырға келіп: «Сен бе менің лақтарымды жеп қойған?» – деп сұрады. Қасқыр оған: «Сенің лақтарыңды жеген жоқпын,» - деп жауап қатты.

«Жемегеніңді дәлелде. Кел, екеуіміз мына ордан секірейік. Егер сен менің лақтарымды жемесен, онда оңай секіріп кетесің!» – деді Ешкі.

Қампиған қарнымен ордан секіру Қасқырға қиын түсетіні белгілі ғой. Амал қанша?! Секірді, бірақ өзін-өзі ұстай алмай, тура ыстық шоқтарды бар орға құлады.

Қарны жарылып, одан құлан таза лақтар орғып-орғып шықты. Олар аналарымен шұрқырасып табысты. Сөйтіп, Ешкі лақтарымен бұрынғыдай ауызбірліктері күшті, ынтымақты өмір сүріпті.

Мақта қыз бен мысық

(ертегі)

Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады да, мысықты шақырады. Мысық келмейді. Қыз: «Келмесең келме» деп мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп:

– Неге шақырдың? – деп сұрайды.

Мақта қыз айтпайды. Сонан соң мысық:

– Ендеше қатығыңды төгем! – дейді.

Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады.

Мысық:

– Апа, апа, құйрығымды берші, – дейді.

Мақта қыз:

– Менің қатығымды төле! – дейді.

Мысық сиырға барады.

– Сиыр, маған қатық берші, – дейді.

Сиыр:

– Менің қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеліп берші! – дейді.

Мысық ағашқа барып:

– Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші! – дейді.

Ағаш:

– Мен шөлдеп тұрмын. Су әкелсең, жапырақ беремін, – дейді.

Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді.

– Қыздар, қыздар, маған су беріңіздерші! – дейді.

Қыздар оған:

– Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, – дейді.

Мысық дүкенге барады.

– Әй, дүкенші, маған сағыз берші! – дейді.

Дүкенші:

– Маған жұмыртқа бер! – дейді.

Мысық тауыққа барады.

– Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші! – дейді.

Тауықтар:

– Бізге дән әкеліп берсең, біз саған жұмыртқа береміз, – дейді.

Мысық: «Енді не қыламын?» – деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды бас салады.

– Жаныңның барында айт. Үйіңде не бар? – дейді.

Тышқан қорыққанынан:

– Үйімде бір табақ тарым бар, – дейді.

Мысық:

– Маған бір уыс тары бер, – дейді.

Тышқан үйіне барып, бір уыс тары әкеліп береді, мысық тарыны апарып тауыққа береді, тауық жұмыртқа береді, жұмыртқаны апарып дүкеншіге береді; дүкенші сағыз береді, сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді, суды апарып ағашқа береді, ағаш жапырақ береді, жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді, қатықты апарып Мақта қызға береді, Мақта қыз мысықтың құйрығын қайтарып береді.

Бауырсақ

(орыс халқының ертегісі)

Бір шал мен кемпір болыпты. Бірде шал жалынып:

- Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші, - дейді.

- Неден пісірейін? Үн жоқ қой.

- Әй, кемпірім-ай! Қойманың түбін қырнап көрсеңші, бауырсақтық үн табылып қалар.

Кемпірі қойма түбін қырып-қырып екі уыс үн табады да, қаймаққа шылап, қамыр илеп, майға бауырсақ пісіреді. Оны терезенің алдына суытып қояды.

Бауырсақ суып тұрып тұрып, бір кезде домалай жөнеледі. Домалап келіп терезе алдындағы орындыққа, орындықтан еденге, еденнен дәлізге, дәлізден аулаға, ауладан сыртқа, одан әрі домалай береді, домалай береді.

Бір кезде оған Қоян жолығып:

- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! – дейді.

- Қоян, сен мені жеме. Мен саған өлең айтып беремін, онан да соны тыңда.

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс үн жинаған.
Балқаймаққа шылаған,
Пісіріп маймен сылаған,

Суытып та сынаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым.
Қоян сенен құтылу
Қиын емес бұл маған!

Бауырсақ алға қарай домалай жөнеледі, қоян аңырап қала береді.

Бауырсақ орман ішіндегі соқпақпен зымырап бара жатса, қарсы алдынан қасқыр шыға келеді:

- Бауырсақ! Мен сені жеп қоям!
- Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

Бауырсақ әндете жөнеледі:

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған.
Балқаймаққа шылаған,
Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқыр, сенен құтылу,
Қиын емес бұл маған!

деп, Бауырсақ домалай жөнеледі. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады.

Ол:

- Әй, Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! – дейді.
- Жоқ, сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін, - деп жауап береді Бауырсақ.

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған.
Балқаймаққа шылаған,
Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқырдан да құтылдым,
Маймақ, сенен құтылу
Қиын емес бұл маған!

Бауырсақ домалай жөнеледі, аю оның ізіне үңіліп қала береді.

Бауырсақ зымырап бара жатса, қарсы алдынан түлкі шыға келеді:

- Амансың ба, Бауырсақ! Көргендерге ұнайды, жүзің қызыл шырайлы!

Бауырсақ мақтағанға мәз болып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса құмарта тыңдаған боп, қыбырын білдірмей, бауырымен сырғып, оған жақындай береді.

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған.
Балқаймаққа шылаған,
Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқырдан да құтылдым,
Аюдан да сытылдым,
Түлкі сенен құтылу
Қиын емес бұл маған!

Әдемі өлең екен! – дейді түлкі. – Айналайын-ай, қартайған шағым ғой, құлағымның мүкісі бар. Кәне, менің мына тұмсығыма шық та, өлеңінді тағы бір шырқап жіберші.

Бауырсақ өлеңін мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына қарғып шығады да:

- Әжей қойма қырнаған... – деп өлеңдете бастағанда түлкі бауырсақты «ап» деп бір-ақ асапты.

Шалқан

(орыс халық ертегісі)

Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп-үлкен боп өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды.

Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды.

Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды.

Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары жұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды.

Мысық болса, тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір

шалдан, шал шалқаннан ұстайды. Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады.

Түлкі мен ешкі (ертегі)

Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шығайын десе, шыға алмайды. Сол кезде бір ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға келеді. Түлкіні көріп:

-Әй, түлкі батыр, неге апанда отырсың?- деп сұрайды.

Түлкі:

-Ой, неғыласың, жаныма рахат тауып тұрмын. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім. Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен,- деп жауап береді.

Мұны естіп ешкі:

-Мен де салқын су ішейін,- деп апанға түседі. Түлкі секіріп ешкінің үстіне мінеді. Онан соң мүйізіне шығады. Мүйізінен секіріп қырға шығып, жөніне кетіпті.

«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» - деген осыдан қалыпты.

Түлкі мен қоян (ертегі)

Ұзын құлақ сұр қоян қашып келіп, бұта түбінде бұғып жатады. Бір қу түлкі оның ізіне түсіп, жортып келе жатқан.Түлкі ақырын аңдып келеді де, қоянды тарпа бас салып:

- Аһа-а, қолға түстің бе, бәлем! – деді.

Сол кезде қоян көкке қарап:

- О-о, Түке! Құрыдық! Енді екеуміз де өлетін болдық, –деп жылап жібереді.

- Ей, не айтып тұрсың? – деді түлкі.

- Ойбай- ау! Ана бұлттың арасында екі бүркіт келе жатыр ғой бізге.

«Бүркіт» десе өлердей қорқатын түлкі:

- Не дейді мынау!?- деп шошып кетті.

- Бүркіт келе жатыр дедім ғой, бүркіт!- деді қоян онан сайын еңіреп.

Түлкі қайтерін білмей, қатты сасып:

- Әй, енді не істейміз!?! – деді қоянға.

- Сіз мына тұрған орманға қашыңыз. Мен оларды осында айналдыра тұрайын.

Түлкі қоянды тастай салып, орманға қарай безіп жөнелді.

Қоян қуана секіріп:

- Уһ, бір ажалдан қалдым-ау!-деді.

Т. Жексенбай

Күшік пен қасқыр (ертегі)

Қарны ашқан күшік тауда қаңғып жүрсе, қасқыр жүгіріп келіп:

-Ей, күшік, мен сені жеймін! – депті.

-Қой, көкешім, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, - депті күшік. Қасқыр:

-Жарайды, жарайды! Менің соңымнан қалмай ере бер, - депті.

Екеуі келе жатып, бір топ сиырды көріпті. Қасқыр өзінің жолдасына қарап:

-Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай екен? – депті.

-Сенің көзің шоқтай қызарып жайнаған, екі құлағың жылмиған, аузың арандай ашылған, құйрығың артқы екі аяғыңның арасына қыстырылып, жас шыбықтай болып майысқан, - депті күшік.

-Мен не қылар екем, соны қара,- депті де қасқыр шапшып барып, бір бұзаудың тамағына жабысып, тұншықтырып өлтіріпті.

-Мен тойдым, сенің етіңді енді жемеймін. Қош бол! – депті де, қасқыр кетіп қалыпты.

Күшік бұзаудың жемтігінің қасында қалып, үш күндей тегін етке тойып жатыпты. Ақырында, іші пысқан соң, қаңғып жортуға шыққан екен, бір аш мысыққа кез болып, оған:

-Ей, мен сені жеймін! – депті.

-Қой, күшеке, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, - депті мысық.

-Жарайды! Менімен бірге еріп жүр, - депті күшік.

Біраздан соң бұлар бір топ түйеге келіпті.

Күшік:

-Мысық! Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай екен? – депті.

-Несін айтасың! Сенің көзің бозарып тұр, құлақтарың салпиып тұр, аузың аңқайып тұр, тілің салақтап, құйрығың салбырап тұр, - депті мысық. Сонда бұған күшік:

-Енді мен не қылар екем, көр!- депті.

Күшік жүгіріп барып, бір түйенің аяғын тістейін дегенде, түйе мұны дәлдеп тұрып, басқа теуіп қалыпты, күшік сол арада сеспей қатыпты. Сонда мысық айтыпты:

-Ей, мақтаншақ! Сен әліңе қарамай, қиын іске қолыңды созасың! Сенің етіңді енді мен жеймін! – депті.

Күшік пен мысық (ертегі)

Ауылдағы көршілес екі үйдің бірінің қара күшігі, бірінің ала мысығы болды. Бір күні қара күшік көршінің бағына кіріп, сонда жүрген ала

мысықты тұра қуды. Мысық қашып барып алма ағашқа шығып кетті. Күшік ағаш түбіне келіп:

-Әу-әу-әу,әу-әу-әу! – деп, мысыққа қарап шабаланып тұрып алды.

Мысық та оған құйрығын қыбырлатып, белін күжірейтіп, тұмсығын тыржита айбат шекті.

Сол сәтте жұдырықтай бір қызыл алма сабағынан үзіліп, күшіктің басына келіп топ ете түсті!

Күшік қаңқ ете қалды да, «мысық ұрды екен» деп қаша жөнелді. Ол енді өз ауласына барып, тағы да мысық жаққа қарап шәуілдеп тұрған.

Сол кезде мысық ағаштан жерге қарғып түсіп еді, ол «және ұрады екен» деп ойлап, күшік жүгіріп барып үйшігіне кіріп кетті.

Содан бастап қара күшік ала мысықты қумайтын болды.

Т.Жексенбай

Түлкі мен қасқыр

(ертегі)

Бұрынғы уақытта бір қасқыр мен түлкі жолдас болыпты. Бір жерге келгенде, қасқыр түлкіге айтыпты:

-Менің басым ауырып барады, тамырымды ұстап білші.

Сонда түлкі тамырын ұстап тұрып:

-Басың өте қатты ауырып тұр екен, олай-бұлай жүгіріп, құйрығыңды көк мұзға қойғын, - депті.

Сонда қасқыр олай-бұлай жүгіріп келіп, құйрығын көк мұзға қоя қойғанда, құйрығы мұзға жабысып, өзі сол жерге қатып қалыпты.

Гүлдер таласы

(ертегі)

Бағзы ерте заманда өсімдіктер патшалығында Қызғалдақ, Раушан гүлі, Бақытгүлі өмір сүріп жатады. Күндердің бір күнінде үшеуінің арасында «Қайсымыз жаз мезгілінде гүлдеуге лайықпыз?» - деген талас туады. Сонда шыдамсыздау Қызғалдақ бәрінен бұрын:

- Мен гүлдеймін жазда, - дейді.

Осы кезде тікенектері тікірейіп, жан-жағына тәкәппарлана қараған Раушан гүлі:

- Жоқ, жазда мен гүлдеуім керек! Менің өте жақсы жұпар иісім бар, - дейді.

Сабыр сақтап тұрған, шыдамды Бақытгүлі ең соңында баяу үнмен:

- Менің де жаз мезгілінде гүлдегім келеді, - деп өтінеді.

Бәрін сырттай бақылып тұрған, көп жыл жасаған Шырша былай дейді:

- Табиғаттың әр мезгілі өзінше ерекше сондықтан сендер былай істендер! – деп ақылын айтады.

- Қызғалдақ, сен суыққа төзімдісің. Сол себепті көктем мезгілінде гүлдеуің керек.

- Ал сен Раушан гүлі, жаздың аптап ыстығына төзе білесің. Саған шыдамдылық танытып, қапырық күн астында жаздай гүлдеуіңе тура келеді.

- Бақытгүлі, саған сабырлы қалпыңнан айнымай, күз басталғаннан қар түскенге дейін гүлдеген жарасады. Өзге гүлдің бәрі қурап, жер бетінен жоғалғанда сен ғана өз сұлулығыңмен жұрттың көзін тамсандырып, мейірім нұрын шашып тұратын боласың! – дейді.

- Ал мен сендермен таласпай-ақ, жыл он екі ай жасыл қалпымда тұра берейін, - деп Шырша өзіне келгенде табиғат сыйын көбірек алады.

- Содан бері көктем шыға даланы Қызғалдпқ басып, бірақ сәл өкпесі бар болғандықтан аз уақыт гүлдеп жоғалып кететін көрінеді.

- Ал, Раушан гүлі күн нұрына малынып, ала жаздай ұзақ гүлдеп тұратын болыпты. Бақытгүлі болса гүлдеу мезгілін көп күтіп, күздің алғашқы күнінен қар жауғанға дейін гүлдеп, басқа гүлдерді жоқтатпай тұрады екен.

- Өзінің тапқырлығына риза болған Шырша, көктемде Қызғалдақтың әдемілігіне сүйсініп, жаз бойы Раушанның хош иісінен қуат алып, күздей әр түсті Бақытгүлінің көркіне қызығып, қысы-жазы жасыл түсті болып ғұмыр кешеді екен.

Г. Құлжабаева

Әтеш пен бұлбұл

Ерте, ерте, ертеде әтеш пен бұлбұл араларынан қыл өтпейтін тату дос болыпты. Ол кезде екеуінің дене тұрқы да ұқсас екен. Күндердің күнінде тау қойнауындағы ұяларының қасынан өтіп бара жатқан аспан перизаты әтеш пен бұлбұлдың:

- Біз әнші болсақ қандай жақсы болар еді? – деп армандап отырғандарын естіп қалыпты. Ол мұны естігеннен кейін олардың қасына келіп әнші болуды қаласа, үйрететіндігін айтыпты. Әтеш пен бұлбұл қуана келісіпті.

Сонымен олар әнші перизаттан өнер үйрене бастапты. Бұлбұл орнынан таң сәріде тұрып, өнерге жаттығумен айналысады екен де, әтеш ұйқышылдау болып, кеш тұрады екен. Оның үстіне ол өзінің қызыл айдарын мақтан көріп, өзін бұлбұлдан артық санап жүріпті. Екеуіне бір жыл өнер үйреткен әнші перизат оларға:

- Сендер көп өнер үйрендіңдер, ендігі мәселе, сол өнерлеріңді өздерің дамытуларың керек, үзбей жаттықсаңдар, өрелі өнерге ие боласыңдар, мен енді бір жылдан кейін келіп, екеуіңнен сынақ аламын, - депті де көзден ғайып болыпты.

Әтеш пен бұлбұл ақылдасып, екеуі екі тауда тұрып, жағы талғанша сайрайтын болыпты, тіпті бұлбұлдың үнін ормандағы аңдар мен құстар да қызыға тыңдайды екен, ал әтеш болса өзінің даусының зорлығына сеніп, күні бойы ұясына кіріп ұйықтаумен болыпты. Ол үнемі ұйықтағандықтан,

бұғағы салақтап, семіре бастапты әрі құйрығы да ұяда үнемі жатқандықтан, қайырыла-қайырыла қайқая дөңгеленіпті. Сөйтіп, ол бір жылдың өткенін де сезбей қалыпты. Уағдалы уақытта бұлбұл мен әтешті әнші перизат іздеп келіпті. Ұйықтап жатқан жерінен оятып алса да, әтешті әзер таныпты. Әтеш болса ерекше семіргендіктен, әуелгідей ұзаққа ұша алмайтын болыпты.

Әнші перизат бұлбұл мен әтешті қатар тұрғызып, жеке-жеке сынақ алыпты. Бұлбұл құйқылжыта сайрағанда, әтеш шаңына да ілесе алмай қалыпты. Бұлбұлдың соншама өнер үйренгеніне қайран қалумен бірге өзінің күні бойы ұйқымен болғанын ойлап, қатты ұялыпты. Ол іштей ұйқысын азайтуға ант етіпті, әрі содан бастап әр күні ертемен тұрып, өзінің зор дауысы арқылы басқаларды оятып, ізгілікті іс істеу байламына келіпті. Сөйтіп өз кінәсін мойнына алуды ойлапты.

Сол күннен бастап әтеш ұша алмайтын болып қалыпты да, оның есесіне таңнан тұрып шақыратын болыпты. Ал бұлбұл өзінің өнерін қанағат тұтпай, күні бүгінге дейін жаттығады екен.

Ж. Жәкен

Қу түлкі

Жолбарыс бір түлкіні ұстап алады. Түлкі құйрығын бұлаңдатып, тұмсығын жоғары көтеріп:

- Мені жей алмайсың! Мен осы орманға қожалық етуге келгенмін,— дейді.

Жолбарыс түлкіге олай бір, былай бір қарап, сенбей:

- Мүмкін емес,— дейді.

- Сенбесең, менімен бірге орманға жүр. Ондағы барлық аңдардың менен қалай қорқатынын өз көзіңмен көр, — дейді түлкі.

Жолбарыс бұған келіседі. Түлкі жолбарыстың алдына түсіп, паңдана жүріп отырады. Жолбарысты көріп аңдар мен құстар зәресі ұшып, тым-тырағай қашады, ұялары мен індеріне тығылады, аспанға ұшады. Ал қу түлкі басын онан сайын көтере түсіп:

- Ал, енді көзің жеткен шығар! Менен қорықпайтын жан бар ма тірі?— деп мақтанады.

- Я, сен шынында да айбарлы екенсің,— деп алданған жолбарыс жайына кетеді.

Мақал-мәтелдер

Отан – оттан да ыстық.

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

Отан отбасынан басталады.

Туған жердің жуасы да тәтті.

Туған жердің торғайы да сүйкімді.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Ата –бәйтерек,
Бала – жапырақ.

Ананың сүті – бал,
Баланың тілі – бал.

Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала.

Әдептілік белгісі –іліп сәлем бергені.

Бала –көңілдің гүлі, көздің нұры.

Әкені көріп ұл өсер,
Ананы көріп қыз өсер.

Бірлікбар жерде – тірлік бар.

Тіл ұстарту

ла-ла-ла Арман жақсы бала,
ыз-ыз-ыз Анар сүйкімді қыз.

ра-ра-ра Айжан шашыңды тара.
 Жан-жағыңа қара.

са-са-са Ызылдайды маса,
 Ағаш болар таса.

қа-қа-қа Бақылдайды бақа.

на-на-на Ең бақытты ана,
 Атам біздің дана.

та-та-та Ата, берші бата.

ыс-ыс-ыс Бүгін бізде жарыс.

өс-өс-өс	Ұстанның құралы төс. Жігіт болып өс.
да-да-да	Малдар қорада.
ша-ша-ша	Ойын сауық тамаша. Суық ай ғой – қараша.
ал-ал-ал	Атам екті тал.
ұр-ұр-ұр	Қоянның түсі сұр. Сөзге мойын бұр.
ұс-ұс-ұс	Аққу парасатты құс.
ар-ар-ар	Қыста қалың қар.
ас-ас-ас	Дәмді түскі ас.
ақ-ақ-ақ	Сылдырайды бұлақ.
ат-ат-ат	Ағаңа жаз хат Туысқа болма жат.
ап-ап-ап	Өз орныңды тап.
аш-аш-аш	Ұстап алар қаш.
үр-үр-үр	Аман-есен жүр.
йе-йе-йе	Сөзде болсын жүйе.
ие-ие-ие	Құлындады бие.
аң-аң-аң	Жайқалып тұр маң.
ыр-ыр-ыр	Жаттап жүрмін жыр.
ыл-ыл-ыл	Қағылды дабыл.
үй-үй-үй	Күмбірлейді күй.
шы-шы-шы	Әкем менің – аңшы.

ші-ші-ші	Ағам менің – әнші Әпкем менің – биші Көкем менің – күйші.
жа-жа-жа	Менің атым Қожа Тауып алдым олжа.
еш-еш-еш	Жауабын өзің шеш.
ын-ын-ын	Сөзің болсын шын.
ың-ың-ың	Қандай биік шың.
ыс-ыс-ыс	Болсын мол ырыс.
ер-ер-ер	Жемістерді тер. Аға соңынан ер.
уа-уа-уа	Қандай таза ауа!
ау-ау-ау	Болсын денің сау!
өр-өр-өр	Орның болсын төр!
ма-ма-ма	Жалқау жігіт болма.
лау-лау-лау	Желбіреді жалау. Лапылдайды алау.
у-у-у	Желбіреді ту. Таза болсын су.
ді-ді-ді	Сөзің болсын мәнді. Киімің болсын сәнді.
қа-қа-қа	Менде үлкен сақа.
за-за-за	Болсын қолың таза.
ла-ла-ла	Қандай әсем қала! Қандай кең дала!
аз-аз-аз	Қаңқылдайды қаз.

Келіп қалды жаз.

ай-ай-ай Көңілің болсын жай!

Көктем

Көктем қырға төрледі,
Төрт-түлік мал төлдеді.
Бейшешек құлпырып,
Деп тұрғандай: көр мені.

К. Ыбрайұлы

Көктем

Үстін жасыл түк басып,
Көктем келді нық басып.
Тоғандарға тығылып,
Кетті лезде қыс қашып.

Ө.Ақыпбеков

Көктем

Көктем келді бүгін,
Күнім төкті нұрын.
Сайрап барлық құстар,
Ән салуға құштар.

Түрлі-түсті әйбат,
Гүлдер шықты жайнап.
Қызыл-жасыл аймақ,
Қырға шықтық ойнап.

Б.Жақып

Наурыз

Қарды ерітіп жылғасы,
Наурыз келді – жыл басы.
Шуақ төкті жарық күн,
Мейрамында халықтың.

Бата беріп атамыз,
Бата беріп апамыз,
Тәтті болып жасалған,
Наурыз дәмін татамыз.

Б.Жақып

Жаңбыр

Бұлттар неге ауады,
Жаңбыр қашан жауады?
Шөлдеді ғой торғайлар,
Шаң басты ғой ауаны.

Ұ.Есдәулетов

Наурыз тойы

Наурыз тойы – елдің тойы,
Көктем тойы – төлдің тойы.
Ән айтылды күні бойы,
Жақсы көрем Наурыз тойын.

Т.Молдағалиев

Құстар келді

Қар су болып жөнелді,
Қалды дала жалаңаш.
Күн нұрына кенелді,
Бүршік атып бар ағаш.

Келіп көктем құстары
Бау-бақшада ән салды.
Оларды жас достары
Ұя жасап қарсы алды.

Б.Қозыбеков

Биікке, биікке

Көктемде, көктемде
Күн нұрын төккенде.
Қар еріп ақты су,
Жоғары тартты бу.

Көк шыбық бұлтырғы
Көгерді – құлпырды.
Құлпырды, құлпырды,
Жоғары ұмтылды!

М.Әлімбаев

Көктем

Көктем келді шуақты,
Балаларды қуантты.
Алақай-ау, алақай!
Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл
атты.
Дала гүлге толыпты,
Аққу көлге қоныпты.
Алақай-ау, алақай!
Көктем қандай,
Көктем қандай көрікті.

К. Ыбырайұлы

Көктем

Көктем қырға төрледі,
Төрт түлік мал төлдеді.
Бәйшешектер құлпырып,
Деп тұрғандай: «Көр мені!»
Жылы мезгіл жетіпті,
Тастадық біз етікті.
Қар көктемге жеткізбей,
Тауға шығып кетіпті!

К. Ыбырайұлы

Жібек жел

Жасыл көктем кеп еді,
Жұпар желі өбеді.
Көкте бұлты көбейіп,
Мөлдір жаңбыр себеді.

Ә. Дүйсеков

Жаңылтпаштар

Әке,
Әліппенің әріптерін, суреттерін,
Әр беттерін келіп көрші.
Маған да осындай әліппе алып берші?

Қарындасым,
Бояу қарындашың барын Қасым айтып еді,
Бере тұршы, тәңір жарылқасын?!

Тақпақ айт,
Тақпақ айтсаң, түгел жаттап, мәнін сақтап,
Сөзін нақтап, баптап айт?!

Оразақын Асқар

Жаңылтпаштар

Асан бақша жақтан.
Ақ сабақ асқабақ әкелді,
Басқа жақтан,
Басқарақ асқабақ әкелді.

Ала-ала алашалар,
Тамаша олар,
Оған кім таласа алар.

Сұр інген сүрінген бе,
Сүрінген сұр інген бе.

Біреуі көрікті кісі,
Біреуі бөрікті кісі.
Көрікті кісі – зорықты,
Бөрікті кісі – қорықты.

Қондық жаңа қонысқа,
Қалың екен жоңышқа.
Қоныстағы жоңышқа,
Оралады қонышқа!

Баланың жаман баға алмағаны,
Мұғалім ағаның жаман болмағаны.

Қоғанбай қомағай ма?
Жоқ, ағай
Қоғанбай қомағай емес,
Зор ағай.

Доп теп,
Дөп теп.

Кермеде тұр қырық
Кір қыстырғыш,
Қырық кір қыстырғышқа
Қырық қыз келіп,
Кір қыстырды.

Омар ора алар,
Омар ора алмаса,
Орал ора алар.

Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда ақ арқар бар.
Алты арқарда марқа арқар бар.

Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?

Зура зурнада ойнайды,

Бұлаң бұлаң еткен бұл аң,
Бұлаң десем екен қылаң.

Тақпақ жаттап,
Айтсақ жақсы-ақ.
Жатқа тақпақ,
Жатта тақ-тақ.

Ата мен әже, ана да,
Алма мен алмұрт тереді,
Ауырға Арман бала да,
Арбамен тасып береді.

Сен өлше, ол өлшер,
Сол өлшем, сол мөлшер.

Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар талар.
Алашаларды
Таба алса, алар.

Жағажайды жағалай,
Жүгіреді Қамажай.

Есім есі кетіп есінеп отыр екен.
Ол несіне.
Есі кетіп есінеп отыр екен.

Үміт түбіт түтті,
Түбітті түтіп бітті.

Әбдіреде әбігер әтеш отыр.
Әбігер әтеш отырған
Әбдірені әжем ашып жатыр.

Гүлім гүлге қарап күлімдеді,
Көгілдір гүлге қонған аралар
гүілдеді.

Ескекті ескекші еседі,

Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме, Ескекші ескекті еседі.
Зара да, Зере де зурнада ойнайды.

Пай-пай-пай,
Жайылып жүр тай.
Ай-ай-ай,
Ұшып кетті торғай.

Хан баласы ханзада
Болды ғашық ханшаға.
Алып ханнан хабар,
Ханшайымды табар.

Қаһарлы айдаһар
Шаһарға келіп,
Қаһарланар.

Асқа байланысты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

Асату. Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалған етті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.

Ауыз тию. Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.

Бүйрек. Соғым сойған үй туыстарының балаларына бүйрек қосып, сыбаға жібереді. Бұл сыйластықтың, баланы тәрбиелеудің, елеп-ескерудің бір жолы.

Жолаяқ. Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-түз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.

Ерулік. Ауылға басқа жақтан отбасы көшіп келіп, іргелес қоныстанатын болса, ауылдағылар жаңа көршіні ерулікке шақырып, қонақасы береді.

Қонақасы. Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.

Сарқыт. Қонаққа шақырылғанда үлкен әжелер келіні мен немерелеріне ет, кәмпит алады. Оны балаларына бөліп береді.

Наурыз көже. Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнен тұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.

С. Кенжеахметұлы

Балаларға арналған ұлттық ойындар

Айгөлек

Айгөлек – халқымыздың ұлттық ойындарының бірі. Ойын шарты бойынша ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Олардың сандары да, жас шамалары да бірдей болулары керек. Екі топтың екеуінің де ойынды бастаушысы болады. Аралары 10-15 метрдей жерде қол ұстасып, қатарласа тұрған осы екі топ біріне-бірі сөз тастап, күш көрсетіп, өнер жарыстыра бастайды. Екі жақтың ойын бастаушылары орталарынан бір қыз бен бір баланы шығарып, олардың қолына бір ақ тас, бір қара тас береді. Олар екі тасты ешкімге көрсетпей, уысына қысып тұрады да:

- Сен қай қолдағы тасты қалайсың? - деп сұрайды. Бастаушылардың біреуі мен: «Оң қолдағы тасты қалаймын», - дейді, екіншісі сол жақ қолдағы тасты алады. Қайсысында ақ тас болса, сол ойын бастайды.

Бірінші топ:

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Күші мығым, қуатты,
Екпіні желдей өршіген
Шепті бұзар ер керек.

Екінші топ:

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек,
Күші мығым, қуатты,
Екпіні желдей өршіген
Саған қандай ер керек? - дейді.

Алдыңғы топ:

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек,
Күші мығым, қуатты,
Екпіні желдей өршіген
Бізге ... (Ерсін) ер керек,
- деп бір ойнаушының атын атайды.

Ол тобынан шығып, бір-екі адым ілгері басып:

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Сайысқанда саспайтын,
Самала күнге бастайтын,
... деген ер шыққан,
Топ бұзуға мен шыққам,

- деп сол жүгірген бойы қарсы топты жарып өтпек болады. Ол екпінді, күшті болса, топты жары өтіп, өзі қалаған бір қызды, не бір ер баланы жетектеп өз тобына алып келеді. Егер ол топты жарып алмаса, сол топта өзі қалып қояды. Ендігі шақыруды екінші топ бастайды. Сөйтіп, ойын жалғаса береді. Ойында дәрежелілік көрсетуге, жұптасқан жұдырықты жүгіріп келе жатқан ойыншыға қарсы қоюға болмайды. Жүгірген ойнаушы да ойын ережесін сақтауға тиіс.

Асық ойыны

Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), т.б.

Алшы ойыны

Бұл ойында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді. «Алшы ойыны» сақаның салмақты да алшы тұруына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет.

«Алшы ойынын» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол аруды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

Тәйке (таба) – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.

Бүк (бүге) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

Шік (wige) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

Үш табан

Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

Омпы

Асық ойынының бір түрін «Омпы» деп атайды. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпыға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.

Асықты тігіп ойнау

Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді тандап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.

Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.

Алтыатар ойыны

Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (судан шығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.

Атбақыл

Асықпен ойналатын ойындардың бірі — «Атбақыл» немесе «Көтеріспек» деп аталады. Ойынға екі-екі баладан қатысады, қалғандары көрушілер болады. Ойынға қатынасушылар кез келген жерді тандап алады да, өздері тұрған жерлеріне белгі соғады. Сол белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын (не топайын, сиыр асығын, «топай» деп атайды) алыстата иіріп тастайды. Екінші ойыншы қолындағы асығымен оны атады. Егер де ол тигізсе, бірінші ойыншы оны сақасы барып түскен жерге дейін арқалап барады. Енді екінші ойыншы сақасы түскен жерде тұрып, асығын алыстата иіріп тастайды. Бірінші ойыншы оны атады. Тигізсе, сақасы жатқан жерге дейін екінші ойыншы арқалап апарады. Егер асыққа тимей кетсе, келесі ойыншы атады. Ойын осылайша жалғаса береді де, ойыншылардың өзара келісімі бойынша тоқталады.

Ханталапай

Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық тандап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды,

хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан.

Хан алшы

«Хан алшы» — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.

Егер ойын бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында, «Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

Ақсерек - көксерек

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ.

Ойынды бастайды

Ақсерек-ау, ақ серек,

Бізден сізге кім керек.

2-ші топ.

Ақсерек-ау, ақ серек,

Сізден бізге ... (бала аты) керек.

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Соқыр теке

Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.

Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,

Қайда кеткен құлыншақ.

Соқыр теке бақ-бақ,

Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады.

Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.

Тақия тастамақ

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады.

Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.

Күш сынаспақ

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқстырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2 білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

Арқан тарту

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.

Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.

Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Сақина жасыру

Ойынды бастаушы және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізелерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала

алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде» - деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе, сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе, ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

- Ортаңғы саусағымды тапшы, - дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, - деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін, саусақтардың атын түгел атап береді: бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзін алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр, қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды.

Осыдан соң:

Мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп, ең соңында мына жерде күлкі бар – деп қытықтайды.

Аударыспақ

«Аударыспақ» — өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-

бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.

Теңге ілу

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Көтермек

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.

Қыз қуу

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды ағаш атқа мініп қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Ал қуып жете алмаған жағдайда өлең айтып немесе би билеп өнерін көрсетеді.

Түйілген орамал

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік

ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

Әуе таяқ

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10-ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ таяқша) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.

Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы ойыншы да таяғын лақтырады, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

Қара құлақ

Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі.

Таяп келіп мынау кім? – деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ой бұл қара құлақ қой! - деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қара құлақ, қара құлақ! - деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қара құлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

Санамақ

Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жүлде алады. Егер қателесе ойыннан шығады. Мысалы: жаңылмай 10 ақынның немесе 10 өзеннің атын атауы керек.

Ақшамшық (сақина салу)

Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір баланы немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болады, «Тұр сақинам, тұр», - деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам

орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», - деп. Оны көршісі ұстай алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.

Ақсүйек

Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуға тырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді.

Сиқырлы таяқ

Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.

Арқан тартыс

Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан кем болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он-он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп, ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады.

Тымпи

Тымпи – ойынға қатынасушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Бір баланы ойынды жүргізуге белгілейді. Ол: «Ал, ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» - деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Алайда бастаушы ғана сөйлеуге ерікті. Ол адам күлерлік қимыл-қозғалыспен әзіл-қалжың сөздерді айтып, қалай да біреуді күлдірудің амалын іздейді. Қалжың жыр да айтады. Ешқайсы шамданбайды. Өйткені ойынға қатынасушылардың аты қалжың өлеңге қосылмауы керек. Әзілі де, сықағы да өтпесе, бет-аузын тыржындатып, әр түрлі құбылтады. Қолайсыз қимылдармен құбылыстар жасап қозғалады. Жаңылыстыру үшін неше алуан сұрақтар қояды. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Өлең айтады, ән салады не би билейді. Сондықтан ойынды жүргізуші тілмәр, әзілкеш, күлдіргі бала болуы керек.

Көрші ойыны

Көрші ойынын үлкен бөлмеде немесе таза ауада көгалды жерде өткізуге болады. Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек. Яғни екі топтың балаларын қосып ойнатуға да болады. Ойыншылар дөңгеленіп, екі-екіден шеңбер құрып отырады. Тағы бір бала ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір жұбына келіп, «Көршіңмен татусың ба?» - деп сұрайды.

Егер сұрақ қойған жұптың біреуі «Көршіммен аразбын» десе, онда сұрақ қоюшы бала оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады. Орнынан тұрған адам ортаға шығып басқа бір жұптан «Көршіңмен татусың ба?» деп сұрап, ойынды соза береді.

Ал егер ойыншы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған баланы жібергісі келмесе, онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды. Ол ән салады, би билейді, болмаса әңгіме, ертегі, жаңылтпаш айтып береді. Осылай ол көршісін алып қалады. Егер ойыншы бұл тапсырманы орындай алмаса, өз орнын сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға кірісіп ойынды қайтадан бастайды. Сөйтіп, ойын жалғаса береді.

Жаңылма

Бір топ бала көгалды алаңға жиналып, қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кез-келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты іс-әрекеттерді жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын

қайталай алмай қалған бала айыпты болып, өлең айтады, билейді, әңгіме айтып күлдіреді.

Ойын балаларды шығармашылыққа, ынтымақтастыққа, аңғарымпаздыққа үйретеді.

Білектесу

Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтактарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі.

Шалма

«Шалма» ойынына екі бала қатысады да, қалғандары көріп, тыңдап отырады. Ойын үйде, аулада өте береді. Ойыншылар біріне-бірі қарсы қарап отырады да, дайын болған шалманы бірінің қолынан бірі алады. Алғашында екі ұшын біріктіріп түйеді де, екі қолға, яғни төрт саусаққа кигізеді, ортаңғы саусақпен кезекпен іліп алады, сонда «ыңыршаң» шығады.

Екінші жағдайда, келесі ойнаушы басбармақ және сұқ қолымен ыңыршақтың екі жақ керегесінің үстінен астына қарай алып, «кереге» шығарады. Үшінші жағдайда керегені үстінен астына қарай алып, «шаңырақ» шығарады. Төртінші жағдайда шаңырақты екі шынашақпен айқастыра іліп алып, «астауша» шығарады. Бесіншіде «кереге» қайталанады, алтыншыда «шынтак» шығады. Енді әрі қарай жалғастырып ойнай берсе - «астау», «кереге», «шынтак», «астау», «кереге», «шынтак» болып қайталана береді.

Ойлы ойыншылар бұл бейнелердің жана көріністерін өзінше өрнектеп кеңейте беруге тырысады.

Бұл жас өспірімдердің тұрмыстағы үй жабдықтарын қалай пайдаланатындықтарын көз алдына елестетіп, соларды өзі жасағандай әсерлендіре түседі. Балалардың қиялын қозғап, шығармашылық ізденіске, ой-жүйелерін дамытуға үлкен көмек береді.

Сақ құлақ

Сақ құлақ — ұлттық ойын. Бұл ойынның әрбір қимылы сөйлеп жүріп орындалады. «Сақ құлақ» ойынын қазір көбінесе «Телефон» деп атап жүр. Біз оның ескі атауымен аталуын жөн көрдік. Қатысушылардың арасынан бір бала ойын жүргізуші болады. Ойнаушылар қаз-қатар түрегеліп тұрады

немесе қатарласа отырады. Бірақ бір ойыншы мен екінші ойыншының арасы бір метрдей алшақ болуға тиіс. Ойынды бастаушы (I-ойнаушы) естілер-естілмес дауыспен бір-екі сөзді бірақ рет айтып қалады. Сол сөзді қағып алған екінші ойнаушы үшіншіге, үшінші төртіншіге, төртінші одан әрі тез-тез айтып, онан әрі жеткізе береді. Олардың бәрі сөздерді бір рет қана айтып, тым-тырыс отырады.

Айтылатын сөйлем екі не үш сөзден құралған шағын болуы керек. Оның бір мүшесі өз құрамындағы дауысты немесе сөз басындағы ұяң дыбыстардың естілу жөнінен екі ұшты, яғни басқа бір дыбысқа ұқсас сөз болуы қажет. Мысалы, тарғақ көрдім - жарғақ көрдім, борсық көрдім, т.б.

Ең соңғы ойнаушы ойын бастаушыға сыбырлап өзіне жеткен сөзді айтады. Егер сөз дұрыс жеткен болса, ойын тағы да үш рет басқа сөздермен қайталанады. Егер сөз бұзылып жеткен болса, бастаушы соңғы ойнаушыдан бастап I-ойыншыға қарай сыбырмен ғана тыңдап, сөзді бұзушы кім екендігін анықтайды. Сөз бұзған ойнаушы ең аяққа барып тұрады да, екі-үш ауыз жаңылтпашты қайталап дұрыс айта алмаса, ұпай тартады. Ұпай келісім бойынша не өлең айту, жұмбақ шешу немесе бір өнер көрсету (мысалы, сурет салу, үлгі қию, есеп шығару т. б.) арқылы орындалады.

Ойын жас өспірім балалардың зердесін дамытып, өнерге деген құштарлығын арттырады.

Кім жылдам?

Ежелгі ойындардың бірі - *Кім жылдам?* Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

Үш орындық ойыны

Үш орындық ойының кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатысушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырындар деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа

отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады. Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң ойын қайта басталады да, артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады. Әр топтың жеңімпаздарына мақтау сөздер айтылып, сыйлықтар беріледі.

Жүйріктер жеңеді

«Жүйріктер жеңеді» — ұлттық ойын. Ойынға қатысушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады.

Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады. Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатысушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды.

Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді. Ойын балаларды белгілі бір мақсатта ұжымдық әрекет жасауға, шапшаңдыққа үйретеді.

Шүлдік ойыны

Жазық алаңда ойналатын жас өспірімдер ойынының бірі - «Шүлдік» ойыны. Ойынға екі басы үшкірленген ұзындығы бір қарыс шүлдік (ағаш) керек. «Шүлдікті» ойнау үшін үлкен шеңбер сызылады, ортасына шүлдік қойылатын шұңқыр қазылады, шүлдік шұңқырдың ішіне емес, үстінде жатуы керек. Әр ойыншының қолында ұзындығы бір метрдей таяғы болуы керек. Ойынға қатынасушылардың санына шек қойылмайды. Ойнаушылардың санына қарай екі топқа бөлінеді.

Бірінші болып кезек алған топтың ойыншысы «шүлдікті» қолындағы таяғымен жерден көтеріп алып, жерге түсірмей соғады да, таяғын шеңбердің үстіне тастайды. Ал екінші болып кезек алған ойыншы шүлдікті түскен жерінен алып, қайтадан соққан ойыншының таяғын көздеп, шеңберге қарай лақтырады. Лақтырған кезде таяққа тигізсе, я болмаса, шеңбердің ішіне түсірсе, онда соғушы ойыншы ойыннан шығып қалады. Шүлдікті бірінші болып жерден көтеріп, жерге түсірмей соққан кезде ойыншы тигізе алмаса, ол да ойыннан шығып қалады. Ал лақтырған ойыншы не таяққа тигізе алмай не болмаса дөңгелек сызықтың ішіне түсіре алмаса, онда бірінші ойыншы енді «шүлдікті» шекіп соғады, әр соққанда үш реттен соғады. Сөйтіп, «шүлдік» қай жерге барып түссе, сол жерден дөңгелек сызыққа дейінгі қашықтықты таяғымен өлшеп шығады да, екінші ойыншыға ұпай мөлшерін белгілейді. Бірінші ойыншы әлгі

себептермен ойыннан шығып қалса, онда екінші ойыншы соғушы болады, ол шығып қалса, үшінші ойыншы соғушы болады. Ойын осылайша барлық ойыншы ойнап болғанша, жалғаса береді.

Ойынның шарты бойынша шекіген кезде «шүлдікке» тимей, таяғы жер қауып қалса, ұпайы күйіп кетеді. Шүлдікті екінші рет шекіген ойыншы, оны қолымен ұстап қойса, онда да оның ұпайы күйіп кетеді. Сондықтан «шүлдікті» тек үшінші рет шекігеннен кейін ғана ұстауға болады.

«Шүлдік» ойыны ойнаушылардың қолдарының бұлшық етін жетілдіріп, жылдамдыққа үйретеді, «Шүлдікті» сызықтың үстіне түсіруге ұмтылу арқылы көз мөлшері, дәлділік пен мергендік қабілеттері жетіледі.

Жапалақтар мен қарлығаштар

Жапалақтар мен қарлығаштар - ұлттық ойын. Ойын кең, жазық алаңда өтеді. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады. Бір қатардағыларды жапалақтар, екіншісін қарлығаштар деп атайды. Орталарынан біреуін ойын жүргізуші етіп сайлап алады. Ол ойыншылардың арасынан жүріп отырып, сөзін үзіп-үзіп, созып сөйлейді: қар (үзіліс) - лы - ғаш немесе жа..., ал сөз аяғын айтпайды. Сонда аты аталған топ бытырап қаша жөнеледі де, аты толық аталмаған топ оларды қуады. Ұсталған ойыншы ұстаған топтың ойыншыларының қатарына қосылады.

Ойын тәртібі: қашушылар мен ұстаушылар алдын ала келісілген белгі бойынша ұсталғанын мойындайды. Ол үшін қашушы ойыншы қолын тигізсе болды. Қай топтың жеңгенін ойын соңында қайсысының саны көп болса, соған қарай шешеді.

БІЗ ЕҢБЕКҚОР БАЛАМЫЗ

1. Аялайық гүлдерді
2. Ас атасы — нан
3. Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі
4. Еңбек бәрін жеңбек

Қызғалдақ

Қырқалардың төрінен
Қаулап көзге ұрады.
Қызғалдақтар өңірді
Қып-қызыл ғып тұрады.

Лалагүл

Лаулап оттай шілде айында лалагүл,
Лала гүлмен құлпырады дала бір.
Ләззат алмау мүмкін емес көркінен,
Лалагүл де өзгеше әсем, дара гүл.

Мыңжапырақ

Мыңжапырақ атанып
Маңайға гүл өседі.
Мұқияттап санасак,
Мыңнан да асып кетеді...

Нәркес

Наурыз біте құлпырады қырларда
Нәзіктіктің жаршысындай нәркесгүл.
Нақ сұлулық сипатына сын бар ма?
Нәркесгүлден нәр аласың көрсең бір.

А. Исабек

Аялайық гүлдерді

Табиғат, таң қаламын тамашаңа,
Өзіңсің жасыл қорған барша адамға
Саянда ләззат алып дамаламын,
Қамқор болып жүрем саған әрқашанда

Ұ.Жақсыгелді

Гүлдер

Гүлдер толып кетіпті,
Қырқаларға, қырларға.
Қарай бергім келеді,
Жанарымда нұр барда.

Үлбіреген нәп-нәзік,
Гүлдің жанын түсіндім.
Иіскеуге иіліп,
Тиіспеуге кішірдім.

Жайнаңдаршы гүлдерім,
Үндемейтін үндерім.
Ырғалыңдар желменен,
Қандай әсем күлгенің!

Қ.Әбілдақызы

Гүл

Балбырап шыққан жазғы гүл,
Көз тартқандай болады.
Кім біледі, сол түрде
Ер жетеді, толады;

С. Торайғыров

Гүл

Үйде тұрып өсетін
Әкеп гүлдің көшетін.
Топырақты салдым да,
Отырғыздым қалбырға.
Жел ысқырып, күз келді,
Жапырақтар түсте енді.
Жаурамасын біліп гүл,
Тысқа қарап күліп тұр.

С.Қалиев

Еңбек дәмі

Еңбек еттім бүгін мен,
Терлеп-тепшіп маңдайым.
Ал тәттіні тілім мен
Татты бірақ таңдайым.

Нан

Ерте тұрып таңнан,
Пісірді апам ақ нан.
Кетер емес әлі,
Таңдайымнан дәмі.

Т. Еділбаев

Әжем мені мақтайды

Құрметтейтін бұл кісім
Кейімесін деп келем.
Жуынғанда сүлгісін,
Ұсынамын еппенен.

Мейірім бар көзінде,
Естімедім сөгісін.
Сыртқа шығар кезінде,
Қойып берем кебісін.

Қасынан бір қалмадым,
Әңгімелер айтамын.
Дүкен барса, алғанын
Көтерісіп қайтамын.

Сырымды әжем біледі,
Қолымды да қақпайды,
Көршілерге үнемі,
- Көмекшім? – деп мақтайды.

О. Байбақұлы

Ұя

Ұя жасап тақтайдан,
Талға апарып байладым.
Жыл құсының шаттанған,
Күттім қашан сайрауын.

Сол ұяны талғады,
Қараторғай мекендеп.
Күні бойы сайрады,
Жайлы пәтер екен деп.

Қ. Баянбаев

Мен тәртіпті баламын

Мен кішкентай баламын,
Айтқан тілді аламын
Апам нанға кеткенде,
Үйде ойнап қаламын.
Шкафтарды ашпаймын,
Кітаптарды шашпаймын,
Кубиктерден үй жасап
Қызық ойын бастаймын.

Ө. Тұрманжанов

Қалсын апам қуанып

Апамызды сыйлайық,
Үйдің ішін жинайық,
Бұрынғыдай егесіп
Ерегесіп тұрмайық.

Қалмау үшін керісіп,
Кел, алайық келісіп.
Атқарайық үйдегі
Жұмысты тең бөлісіп.

Кел, самаурын қайнатып,
Дастарханды жайнатып.
Отырайық бөлмеде
Бөпемізді ойнатып.

Гүлдерді де суарып,
Еденді де жуайық,
Келген кезде жұмыстан
Қалсын апам қуанып.

С. Әлімқұлов

Еңбек

Гүл өсірсең терлеп,
Мұның аты-еңбек.
Кесте тіксең зерлеп,
Мұның аты-еңбек.
Қырға шықсаң өрлеп,
Мұның аты-еңбек.
Қиындықтың бәрін,
Еңбек бәрін жеңбек.

Н. Жанаев

Бозторғай әні

Тау мен дала, қырқаны
Күн аймалап тұр тағы.
Көкте қалқып бозторғай,
Құбылтып ән шырқады.

Мың құбылды қырдағы
Әннің әсем ырғағы –
Күміс қанат бозторғай
Күнді мақтап жырлады.

Әнші аспанда қалқып тұр,
Әуеледі шалқып жыр.
Жусанды кең даланың
Жұпар иісі аңқып тұр.

Бәйшешек

Еріді де соңғы қар,
Өзен тасып, су ақты.
Ойпаңдағы омбы қар
Қыс белгісі сияқты.

Көктем лебі тұр есіп,
Жапты жаңа гүл қырды:
Қар астынан дүр өсіп,
Бәйшешектер құлпырды.

Тұңғыш гүлін көктемнің
Аялап тұр көктен күн.

Ә. Табылды

Бөгелек

Ішер судың тазасын,
Сүйер оты ебелек.
Жылқылардың мазасын
Қашырады бөгелек.

Гүл мен Ара

Түсінбейсің жанымды,
Жаралайсың тәнімді.
Тастап ұшып кетесің,
Сорып алып нәрімді, -
Деді Араға Гүл бірде.
Жоқ бойымда мін мүлде.
Үлесім бар балында,
Алғысыңды айт, білдің бе?»
Айтты Ара: «Әй, тамыр,
Сыңайыңды байқадым.
Сені баптап өсірген
Жазға алғыс айтамын!»

К. Ыбырайұлы

Көбелек

Қанатын көп қақпайды,
Қалбаң-қалбаң ұшады.
Құлағына жақпайды
Құйқылжыған құс әні.

Жаңбыр жауса себелеп,
Жасырынып қалатын.
Түрлі жеппен көбелек
Кестелепті қанатын.

Сона

Ұнар жердің сортаңы,
Жатады аунап ол оған.
Ал түйлер қорқады
Ұзын тұмсық сонадан.

Бір үзім нан (ертегі)

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен.

Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған-алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс

түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күн қарны ашқан бай кедейге:

- Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, - дейді.

- Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, - деп жауап береді кедей.

Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.

- Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы.

- Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні орай айтылғаны екен.

Н.Ерназар

Жыланның басы мен құйрығы

Жыланның басы мен құйрығы таласыпты:

- Алда жүру қайсымызға тиіс, - деп. Басы айтты:

- Сен қалай алда жүресің, көзің жоқ көруге, құлағың жоқ естуге?

Саған ерсек, біз не оңамыз? Құйрығы айтыпты:

- Көзім жоқ, құлағым жоқ болғанмен, күш менде ғой. Ағашқа оралып жатып алсам, сен қайда барасың? Орныңнан да жылжи алмассың.

- Мықты болсаң да мен саған ере алмаймын, - деп бас айтыпты.

- Мен де саған ермеймін, - деп құйрық айтыпты. Екеуі айырылып, бет-бетімен кетіпті. Құйрық көпке бармай-ақ бір жарыққа түсіп, шыға алмай сонда қалып, сасып-шіріп жоғалыпты.

Ахмет Байтұрсынов

Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

- Көремін, өрмек тоқып жүр.

- Анау құмырсқаны көремісің?

- Көремін, ауызында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?

- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесек тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

- Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет. Өрмекші маса, шыбынға ұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге.

Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жыйып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек,- деді.

Ы.Алтынсарин

Құмырсқаның илеуін бұзба!

Айра-жайра қылып, құмырсқаның илеуін бұзып тастаса, оның балалары, кішкентай құмырсқалар, күнге күйіп, жаңбырдың суына ағып бәрі бірдей мерт болып қалмай ма?! Ал, құмырсқалар кішкентай болғанына қарамастан ұйымшыл келеді және ұйымдасып, жабыла жұмыс істейтін еңбекқор жәндік. Олар шыбын-шіркейдің өліктерін, басқа да зиянды заттарды жеп, қоршаған ортаны тазартып, табиғатқа көп пайда келтіреді. Сондай-ақ орманда жүріп адасып кеткен болсаңыз, құмырсқаның илеуіне қарап, бағыт-бағдарды анықтап алуға болатын көрінеді. Өйткені құмырсқалар өз илеуін тек солтүстікке қаратып салады екен. Сондықтан олардың илеуін бұзбаған, баспаған дұрыс. Қайта оларды қорғау сауап болады.

Спандияр Ақаев

Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді.

Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген.

Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді.

Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлттарып қаша берді, қаша берді.

Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді.

Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді.

Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті.

Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды.

Содан мысы құрыған екі торгай енді оған жуый алмай, жай-жайына кетісті.

Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып, тағы да шырын сора бастады.

Т. Жексенбай

Алғашқы көмек

(әңгіме)

- Үйде ата-аналарыңа көмектесетін болыңдар, - деді тәрбиеші апай балаларға. Тәрбиешінің бұл сөзін кішкентай Ұлтай есіне мықтап сақтап қалады. Ол балалар бақшасынан үйге келсе, әкесі жұмыстан оралған екен.

- Әке, шай қайнатып берейін бе? - деді Ұлтай.

- Жоқ, шырағым! Әлі кішкентайсың ғой, - деді әкесі.

Ол сары самауырынды алып, далаға шықты. Ұлтай үндемей үйде қала берді. Бір уақытта ол суланған шүберекті алды. Шай ішетін үстелдің үстін сұртті. Кеселерді тазалай бастады. Әкесі үйге кіріп келіп, қызының ісін көрді.

- Көп жаса, қызым! Азамат болып қалыпсың ғой өзің, - деп сүйсіне күлімсіреді.

Ж. Бұғыбаев

Шие тергенде

Әмина әже немерелері Жанат пен Қанатты ертіп, шие теруге орманға келді. Көп ұзамай-ақ бітік шиеге кезікті. Жанат терген шиесін қолындағы ыдысқа жинай берді. Қанат шиені тойғанша теріп жеп, сонан соң өз бетімен ойнап кетті.

Таза ауада әрі жақсы демалып, әрі шиеге тойып, балалар үйлеріне көңілді оралды.

Жанат жинаған шиесін атасына беріп жатып:

- Ата, мына шиені әдейі сіз жесін деп орманнан теріп әкелдім, - деді.

Көп жаса, Жанатжан! - деді атасы бір шиені аузына салып. Өскенде сен мені асырайды екенсің.

- Өзің де же, Жанат, - деді ол бір кезде.

- Ата, біз шиені орманда тойғанша жедік.

- «Ас иесімен тәтті» дейді. Сен көмектеспесең, жалғыз өзім тауыса алатын емеспін.

Жанат шиені алып, бір-бірлеп аузына салды.

Қанатжан, сен неге отырмайсың? - деді атасы босаға жақта тұрып қалған Қанатты көріп, - Жанаттың шиесінен же. Қатты ұялған Қанат көзі жасаурап, үйден шығып кетеді.

Мәдіхат Төрежанов

Құмырсқа мен көгершін

Бір күні құмырсқа шөлдеп, су ішуге өзенге түсті. Оны толқын соғып, суға кетіп қала жаздады. Сол мезгілде аузында тістеген бұтағы бар бір көгершін суға кетіп бара жатқан құмырсқаны көріп, бұтағын оның үстіне тастай берді. Құмырсқа бұтаққа жармасып, толқынмен судың шетіне шығып, ажалдан құтылды.

Тағы бір күні манағы көгершін өзеннің жағасына қонып, бір аңшының құс аулауға құрып қойған ауының астындағы бидайды теріп жей бастады. Аңшы ауды басып қалып, көгершінді ұстап алуға даярланып тұрғанын құмырсқа көріп, өрмелеп келіп оның аяғын шағып алды. Аңшы ауды қоя бергенде, көгершін көтеріліп ұшып кетті.

Жақсылыққа – жақсылық деген осы!

Спандияр Көбеев

Кішкентай бағбан

Садықтың әкесі бағбаншы. Ол әкесіне үнемі көмектеседі. Күн жылынып, қар еріп, жер кебісімен олар құмырсқалар сияқты бақта еңбектенеді.

Бір күні олардың қасына Халел жүгіріп келіп:

- Садық, жүр ойнайық, - деді.

- Менің жұмысым көп, - деп жауап берді Садық.

- Осыны да жұмыс деп ойлайсың ба? Әкең бәрін жасай салады. Ойнаған өте көңілді емес пе?

Халел ойыншықтарының бірінен соң бірін шығара бастады. Садық қатты ойнағысы келсе де, өзін жігерлендіріп, жұмысын әрі қарай жалғастыра берді.

Күз келді. Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді.

Садық жеміс-жидектерді өзі де жеп, досына да ауыз тигізді. Халел жеміс-жидектерді тойып жеп алып:

- Қазір мен барлығын да жеп тауысамын, ештеңе қалмайды, - деді.

- Қалады. Әкем: «Жер-ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбек еткендерді өз жомарттығымен сыйлайды деген», - деді Садық.

М.Төрежанов

Үш жалқау

(ертегі)

Ертеде бірінен бірі өткен ағайынды үш жалқау болыпты. Бар бітіретіндері бас көтермей ұйықтай беру екен.

Бірде үшеуі жолға шығыпты. Тоғай арасына келгенде, мәуелі ағаш көлеңкесіне қисая кетіпті. Бірінші жалқау:

– Е... құдай, мына өріктер піссе, - депті.

Екіншісі:

–Ауызға келіп түссе, - депті.

Сонда үшіншісі оларды міней сөйлеп:

–Түу, соны айтуға қалай ерінбейсіңдер, - депті.

Құмырсқа (ертегі)

Бір құмырсқа өз илеуінде тобынан бөлініп, сол маңдағы ара, қоңыз секілді жәндіктермен дос болыпты.

Жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, дәнді орнынан қозғалта алмапты. Сонан соң көмек сұрау үшін әлгі қанатты достарын іздейді.

Бір уақытта гүлден-гүлге қонып, шырын жинап жүрген араға жолығады

– Досым, бір дән тауып алып едім, жалғыз өзім көтере алмағаным. Маған көмектесіп жіберші, – деп өтінеді.

– Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, – деп, ара көнбей қойыпты. Солайы солай ғой, мейлі деп, құмырсқа әрі жүріп кетіпті. Ол енді қоңызды тауып алады.

Ол мән-жайды айтып, көмек сұрапты.

– Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын, – деп, қоңыз ызындап ұшып кете барады.

Достарынан күдер үзген құмырсқа мұнайып қайтып келе жатады. Жолда өзінің илеулестерімен ұшырасып қалады. Олар мұның түрін көріп:

– Не істеп жүрсің? – деп, жөнін сұрайды.

Жалғыз құмырсқа өзінің басынан кешкенін айтып береді:

– Жалғыздық деген сол, – деп, илеулестері жұбатады да құмырсқаның дәнін көтерісіп, әрі алып кетеді. Құмырсқа үйіріне қайта қосылады.

«Жаңа достың қадірі ескі досқа жетпейді» деген екен сонда бір кәрі құмырсқа.

Қоңыр үйрек

Жаздың тамылжыған күндерінің бірі болатын. Көкем екеуіміз шөп шабуға бардық. Шабындықтың шөбі қалың екен. Көкем атты доғарып, шалғы шыңдауға кірісті. Мен атты тұсамақ болып, белуардан келетін көк шөптің арасымен келе жатқам. Дәл алдымнан пыр етіп үйрек ұша жөнелді. Мен шошып кеттім. Жетелеп келе жатқан атым да елең етіп, құлағын қайшылап тұра қалды.

– Көке! Көке! Ұяда үйректің жұмыртқалары жатыр, – дедім дауыстап.

– Құстардың жұмыртқа басатын кезі, балам. Ұясына жолама! Безіп кетеді,– деп айғай салды көкем.

Мен үйректі аяп кеттім. Тамақ әкеп бергім келді. Оны көкеме айта алмадым. Ертеңінде қос уыстай бидайды қағазға орап ала келдім. Үйректің ұясына жақындай бергенімде, қоңыр үйрек тағы да пыр етіп ұша жөнелді.

– Ұяның қасына барма дегенім қайда? – деп әкем айғайлап шақырып алды.

– Енді бармаймын. Үйрекке жем әкеп едім, – деп шынымды айттым. Көкем үндеген жоқ.

Арада біраз күн өтті. Дайындаған шөбімізді тасуға кірістік. Үйректің ұясын көргім келді. Барып қарасам, ұя бос жатыр. Жұмыртқаның шашылған қабығынан басқа ештеңе жоқ. Балапандарын шығарып әкеткен ғой деп ойладым. Өзенге барып, атымды суарып жатқанымда үйректің барқ еткен дауысы шықты. Жалт қарасам, балдырлы қара қоғаның арасында құйтақандай балапандарын ертіп, қоңыр үйрек жүзіп жүр екен.

– Көке! Көке! Қоңыр үйректі қара, балапандарын шығарыпты. Тез келші! Көрші! – деп айғай салдым. Көкем қасыма келіп, басымнан сипап тұрып:

– Анада сен жұмыртқасын алсаң ғой, мына балапандар дүниеге келмеген болар еді. Көрдің бе, жан-жануар, құрт-құмырсқа, жәндік атаулының бәрі тіршілік үшін күреседі. Сен оларға жәрдемші пана бола біл, балам, – деді үйрек жаққа қарап. Қоңыр үйрек үрпек бас балапандарын ертіп, өзеннің бетін қақ жарып, арғы жағалауға жүзіп бара жатты. Анда-санда біз жаққа мойнын бұрып, қарап қояды.

А. Хамзеұлы

Жалқау қыз (башқұрт ертегісі)

Баяғыда әжесі мен оның немере қызы болыпты. Әжесінің қартайғаны сонша, ештеңе істей де алмапты. Ал немере қызы тіпті жалқау екен. Кемпір жылдан жылға қартайып, қажы беріпті. Көктемнен аман-есен шыққан соң ол: «Тамақ керек, жұрттың бәрі, әне, егін егіп жатыр, біздің де бірдеңе сепкеніміз жөн», – деп ойлайды. Ол осы ойын немересіне айтады.

– Қажеті жоқ, әже, сен мүлдем қартайдың, күзде мүмкін о дүниелік боларсың, одан соң мені өз отбасына алатын бір мейірімді адамдар табылар. Бізге нанның не керегі бар? – дейді немересі.

Осылайша олар ештеңе де екпейді.

Күз келіп, жұрт алқаптағы егінін жинап алады. Кемпір өлмейді, немере қызды да бағып-қағуға алатын ешкім болмайды. Олар ашыға бастайды.

Бірде көршісі келіп қалады да, әжесі мен немере қыздың жейтін ештеңесі жоқ екенін көріп:

– Келіп ең құрығанда кішкене болса да, тары алып кеткендеріңде ғой! – дейді. Көрші кетіп қалған соң әжесі немересіне:

– Барып тары алып келсеңші! – дейді. Ал немересі оған:

– Алудың қажеті бар ма? Мүмкін оның тарысы жақсы емес шығар... – деп жауап қатады.

Қыс бойы кемпір мен немересі қатты ашығып, аштан өліп қала жаздайды. Көктем шығысымен немере қыз егістікке жұмысқа шығады.

– Жұмыс істеп қайтесің? – деп күледі көршілері. – Әжең сенің қартайды, төрінен көрі жуық. Ал сені тәрбиелейтін біреу табылар. Нан сендерге неге керек?

– Жоқ, болмайды, мен енді түсіндім. «Қыстың қамын жаз ойла», – деп қариялар бекер айтпаған екен, – дейді немересі.

Орыс тілінен аударған Байбота Қошым-Ноғай.

ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН!

1. Достық – біздің тірегіміз (халықтар достығы)
2. Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)
3. Көңілді жаз
4. Мен жасай аламын

Бір шаңырақ астында

Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
Ортақ болып ісіміз,
Еңбек десе тынбаймыз.
Үлкен сыйлап кішіміз,
Аға ақылын тыңдаймыз.
Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз,
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз!

Н.Айтөв

Қайсар рухты баламын

Алатау, Алтай арасы –
Қазақтың кең даласы.
Мен боламын сол елдің
Қайсар рухты баласы.
Өсіп, өніп, ержетіп,
Ақылымды өрлетіп.
Елімнің атын шығарам
Мықты елдермен тең етіп.

Д.Сүлейменов

Достық

Ортақ мекен жер шары,
Төбемізде бір аспан.
Барлық ұлттық баласы
Достығымыз жарасқан.
Ортақ бізге бір Отан,
Ортақ жердің байлығы
Еңбек ортақ, жыр ортақ,
Ортақ бізге барлығы.

Е.Елубаев

Біз енді үлкенбіз!

Осы біз де-
Өзіміз де дардаймыз!
Бұзақының
Біз ақылын алмаймыз.
Көргендіге
Ерген бірге-достармыз.
Жақындықты,
Татулықты қостаймыз!

М. Әлімбаев

Ынтымақ күні

Сұлу мамыр

Жалауымда – Нұрлы Күн,
Нұрын шашып тұр бүгін!...
Паш етеді ол:
Халқымның – Ынтымақ, бірлігін!...

Құқығы – әр ұлттың тең,
Ада күңкіл-шүңкілден:
Жүз түрлі ұлт пен ұлыстар
Ұғысады бір тілмен...

Ортақ – дәстүр, ғұрып бай.
Ынтымағын суытпай:
Шаңырақты көтерген,
Жүз түрлі ұлт – Жүз уықтай!..

Шыңға тартсаң салып жол,
Қиналмайды талып бел:
Жүз иыққа сүйенген,
Қазақстан – Алып Ел!

Ө. Ақыпбеков

Батальон

Қанатты шептер құратын,
Ұрымтал тұстан ұратын,
Бөлімше бұл, бірнеше
Ротадан тұратын.

Взвод

Взвод бұл – әскери өмірше
Жинақы, шап-шағын бөлімше.
Взвод деп санай бер сап түзген
Отыздай жауынгер көрінсе.

Дивизия

Бірнеше салалас полктан
Құралып толыққан молыққан,
Ауқымды әскери бөлімше
Жасқанбас ешқандай жорықтан.

Полк

Ұзын саны, қарасы,

Мейірің сенің артық-ақ,
Айналайын мамырым.
Тағы келдің жарқырап,
Ертіп әлем жарығын.

Жылылық мол үнінде,
Асыл досым, келдің бе?!
Сен келгенде күлімдеп,
Бөленеді жер гүлге.

Тікті-ау сірә, кең дала –
Шебер ана, арлы ана.
Киімдерің жап-жаңа,
Сүйінді елің шаруаңа.

Өшпес үміт тәтті арман,
Құстар даусы келісті.
Жапырақ жайған бақтардан,
Кетті жайнап жер үсті.

Күнде еседі самал жел,
Жер жатқан соң қош алып.
Сұлуланып әжелер,
Кетті аталар жасарып.

Т. Молдағалиев

Мәншүк әпке

Үстінде сұр шинелі,
Дулығасы болаттан.
Мәншүк әпке күн-түні,
Жауға оқты боратқан.
Қосамыз біз өлеңге,
Айтамыз біз ән қылып.
Мәншүк әпке ерлігі,
Ұмытылмас мәңгілік.

Қ. Мүсірепов

9 мамыр

Өрге бастап өрісті үміт,
Өршіл отты туды өлең.
Ардақтаймыз Жеңіс күнін
Аялаймыз жырменен.

Бүгін үйде жата алар кім,

Төрт батальон шамасы.
Өзінің дербес туы бар,
Бөлімше бұл, ұғып ал.

Рота

Мағынасын біліп ал, сұрап ал,
Білмесең зейін қой, тұра қал:
Рота – әскери бөлімше,
Бірнеше взводтан құралар.

Сарбаз

Қорғаған орман, тауын, көл...
Қатардағы ол жауынгер.
Шайқасар жаумен бетпе-бет
Ол дағы өшпес жалынды ер.

Сардар

«Ел үшін пида жаным» - дер,
Әскери басшы, тәлімгер.
Ұрысқа бастап жасағын,
Дем бере білген дауылды ер.

А. Естен

Жаз келді

Жайқалып жапырақ,
Құлпырып қызғалдақ.
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күн шуақ.

Ж.Молдағалиев

Жаз

Жаз деген көктемнің
Көрікті жалғасы.
Пісетін өрігі,
Мейізі, алмасы.

Жазды ыстық сүйемін,
Сайрандап жүремін.
Суына шомылам,
Күніне күйімін.

Тек ұзақ тұрмайды,
Күндері зырлайды.
Сөйткенше күз келіп,
Жазымды ұрлайды.

Ашпай бақыт есігін.
Жауды жеңген аталардың
Ұмытпаймыз есімін.

Адамдардың шалқып ойы,
Асқақтайды от арман.
Жеңіс тойы елдің тойы
Ердің тойы қаһарман!

Гүлге толды жердің үсті
Жайнап тау да, дала да.
Ұлы тойды – бұл Жеңісті
Ұмытпайды ел – ана!

Т. Мұратұлы

Жаз еді

Өзен жай ағады,
Жағасы балауса.
Көбелек қағады,
Қанатын жалауша.

Ә.Ахметов

Жарқын жаз

Көл жағалай көп құстар
Ұшып-қонып жатады.
Қиқуласып әр тұстан
Сызылтып үн қатады.

Дөңгеленіп төбеден,
Сәулесін күн төгеді.
Жарқын жаздың не деген,
Жасыл түсі көп еді.

А.Омарова

Жаз

Үйін тіккен жасылдан,
Үсті-басы асыл дән.
Жаз келеді жайрандап,

Қ.Ыдырысов Жарық жүзі – сайран бақ.

Ә.Табылдиев

Қызғалдақ

Жомарт мынау табиғат

Өсіргендей бізге арнап.

Қып-қызыл боп жалындап,

Қырға өседі қызғалдақ.

Р.Тышқанбаев

МАЗМҰНЫ

1. Түсіндірме жазба.....	3
2. Балабақша.....	5
2. Менің отбасым.....	12
3. Дені саудың жаны сау.....	20
4. Менің Қазақстаным.....	24
5. Табиғат әлемі.....	27
6. Бізді қоршаған әлем.....	43
7. Салт-дәстүрлер және фольклор.....	49
8. Біз еңбекқор баламыз.....	93
9. Әрқашан күн сөнбесін!.....	103

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұзафар Әлімбаев «Аспандағы әпке» 1982ж, «Ақсерек пен көксерек», «Бал дәурен, шіркін балалық»
2. Әдібай Табылды "Әдеп әліппесі"
3. Асқар Оразақын «Алтын абдыра» «Балауса» баспасы», 2007ж, 496- бет
4. Әбдірахман Асылбеков «Ай» өлеңдер жинағы 1999ж «Сын» баспасы
5. Баянғали Әлімжанов, Аңыз бен аспан: өлең жырлар. – Алматы, 2010
6. Қайрат Жұмағалиев «Жүрегімнің бөлшегі» балаларға арналған өлеңдер Астана 2004ж
7. Тұрысбек Еділбаев Айша: өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар.
8. Қадір Мырза Әлі «Күміс қоңырау» 1985ж
9. Несіпбек Айтөв «Бала-бақшаға барар жолда»
10. Әбдікәрім Ахметов Ашық аспан. Өлеңдер, ертегілер және поэмалар. А., «Жазушы», 1971
11. Әбен Дүйсеков «Жұмбақтар»
12. Серікбай Оспанов Қайнар бұлақ. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1977
13. Әли Ысқабаев Жұмбақ Алматы – 2002
14. Сұлтан Қалиев Қайсысы күшті? Өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар. А., «Раритет», 2008.
15. Ескен Елубаев Баламысың деген. Өлеңдер. А., «Жалын», 1981;
16. Нұрхан Жанаев «Сыбдырлайды жапырақ» (1980).
17. Оспанхан Әубәкіров Қағаз қалпақ. Өлеңдер, тақпақтар, сықақтар, ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтар. А., «Жалын», 1983.
18. Құрманбай Толыбаев Өлеңдер мен поэмалар. А., «Жалын», 1976.
19. Жақан Смақов "Жүз бір жұмбақ" ([1964](#), жұмбақтар)
20. Қастек Баянбаев "Құс сүті" ([1996](#))
21. Мүбәрак Жаманбалинов «Жауқазын» таңдамалы өлеңдер. – Павлодар, 2001.
22. Қабдікәрім Ыдырысов “Әрқашан күн сөнбесін” ([1965](#))
23. Мәриям Хакімжанова “Бөбегім менің — өлеңім менің” ([1959](#))
24. Дихан Әбілов Өлеңдер. А., "Жазушы", 2001
25. Ермек Өтетілеуұлы Қазақстан - Отаным Алматыкітап, 2009.
26. Сұлтан Қалиев Қайсысы күшті? Өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар. А., «Раритет», 2008.
27. Өтепберген Ақыпбеков "Қызықты әліппе", 1986
28. Махмутбай Әміреұлы «Тәуелсіздік толғаулары» Түркістан, 2009;
29. Тұманбай Молдағалиев "Шақырады жаз мені" ([1970](#));

30. Сапарғали Бегалин «Қуырмаш» Алматыкітап, 2007;
31. Әнуарбек Дүйсенбиев Не деу керек? Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1957;
32. Ақылбек Шаяхмет Әдемі. А., «Балалар әдебиеті», 2005;
33. Жәнібек Карбоз
34. Ақұштап Бақтыгереева «Ақ шағала» жыр жинағы 2001;
35. Нүсіпбек Исахметов Ұландарым. Өлеңдер. А., «Жазушы»,1974;
36. Сырбай Мәуленов "Өлеңдері", 3т. [1984](#);
37. Адырбек Сопыбеков Айналайын. Өлеңдер мен дастандар. А., «Жазушы», 1997;
38. Сағи Жиенбаев «Алтын қалам» 1969;
39. Өтебай Тұрманжанов “[Қазақтың мақал-мәтелдерін](#)” (1980) “[Асыл сөздер](#)” (1963);
40. Күләш Ахметова Арғымақтар даласы. Өлеңдер. А., «Жалын», 1987 Наурыз нұры. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1991;
41. Тұрсынғазы Рахимов. «Сәби болғым келеді» әндер жинағы. Алматы «Атамұра»,1994;
42. Ілияс Жансүгіров «Бес томдық шығармалар жинағы» 1988;
43. Нұрсұлтан Әлімқұлов "Таң самалы",ән өлеңдері (1984)
44. Есентай Ерботин «Өрнек» өлеңдер жинағы ([1975](#))
45. Рза Қунақова «[Менің достарым](#)» (1983), «[Қызыл жалау](#)» (1985)
46. Р. Тышқанбаев. «Ақша бұлт» өлеңдер - Алматы : Жалын, 1978.
47. Бауыржан Жақып “Ақ лақ” (1997)
48. Қасым Аманжолов «Балбөбек» – 1949
49. Жұбан Молдағалиев "Жеңіс жырлары" [1949](#)
50. Ұлықбек Есдәулет «Қанат қақты» (1974)
51. Ахмет Байтұрсынов «Оқу құралы» - Орынбор, 1912 ж
52. Ғабдуллин Н. Қызық дәурен: Әңгімелер мен повестер.- Алматы: Жазушы,1965.
53. Ғабдуллин, Н. Менің достарым: Әңгімелер жыйнағы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1951
54. Нәсіреддин Сералиев «Ақ лақпен қара лақ» (1961)
55. Спандияр Көбеев «Үлгілі бала» - Петропавл,1912 ж
56. Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» - Орынбор, 1879 ж
57. Мәдіхат Төрежанов «Әліппе» 1964ж.